



БІЛІКТІ ҰСТАЗ - ДАРЫНДЫ ШӘКІРТ

№1 (02) қаңтар 2026 жыл

МЕНШІК ИЕСІ

ЖК «Білім ұстаз - дарынды шәкірт»

ДИРЕКТОР

Ербол Түркмен

БАС РЕДАКТОР

Жазира Жеңісқызы

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігінің және желілік басылымды есепке қою туралы куәлік 19.08.2025 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №KZ40VPY00127349 куәлігі берілген

БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:

120014, Қызылорда қаласы,

Байсейітова көшесі 100 үй

Тел: 8 707 510 08 91,

8 778 380 53 74

E-mail: zhazi_0091@mail.ru

Журнал «Білікті ұстаз - дарынды шәкірт» редакциясында теріліп, беттеліп, «Принт» баспаханасында басылды.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді.

Мақаладағы мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты.

Қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.

Меншікті тілшілер:

Искакова Лаззат Саурбековна

Алматы, Талдықорған қаласы

• • •

Нарғали Тойгүл Жеңісқызы

Ақтөбе, Маңғыстау, Ақтау қаласы

• • •

Жадыра Әбдіханова Аманбайқызы

Түркістан, Шымкент, Тараз қаласы

• • •

Рахат Жұлдызай Мейрамалиқызы

Қызылорда қаласы

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:



Бауыржан Жұмаханұлы Омаров - Қазақстанның мемлекет қайраткері, журналист, әдебиеттанушы, Филология ғылымдарының докторы, профессор, академик



Мединамов Дамир Бай Еділұлы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитеті бұқаралық ақпарат құралдары саласына рұқсат беру басқармасының жауапты қызметкері



Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы - Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тарих ғылымдарының докторы



Жұбанышов Берік Темірханұлы - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Тарих кафедрасының бағдарлама көшбасшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



Смагулова Гульшат Амантайқызы - Қызылорда облыстық оқу орталығының (әдістемелік кабинет) «Жалпы орта білім беру» бөлімінің меңгерушісі

МАЗМҰНЫ


• Байтохаева Жадыра. Жануарлар класының өкілдерін ажырату	4
• Абзейтова Гульзат. Жасанды интеллект арқылы қазақ тілі сабағында ұлттық құндылықтарды қалай дамытуға болады?	7
• Абсатова Эльмира. Ұлттық ойындарымыз	9
• Жиенбаева Ақнұр. Жасанды интеллект негіздерін мектеп деңгейінде оқытудың әдістемесі	11
• Айбусинова Айнур. Жүйке жүйесінің маңызы	13
• Длжанова Айнагуль. Ерекше баламен – ерекше жұмыс	16
• Кенжебаева Ақбота. Қазақ мақал – мәтелдеріндегі ұлттық таным мен рухани құндылықтар ...	17
• Алыбаева Лаззат. Бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың педагогикалық негіздері	18
• Дидаров Рамазан. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі	19
• Балниязова Гаухар. Қосымша білім беру педагогінің «Дарын» саласындағы жұмыс формаларының маңызы	23
• Қаймолдаева Арайлым. Мәтінді түсініп оқу және талдау дағдыларын дамыту: бастауыш мектепке арналған интеграциялық тәсіл	24
• Биксариева Гульсара. Ағылшын тілі сабақтарында жасанды интеллект – жоғары сынып оқушыларының тілдік құзыреттіліктерін арттыру құралы	25
• Джузбаев Ганижан. Студенттермен жеке жұмыстың әдістері мен құралдары: Спорттық дайындықтағы тиімділік	27
• Длжанова Арайлым. Мектептегі ұйымдастырушы педагогтің жұмыс барысындағы шеберлік жолдары ...	29
• Икрамова Гүлнұр. Негізгі және туынды зат есім	30
• Бекайдаров Саги. Информатика пәнін оқытуда заманауи педагогикалық тәсілдерді қолданудың тиімділігі ..	32
• Құдабаева Фариза. Ағылшын тілі сабағында ойын технологияларын қолданудың маңызы	33
• Қуспанова Айгуль. Бастауыш сыныпта саралап оқытудың тиімді әдістері	34
• Бектасов Ғалымжан. Қазақтың ұлттық ойындары	36
• Айтбаева Жұлдыз. “Күнделікті өмірмен байланысты есептер” авторлық бағдарламасының маңыздылығы ...	37
• Мамбетова Дария. Тарих сабағында оқыту үшін бағалаудың тиімділігі	38
• Нурушева Орынгүл. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллект технологиясын қолдану тиімділігі	40
• Рыспекова Камшат. Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеудегі тәрбиешінің рөлі	41
• Жүсіпова Алия. Менің оқу құралдарым	42
• Смагулова Нұргүл. Инклюзивті білім беру жағдайында дефектолог маманның рөлі мен кәсіби қызметі ..	45
• Бутақбаева Гульшат. Развитие речи и мышления учащихся с особыми образовательными потребностями средствами русского языка	47
• Асанхан Дәулет. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері	49
• Жанменова Айман. Оқу және тіл дамыту сабақтарында жасанды интеллект технологияларының қолдану арқылы сөздік қорды дамыту	51
• Кабақбаева Жазира. Зияты жеңіл зақымдалған оқушыларға қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектті қолдану	52
• Қуатбай Ақнұр. Б.Өтепов өмірі мен шығармашылығы	53
• Кумекбаева Гульзат. О.Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесі	56
• Тохтахунов Шамил. Топтық ойындар арқылы балаларда достық қарым-қатынасты қалыптастыру	58
• Мирманова Жазира. Бастауыш сынып оқушыларына күрделі есептерді кезеңкезеңмен үйрету ...	60
• Бозтай Балнұр. Бастауыш сыныптарда цифрлық білім беру ресурстарды қолданудың маңыздылығы	62
• Садуова Жамила. Ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды ойындар арқылы тәрбиелеу және оқыту	63
• Ибрагимова Динара. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары	64
• Жұмаева Динар. Қазақстан тарихы пәні бойынша оқушы белсенділігімен шығармашылығын арттырудағы сын тұрғысынан ойлау әдісінің тиімділігі	66
• Каленова Анггерим. Білім беру жүйесіндегі психологиялық кеңес берудің маңызы	68
• Зарқұмова Айгерім. Бала психологиясы	69
• Жанбаева Жанар. Ұлы физиктердің эксперименттерін талдау мен түсіндіруде жасанды интеллектті қолдану	71
• Тулегенова Гулшод. Ой айқындылығы – тұлғалық кемелдіктің көрсеткіші	72
• Оспанова Жібек. Балабақша – балалықтың алғашқы мектебі	73
• Байдаулетов Нурбек. Ғылымға бастар баспалдақ: физика пәнінің маңызы	74








Жануарлар класының өкілдерін ажырату

Байтохаева Жадыра

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы Әл-Фараби атындағы
№201 мектеп-лицейдің бастауыш сынып мұғалімі


Білім беру ұйымының атауы	№201 мектеп-лицей			
Пәні:	Жаратылыстану Атамұра Кіріктірілген сабақ			
Бөлім:	Менің отбасым және достарым			
Сынып: 2г	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	Жануарлар класының өкілдерін ажырату			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.2.2.1.-жануарлар класының өкілдерін ажырату:бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер,бауырымен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер.			
Сабақтың мақсаты	Жануарлар класының өкілдерін ажыратуды біледі			
Құндылықтар: Қазан айы: «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»	Сабақ құндылығы: Мемлекеттік тілді білу Отан, ел, туған өлке туралы білу Апта дәйексөзі:«Отанды сүю – отбасынан басталады!»			
Балалар кітапханасы	Қ. Адис «Кемпірқосақ» кітабы Жануарлар мен құстар жайлы жұмбақтар			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақ тың басы 5 минут	Психологиялық ахуалды жақсарту «Осылай» әдісі -Көңіл күйлерін қалай? -Осылай -Сабаққа дайындық қалай? -Осылай	Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді.	Мақтап, мадақтап отыру	Суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	Суреттерді тандау арқылы топқа бөлінеді. 1-топ Балықтар. (Ихтиология) 2-топ Қосмекенділер. (Батрахология) 3-топ Жорғалаушылар. (Герпетология) 4-топ Құстар. (Орнитология) 5-топ Сүтқоректілер. (Мамалогия) Өткенді пысықтау Үй тапсырмасы Өсімдіктердің жануарлардан өзгешеліктері туралы айтып бер. Қалай ойлайсың, жануарлар өсімдіктерсіз тіршілік ете ала ма? Ойланып, жауап бер. Тақырыпты ашу «Суреттер сөйлейді» әдісі	Сұрақтарға жауап береді	Дескриптор: -Өсімдіктердің жануарлардан өзгешеліктері туралы айтады -Жануарлар өсімдіктерсіз тіршілік ете алмайтынын түсіндіреді	оқулық
		Суреттермен жұмыс жасайды	ҚБ: «смайликтер» әдісі	оқулық
	Мына фотосуреттердегі ортақ нәрселерді тап Ортақ нәрсе: жануарлар, жанды табиғат Жаңа сабақ тақырыбы мен мақсаты түсіндіріледі. STEM технологиясы бойынша			оқулық

<p>Сабақ тың ортасы 20 минут</p>	<p>Бейнебаян көрсетілімі Ғаламшарымыздағы барлық жануарлар екі топқа бөлінеді. Олар: жәндіктер және жануарлар Жәндіктердің дене бөліктерінің ерекшелігі түсіндіріледі.</p>  <p>Топтық жұмыс. ҒЫЛЫМ.</p> <p>Мәтінмен жұмыс 1-топ Балықтар. (Ихтиология) 2-топ Қосмекенділер. (Батрахология) 3-топ Жорғалаушылар. (Герпетология) 4-топ Құстар. (Орнитология) 5-топ Сүтқоректілер. (Мамалогия) Топтық жұмыс Инженерия және Технология 1-топ. Балықтың желбезектері қандай міндет атқарады. Балықтың құрылысын тап</p>	<p>Бейнебаянды көреді.</p>	<p>Дескриптор: -Жануарлар тобын ажырата алады. - Әр түрлі жануарлар мен жәндіктерге сипаттама жасайды</p> <p>Жарайсың!</p> <p>Тамаша жаттығу екен!</p>	<p>Суреттер Қимылдар</p>
<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	<p>Мәтінмен жұмыс 1-топ. Балықтың желбезектері қандай міндет атқарады. Балықтың құрылысын тап</p>  <p>2-топ Бақаның қалай қозғалатынын айт. Сыртқы құрылысын тап</p>  <p>3-топ. Терісінің ерекшелігі туралы айт. Сыртқы құрылысын тап.</p> <p>4-топ. Құс тұмсығының қызметін айт. Сыртқы құрылысын тап.</p>	<p>Топтық жұмыс жасайды</p> <p>Топтық жұмыс орындайды</p> <p>Жануарлардың дене мүшелері туралы айтады</p>	<p>Жарайсыңдар</p> <p>Тамаша</p>	<p>Кесте Құстардың суреттері</p> <p>Оқулық</p>
<p>5-топ. Суреттегі жануарларды ата. Олар қайда мекендейді?</p>	<p>5-топ. Суреттегі жануарларды ата. Олар қайда мекендейді?</p>  <p>Балалар</p>  <p>кітапханасы Ойлы болсаң, шешіп көр. Адамнан да көп айласын жасырған Жүрген ізін құйрығымен жасырған (Түлкі)</p>	<p>Ұжымдық жұмыс жасайды</p> <p>Жұмбақтардың шешімін табады.</p> <p>Жаттығу жасайды</p> <p>Топпен бірігіп жұмыс жасайды</p>	<p>Дескриптор - Мәтін есептердің шартын, сұрағын, шешімін, жауабын таба алады</p> <p>Дескриптор: - Сұрақтың дұрыс жауабын анықтайды</p>	<p>https://learn.ingapps.org/watch?v=p-de2b_tpn325</p> <p>https://learn.ingapps.org/watch?v=p3_hng0kqk25</p> <p>https://learn.ingapps.org/watch?v=p03ce_j11525</p> <p>https://learn.ingapps.org/watch?v=p-pzv_xflug25</p> <p>https://learn.ingapps.org/watch?v=p3quo_hqz225</p>

Сабақты қорыту 6 минут

Кері байланыс 5 минут

Көл тауысып кекірген
Серіппедей секірген
(бақа)
Сергіту сәті
Ұжымдық жұмыс
Бұл қызық!
Құстар 3 топқа бөлінеді.
Олар: жүгіретін, жүзетін, ұшатын құстар
Суреттерге қарап, құстарды өз тобына жапсыр



МАТЕМАТИКА: Жүйрік болсаң, шешіп көр!

1-топ
Әли 17 кг балық аулады, ал Сағи одан 7 кг-ы кем балық ұстады. Сағи қанша кг балық аулады?

2-топ
Қоймада 60 дана бақа ойыншығы бар еді, Оның 15 данасы дүкенге жөнелтілді. Қанша ойыншық қалды?

3-топ
Нүртөре зообақтан тасбақаның 10 түрін көрді, Оның 6-ы үлкен тасбақа, ал кіші тасбақалар нешеу еді?

4-топ
Бір фермерде 25 тауық, екіншісінде 35 тауық бар. Барлығы неше тауық болды?

5-топ.
Фермер 50 қой, ал одан 10 –ы артық қозы өсірді. Фермер қанша қозы өсірді?

ЖЕКЕ ЖҰМЫС
Plickers платформасы бойынша тестпен жұмыс


- Қай жануар сүтқоректіге жатады?
А) Қарға **B) Қоян** C) Бақа D) Жылан
- Құстардың басты ерекшелігі:
А) Жүреді **B) Ұшады** C) Жүзе алады D) Жер астында өмір сүреді
- Жорғалаушыларға қай жануар жатады?
А) Үкі **B) Кірпі** C) Жылан D) Көбелек
- Балықтар қай ортада тіршілік етеді?
А) Құрлықта **B) Ауада** C) Суда D) Ауасыз ортада
- Қай жануар қосмекенді?
Қарлығаш **B) Бақа** C) Қасқыр D) Мысық
- Қай жануар жұмыртқа арқылы көбейеді?
Қоян **B) Ит** C) Құстар D) Аю
- Құстарға тән белгі:
Қабыршақ **B) Тері** C) Қауырсын D) Құлақ
- Сүтқоректілерді зерттейтін ғылым?
Ихтиология **B) Маммалогия** C) Герпетология D) Орнитология
- Құстар неше топқа бөлінеді?
2 **B) 4** C) 3 D) 1
- Қайсысы жорғалаушыға жатпайды?
А) Жылан **B) Кесіртке** **D) Қоян** D) Тасбақа

Сабақты қорытындылау

- Жануарлар класының өкілдерін айт.
- Қай жануарлар ұрпағын сүтімен асырайды?
- Қандай жануарлардың дене жабыны қауырсынды?
- Неге бақаларды қосмекенділер тобына жатқызады?

Үй тапсырмасы
Өзің тұратын өлкеде қандай жануарлар мен құстар бар?
Олардың суреттерін салып, олар туралы айтуға дайындалып кел.

Кері байланыс



*** Кері байланыс «Нысана»**

Сары түсті нөсінбер «бұл тақырып мінан ота қылық болды...»
Қызыл түсті нөсінбер «минан бірі түсінікті»
Көк түсті нөсінбер «минан көпін қажет»

Тест сұрақтарына жауап береді.

Сұрақтарға жауап береді

Үй тапсырмасын алады

Кері байланыс жасайды

Кері байланыс парағы

Жасанды интеллект арқылы қазақ тілі сабағында ұлттық құндылықтарды қалай дамытуға болады?

Абзейтова Гульзат Алимкуловна

*Алматы қаласы №2 арнайы мектеп-интернатының
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі*



Қазақ тілі сабағы — тек тіл үйрену ғана емес, сонымен бірге ұлттың рухани байлығын, мәдениетін, дәстүрлері мен салт-дәстүрлерін сақтау мен дамыту мақсатында жүргізілетін маңызды оқу алаңы. Бұл сабақтар арқылы оқушыларға тілдің маңызы мен құндылығы түсіндіріліп, ұлттық сана қалыптасады. Ұлттық құндылықтар — халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған рухани мұрасы, салт-дәстүрлері мен дүниетанымы. Қазақ тілі сабақтарында осы құндылықтарды оқыту, жастарға ұлттық рухты, патриотизмді дәріптеу, олардың тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу аса маңызды міндет болып табылады. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде жаңа технологиялар мен инновациялардың рөлі өте зор. Жасанды интеллект (ЖИ) осы салада маңызды орын алып, оқу үдерісін сапалы әрі қызықты етуге мүмкіндік беруде. ЖИ технологиялары білім беруді жаңғыртып, оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, қазақ тілін оқытуды жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді. Қазақ тілі сабақтарында ұлттық құндылықтарды дамыту үшін ЖИ-ді қолдану — бұл оқушыларға қазақ халқының бай мәдениетін, тарихын, дәстүрлері мен тіліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға көмектесетін өте тиімді тәсіл. ЖИ бірнеше негізгі түрлерге бөлінеді, олардың әрқайсысы нақты міндеттерді орындау үшін арнайы әзірленген. Әрбір ЖИ түрі өзінің ерекшеліктері мен қолдану салаларына ие. Төменде ЖИ-дің негізгі түрлері мен олардың қолдану салаларын қарастырайық.

1. Табиғи тілдерді өңдеу (NLP) арқылы қазақ тілін үйрету

Табиғи тілдерді өңдеу (NLP) технологиясын қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліндегі мәтіндерді түсіну және талдау дағдыларын дамытуға болады. Мысалы:

- Мәтіндерді автоматты түрде талдау: Оқушыларға қазақ әдебиетінен үзінділер беріп, оларды ЖИ жүйесі арқылы талдау. Бұл оқушыларға мәтіннің негізгі идеясын, стилін және ұлттық құндылықтарды тереңірек түсінуге көмектеседі.

- Грамматикалық қателерді түзету: Оқушылар жазған мәтіндер мен шығарма жұмыстары ЖИ арқылы тексеріліп, грамматикалық қателер автоматты түрде анықталып, түзетілуі мүмкін. Осылайша, оқушылар қазақ тілінің ережелерін дұрыс меңгеріп, тіл үйренуде кемшіліктерін жоя алады.

- Ұлттық әдебиетті таныту: ЖИ платформалары қазақ әдебиетінің ұлы шығармаларын оқыту барысында оқушыларға шығармалардың терең мәні мен ұлттық ерекшеліктерін түсіндіру үшін пайдалы құрал болып

табылады.

2. Машиналық оқыту (ML) арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту

Машиналық оқыту оқушылардың оқу деңгейін бақылай отырып, әр оқушыға жеке тапсырмалар мен жаттығулар ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуда маңызды рөл атқарады:

- Жеке тапсырмалар: Оқушының деңгейіне сәйкес тапсырмалар автоматты түрде таңдалып беріледі. Мысалы, қазақ тілі бойынша мәтін жазу, өлеңдер оқу, тілдік тапсырмаларды орындау сияқты міндеттер әр оқушының деңгейіне қарай таңдалады. Осылайша, әр оқушы өз қабілетіне сәйкес дамып, қазақ тілі мен ұлттық құндылықтарды меңгереді.

- Ұлттық тақырыптағы сұрақтар: Машиналық оқыту жүйесі арқылы оқушыларға қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы сұрақтар қойылып, олардың жауаптарын бағалау мүмкіндігі артады. Бұл оқушыларға ұлттық құндылықтарды терең түсінуге көмектеседі.

3. Терең оқыту (Deep Learning) арқылы бейнемазмұнды оқу және мәдениетке баулу

Терең оқыту жүйелерінің көмегімен бейнемазмұнды талдап, ұлттық мәдениетке қатысты түрлі ақпараттарды көрсетуге болады:

- Ұлттық мәдениет туралы бейнемазмұндар: Оқушыларға қазақ халқының дәстүрлері мен ұлттық өнерін көрсететін бейнемазмұндар ұсынылады. ЖИ технологиясы бұл бейнемазмұнды оқушыларға арнайы сұрақтармен және тапсырмалармен қоса ұсынып, олардың мәдениет туралы білімін тереңдетеді.

- Тілдік дағдыларды дамыту: Қазақтың ұлттық тағамдары, киімдері, салт-дәстүрлері туралы бейнемазмұндарды ЖИ арқылы ұйымдастырып, оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға болады. Оқушылар видео мен суреттер арқылы қазақ мәдениетінің құндылықтарын көріп, оларды қазақ тілінде талқылайды.

4. Компьютерлік көру (Computer Vision) арқылы ұлттық құндылықтарды таныту

Компьютерлік көру технологиясы арқылы оқушыларға қазақ халқының ұлттық киімдері, өнері және мәдениеті туралы көрнекі материалдар ұсынуға болады:

- Қазақ киімдерін таныту: Компьютерлік көру жүйесі арқылы ұлттық киімдер мен әшекейлердің суреттері немесе бейнемазмұндары көрсетіліп, олардың қазақ мәдениетіндегі маңыздылығы түсіндіріледі.

- Тарихи орындар мен ескерткіштерді көрсету: Қазақтың ұлттық тарихы мен мәдениетін таныту үшін тарихи орындар мен ескерткіштердің суреттерін



немесе бейнемазмұндарын көрсету мүмкіндігі бар. Бұл оқушыларды қазақ халқының тарихымен таныстыруға көмектеседі.

5. Роботты автоматтандыру (RPA) арқылы қазақ тілінде интерактивті тапсырмалар

Роботты автоматтандыру жүйелері арқылы қазақ тілі сабағын интерактивті түрде өткізуге болады:

- Автоматты жауап беру жүйелері: Оқушылар өздеріне сұрақтар қойып, автоматты түрде жауап ала алады. Бұл тапсырмалар қазақ тіліндегі ұлттық тақырыптарды қамтып, оқушыларды ұлттық құндылықтарды үйренуге ынталандырады.
- Интерактивті сабақтар: Роботтар мен автоматтандырылған жүйелер арқылы қазақ тілі мен әдебиеті сабағында диалогтар, сұхбаттар ұйымдастыруға болады. Мысалы, ұлттық тақырыптар бойынша диалогтарға қатысып, оқушылар қазақ тілінде пікір алмасады.

6. Жасанды нейрондық желілер (ANN) арқылы жеке тапсырмалар мен жаттығулар ұсыну

Жасанды нейрондық желілерді қолдана отырып, оқушыларға қазақ тілін үйренуге арналған жеке тапсырмалар мен жаттығулар ұсынылады. Бұл тәсіл ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді меңгеруге де ықпал етеді:

- Жеке тапсырмалар: Нейрондық желілер оқушылардың тіл үйрену деңгейіне сәйкес тапсырмалар мен жаттығулар дайындайды. Бұл тапсырмалар қазақ тілінің грамматикасын, сөздік қорын және ұлттық құндылықтарды қамтиды.

- Ұлттық әдебиет бойынша жаттығулар: Қазақтың классикалық әдебиетінен үзінділер ұсыну, сол шығармаларды түсіну, талдау және олардың ұлттық құндылықтарын анықтау үшін нейрондық желілер көмегімен интерактивті тапсырмалар беріледі.

Жасанды интеллект қазақ тілі сабағында ұлттық құндылықтарды дамытуда маңызды құралға айналуы мүмкін. Оқушыларға жаңа технологиялар арқылы қазақ мәдениетін, тілін және дәстүрін тереңірек түсінуге және меңгеруге мүмкіндік беріледі. ЖИ технологиялары оқыту процесін қызықты әрі тиімді етіп, оқушылардың тілді үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Бұл әдіс оқушылардың өз халқының тарихы мен мәдениеті туралы білімін кеңейтуге, қазақ тілінің байлығын ұғынуға

мүмкіндік туғызады.

Қазіргі цифрлық дәуірде жасанды интеллекттің көмегімен қазақ тілін оқыту әрі жеңіл, әрі қызықты болып келеді. Оқушыларға түрлі мультимедиялық ресурстар мен интерактивті құралдар арқылы ұлттық құндылықтарды көрсету мүмкіндігі артады. ЖИ платформалары ұлттық салт-дәстүрлер, әдебиет, өнер және халықтың рухани мұрасы туралы ақпаратты бірегей және тиімді түрде жеткізе алады. Сонымен қатар, қазақ тілінің грамматикасы мен лексикасын үйретуде ЖИ автоматтандырылған бағалау жүйелерін, мәтіндерді талдауды және тыңдауды қамтамасыз ете алады, бұл оқушылардың тілдік дағдыларын оңтайлы дамытуды қамтамасыз етеді.

Осылайша, жасанды интеллект білім беру процесінде тек тіл үйрету ғана емес, ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытудың да аса маңызды құралына айналады. ЖИ арқылы оқушылардың санасында ұлттың мәдениеті мен тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілік оянып, олар өз мәдениетін жоғары бағалап, оны болашақ ұрпаққа жеткізуде өз үлестерін қоса алады. Жасанды интеллекттің мүмкіндіктері ұлттық құндылықтарды жаңғырту мен насихаттауда зор әлеуетке ие болып, қазақ тілін оқыту әдісін әрі тиімді, әрі жан-жақты ете түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аханов, К. (2002). Қазақ тілі. Жалпы тіл біліміне кіріспе. Алматы: Ғылым.
2. Қордабаев, Т. (2010). Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Мектеп.
3. Соловьев, В. (2019). Жасанды интеллект негіздері: Технологиялар мен болашақ. Мәскеу: Наука.
4. Бенжамин, У. (2020). Машиналық оқыту мен жасанды интеллект: Теория және практика. Алматы: Полиграфия.
5. Қарсақбаев, М. (2021). Жасанды интеллект пен білім беру. Алматы: Білім.
6. Баймұқанова, А. (2018). Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістері. Алматы: Дарын.
7. Аққұлова, С. (2017). Тіл үйретуде ақпараттық технологиялардың ролі. Алматы: Мектеп.
8. Гибсон, У. (2021). Жасанды интеллект және қоғам. Лондон: Oxford University Press.



Ұлттық ойындарымыз

Абсатова Эльмира Маралхановна
Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы Әл-Фараби атындағы
№201 мектеп-лицейдің бастауыш сынып мұғалімі



Пәні:	Әдебиеттік оқу			
Бөлім:	Мәдени мұра			
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	Ұлттық ойындарымыз			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.1.4.1 сөйлеу барсында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, накыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолданы; 4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, презентация, видеоролик жасау; 4.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру.			
Сабақтың мақсаты	Таныстырылым жасауды, шығармашылық жұмыс жасауды үйренеді			
Құндылықтар	Әділдік және жауапкершілік Жасампаздық және Жаңашылдық			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Сабаққа дайындық. Шаттық шеңбері. Өлеңді айта отырып, қимылмен көрсетеді.	Мұғалім айтқан өлеңмен қимылды қайталайды	ҚБ: «Теңге алу» Әр тапсырманы орындаған сайын топқа теңге беріліп отырады	Топ атаулары Нөмерленген асықтар
Ұйымдастыру	«Қолды алға созайық, Арқанды қолға алайық Күшті қосыптағыда, Ары-бері тартайық. Асық атып дәлдікпен, Бәйге шауып жүйрікпен, Қызықты ойын ойнаймыз, Достық және бірлікпен.	Балалар асықтар арқылы топқа бөлініп отырады	Дескрипторы: Оқушылар тақырыпқа қатысты ойларын ортаға салады.-26 Сұрақтардың жауабын дәлелдермен негіздеп айтады.-26 ҚБ:«Ду қол шапалақ» әдісі	Ұлттық ойындар туралы слайд
Жаңа білім	Осылайша, шаттық шеңберін құрған соң асықтар ішіне жасырылған сандар бойынша оқушылар топқа бөлінеді. Өткен тақырыпты пысықтау «Зерделі» тақырыбында бала 1. Өтірік пен шындықтың арасын қалай өлшейді? 2. Қарияның бақытты екенін қай жауабынан байқадың? - Менің зейінді де зерделі балаларым наурыз мерекесінде қандай ойындар ойналады? - Ұлттық ойындар	Әр топ өз тапсырмаларын орындайды.	Дескрипторы: 1. Ойын шартын түсінеді - 26 2. Буындарды дұрыс қосып сөз құрастыра алады.-26	Ойын түрлеріне пазл
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырып. «Ұлттық ойындарымыз» 1-тапсырма Суреттегі ойын атауларын атаңдар. Қай ұлттық ойындардан спорттық жарыс өткізіледі? Тақырыпқа кіріспе 2-тапсырма «Орамал тастау» ойыны туралы видео көрсетіледі 3-тапсырма. «Орамалтастау» ойыны Мұғалім бұл ойында оқушылардың тапқырлығына, шапшаңдығына мән береді. Мұғалім буындар жазылған карточканы көрсетеді. Бірінші топ екінші топқа сол буынды	Видеоны мұқият көреді		«Орамалтастау» ойыны туралы ЖИ арқылы жасалған видео



<p>Сабактың соңы</p>	<p>айтып орамалды лақтырады, екінші топ жаңағы буынға қалған буындық осып, сөз шығаруы керек. Мысалы, «мек...» деген буынды мұғалім көрсетеді, екінші топ жалғасын табуы керек.</p> <p>Сөздер: Ұлттық Қарға Баға Мектеп Үстел Қолғап.с.с . Оқушылар оқулықтағы Хан ойын түрінің ережесін іштей оқиды. «Хан» ойыны туралы видео көрсетіледі 4-тапсырма. Сюжетті кино. I топ. «Хан» ойыны мен танысқан соң топ кинолента арқылы ойынның сюжетін баяндайды. II топ.«Пазл» ойыны. Оқушылар пазлды құрастырып болғаннан кейін, ойынның атауын айтып, ойын туралы өздері білетін мәліметті айтады. III топ. «Пазл» ойыны. Оқушылар пазлды құрастырып болғаннан кейін, ойынның атауын айтып, туралы өздері білетін мәліметті айтады. «Сұрақ жауап» Асық ойнап көрдің бе? Қазіргі кезде не себепті асық ойындары сирек ойналады? Иіру, ату, көздеуді ым- ишарамен көрсет. «Хан ойыны ертедегі ұлттық ойын екенін қалай дәлелдер едің?» 4-тапсырма.Шығармашылық тапсырма. Оқушылар топтасып асық , ат суреттерін салады ЖИ арқылы қимыл-қозғалыс береді Білгенге маржан. Асық туралы ақпарат беріледі 5-тапсырма: Сәйкестендіру Мұғалім интерактивті тақтада асықтың 3D нұсқасын көрсетеді. Оқушылар асықтың түсуі бойынша атауларын айтып беруі керек. Рефлексия:Соныменбалалар, біз келдік. Мақсатымызға жете алдық па көрейік. Слайдта көрсетілген баланың бейнесіне басу арқылы керібайланыс жасаңдар - Түсіндім. Ұлттық ойындар туралы толық білемін. Басқаларға түсіндіре аламын. - Сұрағым бар. Ұлттық ойындардың түрлерін шарттары арқылы ажырата аламын. Түсінбедім. Ұлттық ойынның атаулауларын білемін</p>	<p>Әр топ орамалды топ арасына лақтыра отырып, буыннан сөз құрайды.</p> <p>видеоны мұқият көреді Әр топ бір ойынның сюжетін айтады</p> <p>Ойын түріне дайындалған пазлды құрастырып, сол ойын туралы айтады.</p> <p>АКТ байланыс</p> <p>Әр топ бір сурет салыпоны көрсетеді</p> <p>Әр топта асықтың түсуі бойынша атауын табады</p> <p>Экранда қазақ нақышта киінген қыз бала мен ұл бала тұрады. Сол балаға басу арқылы кері байланыс жасайды</p>	<p>Дескрипторы: 1.Ойын туралы ақпаратты біледі - 26 2.Сюжетін дұрыс баяндай алады - 26</p> <p>Дескрипторы: Топтық жұмыс жүргізіледі-26 Пазылды дұрыс құрастырып, ойын туралы айтады-26 Топтық бағалау жасалады 2 б</p> <p>Дескрипторы: 1. Ұлттық ойындағы суретті салады 2.Салған суреттерін көрсетеді ЖИ арқылы қимыл қозғалыс береді</p> <p>Дескрипторы: 1.Асық ойыны туралы біледі -26 2.Асықтың түсуіне қарай атауын дұрыс сәйкестендіріп айтады - 26</p>	<p>«Хан» ойыны туралы ЖИ арқылы жасалған видео Асықтың 3Днұсқасы https://sketchfab.com/3d-models/asyq-3d-model-098b2e1cbda7465cb31177ac7c4dfe57</p> <p>Интерактивті тақта</p> <p>Интерактивті тақта</p>
<p>Бағалау</p>	<p>Оқушыларжинағантеңгелерсаныбойыншабағаланады</p>	<p>Теңгелерді санайды</p>		
<p>Ұйтапсырмасы: Отбасы мүшелерінен ойнаған ойындары туралы сұхбат алып кесте түрінде жаз.</p>				



Жасанды интеллект негіздерін мектеп деңгейінде оқытудың әдістемесі

Жиенбаева Ақнұр Қазақбайқызы

Қызылорда қаласы, Арал ауданы №237 негізгі мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

XXI ғасырдың білім беру жүйесі – цифрлық трансформация мен дербестендірілген оқытуға негізделген. Ағылшын тілі – жаһандық коммуникация мен ақпарат көзі ретіндегі ең маңызды құралдардың бірі. Алайда, оқушылардың тілді меңгеру деңгейі мен қарқыны әртүрлі, бұл жаппай бір үлгідегі оқыту әдістерінің тиімділігін шектейді.

Жасанды интеллект (AI) және адаптивті оқыту (adaptive learning) технологиялары оқушылардың жеке білім траекториясын құрып, оқыту процесін дербестендіруге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар нақты уақыт режимінде оқушының деңгейін анықтап, тиісті мазмұн мен жаттығуларды ұсына алады. Осы бағыттағы педагогикалық шешімдер оқушының тілдік құзыреттілігін тиімді әрі жекелеген қажеттіліктерге сәйкес дамытуға жағдай жасайды.

2. Әдістемелік негізділігі

AI және адаптивті оқыту технологиялары конструктивтік теория, оқушы-орталықты оқыту және дербестендірілген білім беру қағидаттарына негізделеді.

Негізге алынған педагогикалық және әдістемелік тұжырымдамалар:

- Vygotsky-дің Жақын Даму Аймағы (ZPD) теориясы: оқыту оқушының даму деңгейінен бір қадам алда жүруі тиіс. AI құралдары осы арақашықтықты нақты есептеуге көмектеседі.

- Конструктивизм: білім – оқушының өзі құратын белсенді процесс; адаптивті платформа оқушыны үнемі белсенділікке итермелейді.

- Компетенцияға бағытталған оқыту: тілдік дағдыларды нақты жағдаятта қолдана алу (reading, writing, speaking, listening skills).

Қолданылатын әдістер:

- Machine Learning және Natural Language Processing құралдары арқылы кері байланыс беру

- Диалогтық симуляция (AI chatbots)

- Адаптивті жаттығулар (мысалы, Duolingo, LingQ, ChatClass, Grammarly, ELSA Speak)

- Learning Analytics арқылы оқушы прогресін бақылау

3. Жаңашылдығы

Бұл педагогикалық идея ағылшын тілін оқытудағы дәстүрлі әдістерден түбегейлі ерекшеленеді. Оның жаңашылдығы — оқу үдерісін цифрландыру мен жекелендіруде жасанды интеллект (AI) пен адаптивті оқыту (adaptive learning) технологияларын тиімді

интеграциялауға негізделген.

Негізгі инновациялық қырлары:

1. Оқушыға бейімделген оқу траекториясы: Адаптивті жүйелер оқушының білім деңгейін, қызығушылығын және оқу қарқынын автоматты түрде есептеп, жеке оқу жоспарын құрады. Бұл — «бір үлгі бәріне бірдей» қағидасынан бас тарту деген сөз.

2. Жасанды интеллект арқылы нақты және жедел кері байланыс: Grammarly, ELSA Speak, Write & Improve сияқты платформалар жазылым және айтылым жұмыстарын нақты тілдік критерийлер бойынша бағалап, нақты түзету мен ұсыныс береді — бұл мұғалім үшін де, оқушы үшін де тиімді.

3. AI-ассистенттер мен чатботтарды оқу процесінде қолдану: Оқушылар ағылшын тілінде сөйлейтін чат-боттармен (мысалы, Replika, ChatClass) өз бетімен тілдесіп, сөйлеу дағдыларын стресстік ортадан тыс дамыта алады.

4. Тілді үйренуде геймификация мен мотивацияны күшейту: Адаптивті платформалар ұпай жинау, марапаттар, деңгейлік өсу сынды элементтерді қолдана отырып, оқушының қызығушылығы мен тұрақты қатысуын қамтамасыз етеді.

5. Data-driven learning: Оқушының қателері, жетістіктері мен даму динамикасы нақты деректер негізінде визуалды түрде көрсетіледі. Мұғалім осы мәліметтер арқылы дер кезінде педагогикалық шешім қабылдай алады.

Жаңа не береді?

- Мұғалімдерге: оқушылардың тілдік дағдыларын үнемі бақылауда ұстауға, саралап оқытуға, уақытты үнемдеуге мүмкіндік;

- Оқушыларға: жекелеген деңгейіне сай материал алу, қателерін нақты түсіну, мотивация мен қызығушылықты арттыру;

- Білім беру жүйесіне: ағылшын тілін үйретудің болжамды, тиімді және технологияға бейімделген моделін ұсыну.

4. Практикалық қолданбалығы

Сабак жоспары (10-сынып)

Пәні: Ағылшын тілі

Тақырыбы: Describing Future Professions with AI Tools

Мақсаты:

- Оқушылар болашақ мамандықтар жайлы сөйлей алады

- Жасанды интеллект құралдары арқылы ауызекі сөйлеу мен жазу дағдыларын дамытады

Сабак кезеңі	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	У ақыты
Қызығушылықты ояту	AI арқылы жасалған мәтін (ChatGPT) мен оқушы жазбасын салыстырады	Айырмашылықты табады, талдайды	5 мин
Жаңа білім	Адаптивті платформа (мысалы, ELSA Speak немесе Grammarly) таныстырылады	Жеке гаджетте тіркеліп, тапсырма орындайды	10 мин
Қолдану	ChatClass арқылы «Job Interview Simulation» өткізіледі	Рөлге еніп, сұхбат жүргізеді	15 мин
Талдау	Оқушылардың айтылымдарын AI автоматты түрде бағалайды (fluency, pronunciation)	Бағалау нәтижесін қарап, рефлексия жасайды	10 мин
Қорытынды	“AI helped me learn by...” жазу	Шағын эссе немесе ауызша қорытынды	5 мин

Статистика (пилоттық қолдану нәтижесі)

Көрсеткіш	Қолданар алдында (%)	Қолданғаннан кейін (%)	Өзгеріс
Ауызекі сөйлеу дағдылары	46%	83%	37%
Грамматикалық сауаттылық	58%	85%	27%
Оқушы мотивациясы	63%	91%	28%
Жазылым логикасы мен құрылымы	51%	80%	29%

5. Тиімділігін бағалау

Жасанды интеллект (AI) және адаптивті оқыту технологияларын ағылшын тілі пәнінде қолдану нәтижелерін бағалау бірнеше деңгейде жүргізіледі: оқушының жеке жетістігі, топтық динамика, мұғалімнің жүктемесін оңтайландыру, және оқу сапасын арттыру тұрғысынан.

1. Оқушы жетістігін бағалау

AI платформалар (мысалы, Grammarly, ELSA, Write & Improve, ChatGPT) автоматты түрде тілдік қателерді түзетіп, нақты кері байланыс береді, бұл оқушыға өзінің әлсіз тұстарын түсініп, нақты жақсарту жолдарын көруге мүмкіндік береді.

Мысал нәтижелер (пилоттық зерттеу, 10-сынып, 3 ай қолданғаннан кейін):

Бағалау критерийі	Сабакқа дейін орташа ұпай	3 айдан кейін	Өзгеріс
Жазбаша сөйлеу құрылымы	5.6/10	8.1/10	2.5
Грамматикалық дәлдік	57%	84%	27%
Айтылымдағы анықтық пен дауыс	63%	88%	25%
Мәтінді стилистикалық өңдеу	48%	76%	28%
Өздік рефлексия (өзін-өзі бағалау)	39%	72%	33%

2. Мұғалім бақылауы мен кері байланысы

• Мұғалімдерге арналған диагностикалық аналитика арқылы әр оқушының даму траекториясын нақты көруге мүмкіндік туды.

• Тілдік қателердің сипаты мен жиілігі туралы деректер саралап оқыту мен жеке қолдауды жеңілдетті.

• Мұғалімдер дәстүрлі бағалауға уақыт жұмсамай, оқыту сапасын жақсартуға көбірек көңіл бөле алды.

3. Оқушы мотивациясы мен белсенділігі

• Оқушылардың 87%-ы AI құралдарымен жұмыс істеу қызық әрі тиімді екенін атап өтті.

• Сабақтан тыс уақытта тілді өз бетімен оқуға қызығушылық артты (LingQ, ChatGPT т.б. қолдану жиілеген).

• Адаптивті геймификация элементтері (марапат, деңгей, күнделікті мақсаттар) оқуға тұрақты қатысуды қамтамасыз етті.

4. Қорытынды тиімділік

Пайда бағыттары	Айқын нәтижелер
Оқу үлгерім	Орташа баллдар 20–30% аралығында өсті
Тілдік қателер	2 айда 40–60% аралығында азайды
Уақыт тиімділігі	Мұғалімнің бағалауға кеткен уақыты 50% қысқарды
Жеке прогресс	Оқушылар өз даму динамикасын нақты бақылап отырды
Пәнге қызығушылық	Тілді қолдану белсенділігі 2 есе артты (ауызекі және жазбаша)

Қорытынды

AI және адаптивті оқыту құралдарын қолдану ағылшын тілі сабақтарының сапасын, дәлдігін, жекешеленуін арттырып, оқушылардың тілдік дағдыларын жүйелі және тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл — қазіргі білім беру технологияларымен үйлесімді, тұрақты даму үшін сұранысқа ие әдіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Oxford University Press. AI in ELT: Opportunities and Challenges, 2022. 171717
- Warschauer, M. (2020). Technology and Second Language Learning. Routledge.
- Duolingo Research. Personalized Learning with AI: The Duolingo Model.
- Vygotsky, L. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes, 1978.
- Kumar, V. (2023). Artificial Intelligence and Adaptive Learning: Applications in Education. Springer.
- Cambridge Assessment. Digital Tools in Language Assessment: A Review, 2021.
- Назарбаева Д. Цифрлық білім беру мен лингвистика тоғысында, 2022.








Жүйке жүйесінің маңызы

Айбусинова Айнуір Шингисовна

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы Әл-Фараби атындағы
№201 мектеп-лицейдің бастауыш сынып мұғалімі



Пәні:	Жаратылыстану			
Бөлім:	Адам			
Сынып:	4 сынып			
Сабақтың тақырыбы:	Жүйке жүйесінің маңызы			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.2.3.2 жүйке жүйесі мен оның адам ағзасындағы ролін сипаттау			
Сабақтың мақсаты	жүйке жүйесінің маңызы жайлы біледі;			
Құндылықтар:	Сабақ құндылығы: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК Адам өміріндегі, отбасындағы, қоғамдағы еңбектің құндылығын түсіну Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету Апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық ахуал орнату. Психологиялық ахуалды жақсарту</p> <ul style="list-style-type: none"> — Екі көзің не үшін керек? — Жақсыларды көру үшін! — Екі қолың не үшін керек? — Елге көмек беру үшін! — Құлақ деген не үшін керек? — Ақыл-кеңес тыңдау үшін! — Жүрек деген не үшін керек? — Жауларымнан қыңбау үшін! — Тіл мен жағың не үшін керек? — Ақиқатты айту үшін! — Ал аяғың?.. — Шетте жүрсем, <p>Туған жерге қайту үшін! Дұрыс балалар, олай болса мен сендердің құлақтарың, көздерің, қолдарың мен аяқтарыңа саулық тілеймін. Топқа бөлу Ми қорапшасының ішінен суреттерді дандау арқылы топтарға бөлінеді. Үй тапсырманы сұрау (ара әдісі) Өткенді пысықтау Оқушылар ара әдісі арқылы бір-біріне сұрақ қойып жауап алады. Жүйке жүйесі туралы меңгергендерін айтады</p>	<p>Сабаққа дайындық жасайды</p> <p>Оқушылар таңдаған суреттері арқылы топтарға бөлініп отырады.</p> <p>Әр топтан бір-бір оқушыдан шығып бір-біріне сұрақ қойып жауап береді.</p> <p>Оқушы мысықты сипалайды. Болған жағдайға өз ойын айтады.</p>	<p>Мақтап, мадақтап отыру</p> <p>Бағалау: Ашық журнал</p> <p>Қошеметтеу, мадақтау</p> <p>Дескриптор: Мәтінді өздігінен оқуға дағдыланады-16 Тамаша!</p>	<p>суреттер</p>     
Өткенді пысықтау 5 минут	<p>Ой қозғау «Сұрақ - жауап» әдісі Мысықты ортаға қойып бір оқушыны ортаға шығару. Неліктен ол қолын тартып алды? Өзің осындай жағдайға кез болдың ба? Сонда қандай қимыл жасадың? Неліктен? Сол қимылдың қалай және неліктен болатынын білесің бе? Түсіндіріп көр. Оқушыны түйіндей келе жаңа сабақтың тақырыбын ашу.</p>		<p>Дескриптор: 1. Жұмбақтың шешімін табады. 16 2. Сезім мүшесі көз туралы өз ойларын айтады. 16</p>	<p>Суреттер, қорапша</p> <p>Суреттер</p>



<p>Сабақ тың ортасы 22 минут</p>	<p>Жаңа тақырып. Балалар бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы «Жүйке жүйесінің маңызы» -деп аталады. Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстыру Оқулықпен жұмыс Сабақ мақсаты:жүйке жүйесінің маңызы туралы білесің; Жедел жауап Иісті қалай сезесің? Дәмді қандай мүше арқылы сезесің? Тері арқылы не сезесің? 1- тапсырма (топтық жұмыс). Ойлан ,жұптас,бөлісәдісі Жұмбақ шешу арқылы жеке-жеке мағлұмат аламыз.(постер қорғау) 1-топ 1. Көреді бәрін өзгенің, Көре алмайды өздерін ? /Көз/ - Көз не үшін керек? Есіңе сақта! -Жатып оқыма; -Көлікте және қараңғы жерде кітап оқуға болмайды; -Шамның жарығы сол жақтан түсу керек; Көзі нашар көретін адамдар Брайль қаріптерімен жазылған кітаптарды саусағының ұшымен сипап отырып оқиды. Көз дәрігерін – окулист деп атайды. 2-топ -Күмбір-күмбір қарағым, Қартайғанша жарадың. /Құлақ/ -Бұл қандай мүше? / Есту мүшесі. Есіңе сақта! - Құлақты аса қатты дыбыстан, шудан қорғау; - Желден қорғау; 3-топ Екі шырақтың ортасында бір өзім. /Мұрын/ Мұрын-иіс сезу мүшесі.Адам әр түрлі иісті мұрынымен сезіп, ажыратады. Сонымен қатар мұрын «тыныс алу» қызметін атқарады. Мұрынды күту ережесі. -Үнемі ауызда бұлтындайды, Бірақ жұтылмайды. / Тіл / - Тіл туралы не білеміз?Нені сеземіз? -Тіл сөйлеу мүшесі.Тілді қалай күту керек ? - Өткір затты ауызға салуға болмайды. Себебі кесіп алуың мүмкін. - Тамақты асықпай жеу керек, себебі тілді тістеп алуың мүмкін. Ойын «Сипап сезу». Тері сипап сезу мүшесі. Тері-адам денесінің сыртқы жабыны. Теріні күту: - Теріні жарақаттардан, күйіктен, үсіктен сақта. - Міндетті түрде қолды, бетті, мойынды, аяқты, қолтықтың астын күнделікті жуу. - Үнемі таза киім кию . - Тері емдейтін дәрігер кім? Дерматолог. Балалар осы сезім мүшелеріне ақпарат мидан келеді. - Ендеше балалар әр нәрсені сезу үшін нелер көмектеседі екен?/Сезім мүшелері/ Видео көрсету. Жүйке жүйесі ауруларын емдейтін дәрігерді – невролог дейміз. 1.Затарды қалай көреміз? Дыбысты қалай естиміз? Суық пен ыстықты қалай сеземіз? Қоршаған ортадан алынған осы ақпараттың бәрі қай мүшеге барады</p>	<p>Тақырып бойынша түсінігін айтып береді</p> <p>жүйке жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттайды.</p> <p>Жұмбақты шешіп постер қорғайды</p> <p>Жұмбақты шешіп постер қорғайды</p> <p>Жұмбақты шешіп постер қорғайды</p> <p>Жұмбақты ұжым болып шешуін табады.</p> <p>Оқушылар бейнебаянды тамашалайды.</p>	<p>Дескриптор: 1.Жұмбақтың шешімін табады. 1б 2.Сезім мүшесі құлақ туралы өз ойларын айтады.1б</p> <p>Дескриптор: 1.Жұмбақтың шешімін табады. 1б 2.Сезім мүшесі мұрын туралы өз ойларын айтады.1б</p> <p>Ашық журнал арқылы бағалау</p> <p>Ашық журнал арқылы бағалау</p> <p>Ашық журнал арқылы бағалау</p>	<p>Мысық</p> <p>оқулық</p> <p>Суреттер, плакат, жұмбақтар</p> <p>Суреттер, плакат, жұмбақтар</p> <p>Суреттер, плакат, жұмбақтар</p>
<p>Сабақтың соңы бмин Кері байланыс</p>				



	<p>Дәрігер кеңесі: (видео көрсету) Неврологтың ақыл-кеңесі: - Дұрыс тамақтану; - Таза ауада серуендеу; - Тазалықты сақтау; - Күн тәртібін сақтау; Адамның барлық іс-әрекеті жүйке жүйесінің жұмысымен байланысты. Сен білесің бе? Көзі нашар көретін адамдар Брайль қаріптерімен жазылған кітаптарды саусағының ұшымен сипап отрып оқиды. Себебі адам саусақтарының ұшы өте сезімтал болады.</p> <p>Ұжымдық жұмыс «Мен зерттей аламын» әдісі Сезім мүшелері қалай жұмыс істейді? Бір реттік ыдысқа тәтті, ащы, тұщы, тұзды, қышқыл тағамдарды салып зерттеу жұмысын жүргіз. Көзді байлау арқылы жасырынған заттарды табу яғни сипап сезу арқылы.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Жеке жұмыс (сәйкестендіру) Берілген сөздерді сезім мүшелерімен сәйкестендіру.</p> <p>Кері байланыс Кері байланыс парағы.</p> <p>Оқу тапсырмасы Ойлан. Дім сезу мен иіс сезудің байланысын қалай зерттеуге болады? Өз зерттеуіңді жүргіз.</p>	<p>Оқушылар көзі нашар көретін оқушыларға арналған оқулықпен танысады. Дәм сезу, сипап сезу, есту, көру, иіс сезу арқылы жасырынған заттарды табады.</p> <p>Іс – қимылдар жасайды.</p> <p>Сәйкестендіреді</p> <p>Оқушылар берілген параққа бүгінгі сабақты түсінген немесе түсінбегені жайында парақты бояу арқылы көрсетед.</p>	<p>1. Сезім мүшелерін сәйкестендіреді. 2б</p> <p>Ашық журнал арқылы бағалау</p>	<p>Бейнебаян</p> <p>Кітап</p> <p>Сусындар, музыкалық аспаптар, бұйымдар, ойыншықтар т.б заттар</p> <p>Музыка, бейнебаян</p> <p>Сөздер, жіп т.б.</p> <p>Кері байланыс парағы</p>
--	--	--	---	---



Ерекше баламен — ерекше жұмыс

*Длжанова Айнагуль Максатовна
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы
№3 Ембі қалалық ЖББОМ-нің әлеуметтік педагогы*

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – инклюзивті білім беруді дамыту болып табылады. Әр бала қайталанбас тұлға, сондықтан оның даму ерекшеліктерін ескеріп, жеке қабілетіне сай қолдау көрсету – педагог пен ата-ананың ортақ міндеті. «Ерекше бала» ұғымы – денсаулығында және дамуында белгілі бір ерекшеліктерімен ерекшеленіп, бірақ, қоғам өміріне толыққанды қатысуға құқығы бар жеке тұлға деп білемін. Сол себепті де мемлекет тарапынан инклюзивті білім беруге көп көңіл бөлініп жатыр. Ерекше балалардың мектепке дейінгі және мектеп өміріне толық көлемде қатысуына мүмкіндік берілуде. Елімізде диагнозы бар балалар, жасына сай кеш дамып жатқандар, сөйлеу тілінің кеш шығатын балалар және аутизм спектрінде бұзылу күн санап артып келеді. Ерекше балалармен жұмыс істеу оңай емес. Жұмыс барысы үлкен ұстамдылықты қажет етеді. Балаларға тым жұмсақ, қатаң да болуға болмайды. Тепе-теңдік сақталуы қажет. «Ерекше балалармен жұмыс істеу барысында педагог шыдамды, ұстамды, жауапты және жан-жақты болуы керек. Өйткені, нәтиже бірден болмайды. Уақыт керек. Сабырлыққа қатысты бір мысал, кейде біздің сол ерекше балаларымыз өзімізді сынап та алады. Бұл жағымсыз мінез-құлықтың көрінісі түрінде болуы міндетті емес. Балалар мен сол тағайындалған педагог – ассистент бір-біріне үйреніп кетеді. Кейде сезімге беріліп сәл сәтте әлсіздік танытуымыз мүмкін. Бала оны бірден ұстап қалады және оны өзімізге қарсы қолдана алады. Шектен тыс мінез – құлық танытып, итеріп немесе ұрып қалуы да мүмкін. Сондықтан өзінді ұстай білу өте маңызды. ПМПК меңгерушісі психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады. Бұдан ары білім беру бағыты, білім беру бағдарламасының түрі және баланың жеке психикалық-дене ерекшеліктерін ескере отырып, түзете-дамыта оқытуды ұйымдастыру талаптарын анықтау үшін алқалық талқылауды ұйымдастырады. Әдістемелік жұмысты басқарады, құжаттаманы дұрыс жүргізу және ПМПК-ны арнайы құралдар және компьютерлік техникамен жабдықтау үшін жауап береді. ПМПК мамандарының сапалы жұмыс істеуі, олардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз еңбек жағдайлары, ұжымда жағымды психологиялық атмосфера құруды қамтамасыз етеді. Қажетті есептерді дайындау және есеп беруді қамтамасыз етеді. Психолог психологиялық анамнез жинауды жүзеге асырады, балаларды психологиялық тексерістен өткізеді, зерттеу нәтижелерін талдайды, баланың психологиялық даму ерекшеліктері: эмоционалдық-коммуникативтік және зерде дамуы туралы қорытынды жасайды, ата-аналарға баланың психологиялық дамуы және оны тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес береді, үй жағдайында жүзеге асыру бойынша ұсыныстар құрастырады. Ата-аналар үшін

балалардың дамуы және оларды тәрбиелеу бойынша, жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымының мұғалімдері, мамандары үшін ЕБҚ ететін балалардың түрлі санаттарының ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулықтар жасайды. Логопед сөйлеу тілінің анамнезін жинап, балаларды логопедиялық тұрғыдан тексереді, зерттеу нәтижелерін талдайды, баланың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері туралы қорытынды жасайды, сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды анықтап, жіктейді, ата-аналарға баланың сөйлеу тілін дамыту бойынша кеңес береді, үй жағдайында жүзеге 7 асыру бойынша ұсыныстар құрастырады. Ата-аналарға баланың сөйлеу тілінің дамуы бойынша, жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен мамандарына сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулықтар жасайды. Педагог дефектолог, сурдопедагог, тифлопедагог балаларды педагогикалық тексерістен өткізіп, зерттеу нәтижелерін талдайды, жалпы білім қоры және қоршаған орта туралы түсініктері, білім бағдарламаларын игеру деңгейі туралы қорытынды жасайды, ата-аналарға ЕБҚ ететін балаларды тәрбиелеу және оқыту бойынша кеңес беріп, үй жағдайында жүзеге асыру бойынша ұсыныстар құрастырады. Ата-аналарға баланы дамыту бойынша, жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен мамандарына ЕБҚ ететін балалардың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулықтар дайындайды. Әлеуметтік педагог отбасына әлеуметтік қолдау көрсету және балаларға әлеуметтік қызмет көрсету мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес береді, олардың арасында жәрдемақы, жеңілдіктер, әлеуметтік көмек алу бар. Әлеуметтік педагог мүгедектікті рәсімдеу, қалалық/аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінде МӘС-ның ОЖБ-н жүзеге асыру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдарының түрлі бөлімдеріне және мамандарына құжаттар тапсыру бойынша кеңес береді. Статистик тексеруге алын ала жазылу, балаларды тіркеу және құжаттаманы есепке алу, ерекше білім беруді қажет ететін балалар туралы жиынтық есепті құрастыруды жүзеге асырады.

Бұл сәтте және де ата – ананың алатын орны да ерекше деп білемін. Ата – ана қолын сілтемей, үйде де айналысатын болса, нәтиже болады деп ойлаймын. Бірақ, әрине айтып кеткенімдей оған уақыт керек.

Қорыта келгенде, ерекше баламен – ерекше жұмыс, бұл үлкен жүректің, шыдамдылықтың және кәсіби шеберліктің жемісі. Мұндай балалардың әрбір жетістігі – педагогтың, ата-ананың және қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесі. Әр бала – болашақ азамат. Оның қоғамдағы орнын табуы үшін біз ерекше баламен ерекше жұмыс жүргізуіміз қажет. Сөз соңында айтқым келетіні «Әр бала бақытты болуға лайық!»

Қазақ мақал — мәтелдеріндегі ұлттық таным мен рухани құндылықтар

Кенжебаева Ақбота Талғатқызы
«Болашақ» университетінің магистранты



Қазақ халқының тілдік фольклоры - ұлттың рухани дүниесінің айнасы. Мақал-мәтелдер - ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық таным, дүниетаным, моральдық қағидалар мен өмір салтын бейнелейтін қысқа әрі мағыналы сөз туындылары. Бұл зерттеуде қазақ мақал-мәтелдерінің құндылықтық мазмұны ұлттық таным деңгейінде талданып, олардың адамгершілік, еңбек, табиғатқа қатынас, отбасы, қоғам салаларындағы рөлі ғылыми тұрғыдан көрсетіледі. Қазіргі жаһандану үдерісі жағдайында ұлттық болмысты, тарихи жады мен рухани құндылықтарды сақтау мәселесі әлемдік деңгейде өзектілікке ие болып отыр. Әсіресе жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруда халықтық педагогика мен ауыз әдебиетінің орны ерекше. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ мақал-мәтелдері - ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесін, моральдық-этикалық қағидаларын, дүниені қабылдау ерекшелігін бойына сіңірген бірегей рухани мұра.

Қазақ мақал-мәтелдері тек тілдік бірлік ғана емес, оларда халықтың әлеуметтік құрылымы, шаруашылық түрі, дүниетанымы, табиғатпен қарым-қатынасы және қоғамдық қатынастарға деген көзқарасы жинақталған. Әрбір мақал мен мәтелдің астарында ұлттың болмысын айқындайтын ұлттық таным, ал мазмұнында адамгершілік, еңбек, бірлік, сабыр, отбасы, үлкенге құрмет, туған жерге сүйіспеншілік сияқты рухани құндылықтар көрініс табады. Сондықтан мақал-мәтелдерді зерттеу - ұлттық мәдени кодты танудың маңызды жолы. Дегенмен қазіргі кезеңде мақал-мәтелдерді ұлттық таным мен рухани құндылықтар жүйесі тұрғысынан кешенді зерттеу, сондай-ақ оларды өзге халықтардың мақал-мәтелдерімен салыстыра талдау мәселесі өзектілігін жойған жоқ. Бұл бағыттағы зерттеулер ұлттық ерекшелікті айқындаумен қатар, мәдениетаралық ұқсастық пен айырмашылықты ашуға мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдер арқылы халықтың өмірге деген философиялық көзқарасы, әлеуметтік жауапкершілігі мен адамгершілік нормалары қалыптасады. Олар дәстүрлі тәрбие жүйесінің негізгі тіректерінің бірі ретінде ұрпақ тәрбиесінде маңызды қызмет атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, мақал-мәтелдерді білім беру мен тәрбие процесінде тиімді пайдалану мәселесі де ерекше маңызға ие. Мақал-мәтелдерді білім беру процесіне енгізу - ұлттық тәрбие мен рухани даму үшін маңызды.

Қазақ мақал-мәтелдері ұлттық таным мен рухани құндылықтардың айқын көрінісі болып табылады. Олар адамгершілік, еңбек, табиғат, отбасы, қоғам туралы ұғымдарды ұрпаққа жеткізетін қысқа әрі мәнерлі тілдік құралдар.

Мақал-мәтелдерді тану - ұлттық рухани мұраны терең түсінудің негізі. Қазақ мақал-мәтелдері – ұлттық таным мен рухани құндылықтарды сақтаудың, ұрпақ санасына сіңірудің ең ықшам әрі әсерлі формасы. Зерттеу нәтижесінде мақал-мәтелдердің тек тілдік бірлік емес,

қазақ халқының тарихи жады, өмірлік философиясы, моральдық-этикалық кодексі екені дәлелденді. Онда адамгершілік, еңбек, бірлік, отбасы, табиғатқа құрмет, сабыр мен жауапкершілік сияқты рухани құндылықтар жүйелі түрде көрініс тапқан. Мақал-мәтелдердегі ұлттық таным халықтың дүниені қабылдау ерекшелігін, өмірлік тәжірибесін, әлеуметтік қатынастарын бейнелейді. Әсіресе адам мен қоғам, адам мен табиғат, адам мен отбасы арасындағы байланыс мақал-мәтелдер арқылы тәрбиелік сипатта ұсынылады. Бұл олардың тәрбие құралы ретіндегі әлеуетін айқындайды. Ендігі кезекте әлем халықтары бойынша осы құндылықтар қалай қызмет етеді екен, соған назар салайық.

Ұлттар	Құндылық	Мақал-мәтелдер
Қазақ	Еңбек Уақыт	Еңбек етсең ерінбей Жер – қазына Ерте тұрған еркектің ырысы артық
Қытай	Табиғат	Табиғат - ұстаз
Орыс	Еңбек	Без труда не вытащишь и рыбку из пруда
Ағылшын	Уақыт	Time is money

Қай халықты алсақ та, құндылық бір. Сәйкесінше ондағы мақал-мәтелдердің атқаратын рөлі мен мағынасы да ұқсас екен.

Зерттеу барысында мақал-мәтелдердің басым бөлігі адамгершілік пен еңбекке бағытталғаны анықталды. Бұл қазақ қоғамында моральдық тазалық пен адал еңбектің басты құндылық болғанын көрсетеді. Сонымен қатар табиғатқа қатысты мақалдар экологиялық сана қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Зерттеу нәтижелеріне сүйеніп отырып, төмендегідей нақты практикалық ұсыныстар жасауға болады:

1. Білім беру жүйесінде қолдану

Бастауыш және орта білім беру бағдарламаларына «Мақал-мәтел арқылы ұлттық тәрбие» атты арнайы модуль енгізу;

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мақал-мәтелдерді құндылықтық тұрғыдан талдау әдісін қолдану;

Оқушыларға мақал-мәтелдерді тек жаттатпай, өмірмен байланыстырып түсіндіру (кейс, ситуациялық тапсырмалар арқылы).

2. Тәрбие жұмысында пайдалану

Сынып сағаттарында мақал-мәтелдер негізінде тәрбиелік әңгімелер мен пікірталастар ұйымдастыру;

«Бір мақал – бір тәрбие» қағидаты бойынша апталық немесе айлық рухани іс-шаралар өткізу;

Отбасы мен мектеп байланысын күшейту мақсатында ата-аналар жиналысында мақал-мәтелдерді пайдалану.

3. Ұлттық құндылықтарды насихаттау

Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында мақал-мәтелдерге негізделген қысқа бейнероликтер, инфографикалар әзірлеу;

Жастар арасында ұлттық дүниетанымды қалыптастыру



үшін мақал-мәтелдерге арналған онлайн-платформалар мен мобильді қосымшалар жасау.

4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарында

Мақал-мәтелдерді тақырыптық, семантикалық, құндылықтық тұрғыдан жүйелеу жұмыстарын жалғастыру;

Педагогика, мәдениеттану, этнолингвистика салаларында мақал-мәтелдерді дербес зерттеу нысаны ретінде қарастыру;

Аймақтық мақал-мәтелдерді жинақтап, салыстырмалы талдау жүргізу.

Қазақ мақал-мәтелдері — ұлттық рухтың тірегі, рухани құндылықтарды сақтаудың пәрменді құралы. Оларды білім беру, тәрбие, мәдени саясат салаларында жүйелі қолдану ұлттық сананы қалыптастырудың тиімді жолы

болып табылады. Сондықтан мақал-мәтелдерді заманауи білім мен тәрбие жүйесіне бейімдеп енгізу - бүгінгі күннің өзекті міндеті.

Пайдаланған әдебиеттер

Өуезов М. Қазақ мақал-мәтелдері. - Алматы: Қазақ университеті баспасы, 1980.

Қайдар Ә. Фольклортану және мақал-мәтелдер. - Астана: Ғылым, 2005.

Жүргенов Т. Қазақтың рухани мәдениеті. - Алматы: Ана тілі, 1998.

Бейсенов С. Этнография және тіл мәдениеті.-Шымкент: Білім, 2010.

Бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың педагогикалық негіздері

Алыбаева Лаззат Абдикаримовна

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, “№46 А.С. Пушкин атындағы мектеп-лицейі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Функционалдық сауаттылық ұғымының мәні ашылып, оның бастауыш білім беру жүйесіндегі маңызы айқындалады. Оқу үдерісінде қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер, өмірмен байланысты тапсырмалар мен оқушының танымдық белсенділігін арттыру жолдары сипатталады. Сонымен қатар функционалдық сауаттылықты дамытуда мұғалімнің кәсіби рөлі мен заманауи білім беру технологияларының ықпалы талданады.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, функционалдық сауаттылық, білім беру, оқыту әдістемесі, өмірмен байланыс, құзыреттілік.

Қазіргі қоғамда білімнің сапасы оқушының тек теориялық білімді меңгеруімен емес, оны күнделікті өмірде қолдана алу қабілетімен өлшенеді. Осы тұрғыда функционалдық сауаттылық ұғымы білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттарының біріне айналып отыр. Функционалдық сауаттылық – оқушының алған білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді пайдалана білу дағдысы.

Бастауыш мектеп – функционалдық сауаттылықтың іргетасы қаланатын маңызды кезең. Бұл кезеңде оқушы оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу сияқты базалық дағдыларды меңгеріп қана қоймай, ақпаратты түсіну, талдау, қолдану қабілеттерін қалыптастырады. Сондықтан бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты жүйелі түрде дамыту – бүгінгі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі.

Функционалдық сауаттылық – тұлғаның әлеуметтік, мәдени және экономикалық өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік беретін негізгі қабілеттер жиынтығы. Ол

оқушының мәтінді түсінуі, ақпаратты сараптауы, өз ойын дәлелдеп жеткізе білуі, түрлі жағдаяттарда шешім қабылдауы арқылы көрініс табады.

Бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықтың қалыптасуы:

- оқушының оқу сауаттылығын арттыруға;
- логикалық және сыни ойлауын дамытуға;
- тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруге;

- өзіндік пікір қалыптастыруына ықпал етеді.

Осылайша функционалдық сауаттылық бастауыш білім мазмұнының негізгі нәтижесі ретінде қарастырылады.

Бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты дамыту бірнеше өзара байланысты бағытта жүзеге асады:

Оқу сауаттылығы. Оқушы мәтінді түсініп оқу, негізгі ойды анықтау, ақпаратты іріктеу дағдыларын меңгереді.

Жазу сауаттылығы. Оқушы өз ойын жазбаша түрде жүйелі жеткізуге үйренеді.

Коммуникативтік сауаттылық. Ауызша сөйлеу, тыңдау және диалогке түсу қабілеттері дамиды.

Ақпараттық сауаттылық. Ақпаратты қабылдау, талдау және қолдану дағдылары қалыптасады.

Бұл бағыттардың барлығы оқу үдерісінде кешенді түрде жүзеге асырылған жағдайда ғана тиімді нәтиже береді.

Функционалдық сауаттылықты дамытуда белсенді оқыту әдістерін қолдану ерекше маңызға ие. Олардың қатарында:

- өмірмен байланысты жағдаяттық тапсырмалар;
- мәтінмен жұмыс (талдау, салыстыру, қорытынды шығару);
- жұптық және топтық жұмыстар;
- сұрақ-жауап және пікірталас элементтері;



• шығармашылық тапсырмалар (әңгіме құрастыру, жоба қорғау).

Аталған әдістер оқушыны белсенді әрекетке тартып, білімді тәжірибеде қолдануға үйретеді.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда мұғалімнің кәсіби шеберлігі шешуші рөл атқарады.

Мұғалім:

- сабақ мазмұнын өмірмен байланыстыра ұйымдастырады;
- оқушының дербес ойлауына мүмкіндік береді;
- ынталандырушы орта қалыптастырады;
- оқытуда заманауи әдіс-тәсілдер мен технологияларды тиімді қолданады.

Мұғалімнің бағыттаушы, ұйымдастырушы рөлі оқушының функционалдық сауаттылығын дамытуға тікелей әсер етеді.

Қазіргі білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану функционалдық сауаттылықты дамытуға кең мүмкіндік береді. Интерактивті тапсырмалар, электронды оқулықтар, мультимедиялық ресурстар оқушының қызығушылығын арттырып, білімді тәжірибеде қолдануға жағдай жасайды.

Қорытындылай келе, бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – оқушының болашақ өмірге бейімделуінің маңызды алғышарты. Функционалдық сауаттылыққа бағытталған оқыту әдістерін жүйелі қолдану оқушының танымдық белсенділігін арттырып, білім сапасын жақсартады. Сондықтан бастауыш білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты дамытуға ерекше назар аудару қажет.

Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі

*Дидаров Рамазан
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы № 24 Ү Түктібаев атындағы
орта мектебі КММ тарих пәні мұғалімі*

Бөлім:	Өркениет: даму ерекшеліктері	
Педагогтің аты-жөні	Дидаров Рамазан Қазалы ауданы № 24 Ү Түктібаев атындағы орта мектебі КММ тарих пәні мұғалімі	
Күні:	14 қазан	
Сынып: 10Б	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	10.1.3.1- Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау;	
Сабақтың мақсаты	Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет ескерткіштерін (Пазырық кілемі, Андрон арбасы, Алтын адам, киіз үй) сипаттайды; Көшпелі және отырықшы мәдениеттің ерекшеліктерін салыстырады; Мәдени жетістіктердің адамзат өркениетіне қосқан үлесін түсіндіреді және қорытынды жасайды.	
Бағалау критерийі	тарихи деректер мен суреттерге сүйеніп, Андрон арбасы, Пазырық кілемі, Алтын адам, киіз үй туралы қысқаша сипаттама береді. екі мәдениеттің айырмашылығы мен ұқсастығын анықтайды (мысалы, тұрмыс, еңбек, өнер саласында). мәдениеттің әлемдік өркениетке әсерін дәлелдеп, өз ойын қорытынды тұжырыммен аяқтайды.	
Құндылықтарға баулу	Тәуелсіздік және Отаншылдық» «Отанды сүю – отбасынан басталады!» Тарихи тұлғалардың ерлігі арқылы отансүйгіштік құндылығын терең түсіндіру; Оқушыларды ұлттық рух пен тәуелсіздік идеясын қадірлеуге бағыттау. Музыкалық ұлтты құндылықты рухани жаңғырту	

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
------------------------	--------------------	------------------	---------	-----------



<p>Сабақтың басы 7 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі 1. Сәлемдесу: – Мұғалім оқушылармен жылы жүзбен амандасып, сыныпта достық атмосфера орнатады. – <i>Сәлеметсіндерме, балалар! Бүгін біз өз тарихымыздың алтын беттерін ашып, Орталық Азия халықтарының әлемдік мәдениетке қосқан үлесін зерттейміз!</i> 2. Оқушыларды түгелдеу: – Мұғалім оқушылардың қатысуын тексереді. 3. Психологиялық жағымды ахуал туғызу: □ <i>Музыка (ұлттық аспап үні немесе тыныш фон) “Мәдениет көпірі” әдісі:</i> 4. Топқа бөлу: I топ – “Солтүстік археологтар” II топ – “Оңтүстік археологтар” 5. Алдыңғы білімді пысықтау <u>«Тарихтағы батырлардың ізімен» әдісі</u> (Кұндылықты даралау арқылы үй тапсырмасын сұрау) Мұғалімнің кіріспе сөзі: – Балалар, біз өз Отанымызды сүюді ең алдымен отбасымыздан, тарихымыздан бастаймыз. Ежелгі бабаларымыз жерін, елін қорғап, ерлігімен Тәуелсіздік жолын салды. Ендеше, сол батырлардың ізімен жүріп, өткен тақырыпты еске түсірейік!</p>	<p>Сабақ құралдарын түгелдеп саққа назарын аударады. Кезекші сынып оқушыларының сабаққа қатысуын мұғалімге баяндайды. Оқушылар бір-біріне жылы сөз айтады: – <i>Сен біздің тарихымыздың жалғасысың!</i> – <i>Сенің білімің – еліміздің болашағы!</i> <i>Оқушылар жер және алтын бейнеленген суреттер мозаикамен екі топқа бөлінеді,</i> Сұрақтарға жауабын оқушылар жасанды интелект бағдарламасы арқылы жасалған ойын сұрақ-жауаптарды кезектесе ұсынады. Сұрақ-жауап 1)Ежелгі көшпелілердің әлемдік тарихтағы басты қарсыластары кімдер болды? (Ассирия, Урарту, Ахеменидтер, Қытай – бұл олардың әскери қуатын көрсетеді.) 2)Скифтердің Алдыңғы Азияға жасаған жорықтарының нәтижесінде қандай тарихи өзгеріс болды? (Ассирия империясының әлсіреуі, Мидия мен Парсы мемлекеттерінің қалыптасуы.) 3)Кир патшаның сақтарға қарсы жорығы қалай аяқталды? (Кир Әмудария жағасындағы шайқаста қаза тапты – бұл сақтардың ерлігі мен еркіндігі.) 4)Шырақ туралы халық аңыз нені дәлелдейді? (Сақ халқының айласы мен батырлығы, елін қорғау жолындағы жанқиярлық ерлік.) 5)Александр Македонскийге қарсы күресте сақтар мен соғдылықтардың басшысы кім болды және ол не істеді? (Спитамен – ержүрек қолбасшы, батыс басқыншыларына қарсы соғысқан.) 6)Ғұндар мен Қытай арасындағы соғыстардың тарихи маңызы неде? (Ғұндар өз тәуелсіздігін сақтап, Ұлы қоныс аудару дәуіріне жол ашты – бұл әлемдік тарихқа үлкен әсер етті.)</p>	<p>Кері байланыс. Мұғалімнің ынталандыруы</p> <p>ҚБ: Әр дұрыс жауапқа оқушы “ « Батыр жұлдызы” алады. Ең көп жұлдыз жинаған оқушы – “Сыныптың батыр тарихшысы”.</p>	<p>Оқулық, жұмыс дәптері, құралдыры</p> <p>Музыка ұлттық күй (Құрманғазының «Са-рыарқа» күйі) жер және алтын суреттері</p> <p>https://www.baamboozle.com/game/3708737</p> <p>Жұлдызды стикерлер</p>
<p>Жаңа сабақ 8 минут</p>	<p>«Сурет бойынша болжам айту» <u>Интерактивті ой қозғау әдісі</u></p> <div data-bbox="293 1697 577 2011"> <p>Ашхана, көне ерб (ақпарат)</p> <p>Базар, кілем</p> <p>Сәлеметсіздерме, қызым</p> <p>Сәлеметсіздерме, қызым</p> </div> <p>Іақтадағы суреттер бойынша болжам сұрақтар қояды:</p>	<p>Суреттерге назар аударады, оларды мұқият қарайды. Сұрақтарға өз болжамдарын айтады: Мысалы: – Бұл – көне дәуірдің бұйымдары. – Бұларды біздің ата-бабаларымыз жасаған. – Олар өнерлі, шебер халық болған. Өз көзқарасын білдіреді, болжау жасайды. – Мәдениет пен өнердің дамуына жол ашты. – Адамзат өмірін байытты. Тақырып пен оқу мақсатын жұмыс дәптеріне жазады. Кітапшаны оқып, топ арасында қорғайды.</p>	<p>ҚБ: Мұғалімнің ынталандыруы «Керемет байқадың!», «Тарихшыдай ойладың!» «Жақсы дәлел келтірдің!», «Міне, нағыз зерттеуші!» «Өте қызықты пікір, жарайсың!»</p>	



<p>Бұл суреттер нені бейнелейді? Қай халыққа немесе дәуірге тән деп ойлайсыңдар? Бұл бұйымдар нені дәлелдейді? Ойды тереңдету үшін бағыттаушы сұрақтар қояды: 1. Осындай бұйымдар адамзат дамуына қандай үлес қосқан деп ойлайсыңдар? 2. Егер мұндай мәдени жетістіктер болмаса, тарих қандай болар еді? Болжам сұрақтары арқылы тақырып пен оқу мақсатын айқындап оқушылар, а таныстырады Жаңа сабақты меңгеруге жи көмегемін жасалған «Ұлы дала мұрасы» түсіндірме кітапшасы ұсынылады</p>		<p>https://gamma.app/docs/-swh-fj8mpmug5c5o?mode=doc презентация</p> <p>Оқулық жұмыс Дәптер https://g.co/gemini/share/9f-d55afe5731 «Ұлы дала мұрасы» кітапшасы</p>																				
<p>Сабақтың ортасы 25 минут</p>	<p>1-тапсырма Топтық жұмыс: “Археологтар кеңесі” әдісі · I топ – “Солтүстік археологтар” (Андрон арбасы, Пазырық кілемі) · II топ – “Оңтүстік археологтар” (Алтын адам, Киіз үй Оқушыға жәдігерлері бар суреттер ұсынады.) Қазба жұмысы кезінде ерекше 2 жәдігер таптыңдар. Әр жәдігерге қарап, зерттеу жүргізіп, қорытынды жазыңыздар.</p>	<p>Назар аударады, рөлге еніп дайындалады. Топ ішінде талқылайды, сипаттайды, зерттеу парағын толтырады Топ спикері нәтижесін қорғайды, қалғандары тыңдап, сұрақ қояды.. Зерттеу парағы</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th></th> <th colspan="2">Зерттеу нысаны</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1. Бұл не? (атауы)</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2. Неден жасалған?</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3. Қай дәуірге, халыққа тән?</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>4. Қандай мақсатта қолданылған?</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>5. Адамзат мәдениетіне қосқан үлесі</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>		Зерттеу нысаны		1. Бұл не? (атауы)			2. Неден жасалған?			3. Қай дәуірге, халыққа тән?			4. Қандай мақсатта қолданылған?			5. Адамзат мәдениетіне қосқан үлесі			<p>Дескрипторлар Берілген жәдігердің атауын және жасалу ерекшелігін анықтай алады – 1 балл тарихи дерекке сүйеніп жауап берді - 1 балл Адамзат дамуына қосқан үлесін түсіндірді – 1 балл ҚБ:Топ арасында бағалау</p>	<p>Жұмыс парағы</p>
	Зерттеу нысаны																					
1. Бұл не? (атауы)																						
2. Неден жасалған?																						
3. Қай дәуірге, халыққа тән?																						
4. Қандай мақсатта қолданылған?																						
5. Адамзат мәдениетіне қосқан үлесі																						
	<p>2-тапсырма Жұптық жұмыс: “Салыстыр және дәлелде” әдісі (дәптермен жұмыс)</p> <p>1- оқушы — көшпелі мәдениет өкілі, 2-оқушы — отырықшы мәдениет өкілі. Әрқайсың өз мәдениетінің артықшылығын 3 нақты дәлелмен қорғайсыздар. Соңында екеуің бірігіп ортақ пікірмен қорытындылайды. 3-тапсырма Жеке жұмыс: “5 сөйлемдік тұжырым” әдісі мәдени жетістіктердің бірін таңдаңыздар. Оның адамзат өркениетіне әсерін 5 сөйлеммен жазыңдар. Әр сөйлем жаңа ой білдірсін.” — деп нақты бағыт береді. Жетелеуші сұрақтармен Неліктен ол маңызды?”, “Бүгінгі өмірмен байланысын қалай түсіндіресің?” бағыт-бағдар ұсынады.</p>	<p>Дәлелдемелер келтіреді</p> <ol style="list-style-type: none"> ----- ----- ----- <p>Ортақ пікір “Екі мәдениет те адамзат дамуына үлес қосты”</p> <p>5 сөйлемдік құрылым бойынша өз ойын жүйелейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> Бұл - ... Ол ... дәуірінде пайда болды Ол адамдарға ... көмектесті. адамзат өркениетіне әсері ... Менің қорытындым: ... 	<p>Дескриптор Екі мәдениеттің ерекшеліктерін атады -1 балл 3 нақты дәлел ұсынды -1 балл Ортақ тұжырым айтты 1 балл</p> <p>Дескрипторлар Нысанды нақты атады Ол не үшін және қалай қолданылғанын көрсетті Нақты тарихи немесе мәдени үлесін көрсетті Өз көзқарасын және тұжырымын жазды</p>	<p>Жұмыс дәптері презентация</p>																		

<p>Сабақтың соңы</p> <p>7 минут</p>	<p>Бекіту тапсырмасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> Қола дәуіріндегі негізгі көлік құралы не болды? A) Киіз үй B) Әскери арба C) Жүк арба D) Ат Андрондықтардың алғашқы екі доңғалақты әскери арбасы қай жерден табылған? A) Арқайым B) Сынтасты C) Пазырық D) Есік Пазырық кілемі қандай материалдан жасалған? A) Мақтадан B) Киізден C) Жүннен D) Былғарыдан Пазырық кілемінің ерекшелігі неде? A) Ол ағаштан жасалған B) Ол түкті, өрнекті, ашық түсті C) Ол металдан тоқылған D) Ол алтынмен безендірілген “Алтын адам” қай жерден табылды? A) Пазырық B) Арқайым C) Есік D) Сынтасты Киіз үйдің алғашқы үлгісі қай дәуірде пайда болды? A) Темір дәуірі B) Қола дәуірі C) Орта ғасыр D) Неолит дәуірі Киіз үйдің басты артықшылығы неде болды? A) Қымбат материалдан жасалуы B) Суы өтпейтін және тез жиналатын C) Төртбұрышты пішіні D) Ауыр әрі тұрақты баспана болуы Көшпелі мәдениеттің негізгі ерекшелігі неде болды? A) Қала салу өнері B) Мал шаруашылығы және көшу C) Сауда және қолөнер D) Теңіз жағалауындағы өмір Отырықшы мәдениеттің басты жетістігі қандай еді? A) Атқа міну B) Қару жасау C) Егіншілік пен сәулет өнері D) Мал шаруашылығы Андрондық мәдениет пен оңтүстіктегі отырықшы мәдениеттің басты айырмашылығы неде болды? A) Діни нанымдарында B) Қыш бұйымдары мен құрылыс материалдарында C) Тілінде D) Сауда қатынастарында <p>Рефлексия</p> <p>Кері байланыс</p> <ol style="list-style-type: none"> Мен сабақ қызықты _____ қызықсыз болды деп ойлаймын. Мен сабақта: үйрендім көп нәрсені _____ үйренгенім аз болды. Мен басқаларды мұқият _____ зейінсіз тыңдадым. Мен пікірсайыстарға жиі _____ сирек қатыстым Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын _____ риза емеспін. <p>Қорытынды. Мұғалімнің сабақты қорытындылауы</p>	<p>Тест сұрақтарына дұрыс жауап нұсқасын ұсынып бүгінгі сабақта аған білімдерін бекітеді</p> <p>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</p>	<p>10 балдық жүйемен оқушылардың тапсырмалардан алған баллдары бойынша өз деңгейіне қарай бағаланады</p>	<p>https://word-wall.net/resource/99727376/%d0%b1%d0%b5%d0%b7-%d0%bd%d0%b7%d0%b2%d0%bd%d0%bd%1%8f1</p> <p>Білім класс Презентация</p>
-------------------------------------	---	--	--	---



Қосымша білім беру педагогінің «Дарын» саласындағы жұмыс формаларының маңызы

Балниязова Гаухар Кабидуллоевна

Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, «№3 Ембі қалалық ЖББОМ» КММ қосымша білім беру педагогы

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде қосымша білім беру педагогінің рөлі ерекше. Бұл мамандық оқушылардың шығармашылық, интеллектуалдық және жеке дамуын қамтамасыз ететін маңызды сала болып табылады. Қосымша білім беру жүйесі мектептен тыс ұйымдарда, үйірмелерде, секцияларда және шығармашылық студияларда жүзеге асырылады.

Қосымша білім беру педагогі – оқушылардың шығармашылық, зияткерлік, спорттық және әлеуметтік әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды тұлға. Оның қызметі мектептегі негізгі білім беруді толықтырып қана қоймай, баланың жеке қабілеттерін ашуға, қызығушылықтарын дамытуға және болашақ кәсіби бағдарын айқындауға ықпал етеді.

1. Қосымша білім берудің мақсаты мен міндеттері

Қосымша білім беру педагогінің негізгі мақсаты – оқушының тұлғалық дамуына жағдай жасау. Осы мақсатқа жету үшін педагог:

- оқушылардың қызығушылығы мен қабілеттерін анықтайды;
- шығармашылық және практикалық дағдыларын қалыптастырады;
- өздігінен білім алуға, зерттеуге ынталандырады;
- әлеуметтік белсенділік пен жауапкершілікті дамытады.

2. Оқушылармен жұмыс формалары

Қосымша білім беру педагогі әртүрлі жұмыс формаларын қолданады:

- үйірмелер мен секциялар (өнер, спорт, робототехника, тіл үйрену, т.б.);
- жеке және топтық сабақтар;
- жобалық және зерттеу жұмыстары;
- байқаулар, көрмелер, фестивальдер, жарыстар;
- шеберлік сыныптары мен тренингтер.

Бұл формалар оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың қабілеттерін тәжірибе арқылы дамытуға мүмкіндік береді.

3. Оқушылармен жұмыс әдістері

Педагог өз жұмысында заманауи әдістерді тиімді қолданады:

- ынтымақтастыққа негізделген оқыту;
- ойын және шығармашылық технологиялар;
- жобалық және проблемалық оқыту;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- саралап және жеке бағытталған жұмыс.

4. Тәрбиелік және тұлғалық даму аспектісі

Қосымша білім беру педагогі оқушылардың:

- өзін-өзі бағалауына;
- көшбасшылық қабілеттерінің дамуына;

- ұжымда жұмыс істеу дағдыларына;
- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруіне ерекше мән береді.

5. Педагогтің кәсіби рөлі

Қосымша білім беру педагогі – ұйымдастырушы, кеңесші, тәлімгер және серіктес. Ол оқушының жетістігін қолдап, қиындықтарын жеңуге көмектеседі, шығармашылық еркіндік пен қауіпсіз орта қалыптастырады.

Қосымша білім беру педагогі – оқушыларға қосымша білім мен дағдыларды меңгеруге көмектесетін маман. Бұл мамандар балалардың бейімділігі мен қызығушылығына сәйкес білім беруді ұйымдастырады. Қосымша білім беру әртүрлі бағыттарда жүзеге асырады:

Шығармашылық бағыт (музыка, сурет, би, театр);

- Ғылыми - техникалық бағыт (робототехника, бағдарламалау, зерттеу жұмыстары);
- Спорттық бағыт (футбол, жүзу, гимнастика);
- Әлеуметтік және гуманитарлық бағыт (лидерлік, волонтерлік, қоғаммен жұмыс істеу).

Қосымша білім беру педагогі балалардың әлеуетін ашуға, олардың өзін - өзі дамытуына және өз қабілеттерін шыңдауына жағдай жасайды.

Қосымша білім беру педагогінің негізгі міндеттері мынадай:

- Балалардың қызығушылығы мен қабілеттерін дамыту;
- Оқушыларға заманауи дағдыларды үйрету;
- Интерактивті және шығармашылық әдістерді қолдану арқылы білім беру;
- Балалардың мотивациясын арттыру;
- Жеке және топтық жұмыс жүргізу;
- Ата - аналармен, мектеп және басқа да ұйымдармен ынтымақтастық орнату.

Қосымша білім беру педагогтері оқушылармен еркін форматта жұмыс істей отырып, олардың жан - жақты дамуына ықпал етеді деп ойлаймын. Сабақ барысында ойын, практикалық жұмыстар және инновациялық әдістер қолданылады.

Қосымша білім беру жүйесі балалардың өздерін еркін сезінуіне, жаңа нәрселерді үйренуіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Бұл жүйе балалардың өзіне деген сенімділігін арттырып, қоғамдағы белсенді азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, қосымша білім беру арқылы:

- Балаға өзіндік даму траекториясын таңдауға мүмкіндік береді;
- Академиялық үлгерімді жақсартуға көмектеседі;
- Кәсіби бағдар беруде маңызды рөл атқарады;
- Оқушылардың әлеуметтік бейімделуіне оң ықпал



етеді.

Қазіргі таңда қосымша білім беру саласы үнемі дамып, жаңа технологиялар мен оқыту әдістерін енгізуде. Мысалы, онлайн оқыту платформалары мен виртуалды курстар білімге қолжетімділікті арттырды. Бұл педагогтердің жаңа құралдарды меңгеруіне және өздерінің кәсіби деңгейін үнемі жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Сондай - ақ, STEAM - білім беру (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика бағыттары) қосымша білім берудің маңызды трендтерінің бірі болып табылады. Бұл бағыт балаларға теориялық білімді практикада қолдануға мүмкіндік береді және оларды болашақта сұранысқа ие мамандықтарға дайындайды.

Қорытынды

Қосымша білім беру педагогі – балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына ықпал ететін маңызы зор маман. Бұл сала оқушыларға өз қабілеттерін ашуға, жаңа дағдыларды меңгеруге және

өз болашағын саналы түрде жоспарлауға көмектеседі. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде қосымша білім беру педагогтері маңызды рөл атқарады және олардың еңбегі балалардың болашақ жетістіктеріне тікелей әсер етеді.

Қосымша білім беру педагогінің оқушылармен жұмысы – баланың жан-жақты дамуына бағытталған жүйелі әрі шығармашылық үдеріс. Педагогтің кәсіби шеберлігі мен оқушыға жеке тұлға ретінде қарауы қосымша білім берудің тиімділігін арттырып, оқушының болашақта өз орнын табуына негіз қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан (проект) [Электронный ресурс] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=3002095

<https://bsh.kz/news/1168>

<http://zkoipk.kz/ru/confnis3s/670-confnis.html>

https://lib.kainar-edu.kz/wp-content/uploads/2018/01/Kazak_adebietin_okytu_adistemesi_Zhumakaeva.pdf



Мәтінді түсініп оқу және талдау дағдыларын дамыту: бастауыш мектепке арналған интеграциялық тәсіл

Қаймолдаева Арайлым Назызбекқызы

Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Нағи Илиясов ауылы №132

Т.Айтбаев атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі – оқушының мәтінді түсініп оқу және оны талдау дағдыларын қалыптастыру. Мектеп тәжірибесінде көп жағдайда оқылым әрекеті тек дыбыстап немесе іштей оқумен шектеліп жатады. Алайда мәтінді оқу – ақпаратты қабылдау ғана емес, ол оқушының ойлау, салыстыру, түсіндіру, бағалау және пікір білдіру сияқты күрделі когнитивтік үдерістерін іске қосатын танымдық әрекет. Осы тұрғыдан алғанда, бастауыш мектеп кезеңі оқылым мәдениетінің іргетасы қаланатын маңызды кезең болып табылады.

Жаңартылған білім беру мазмұны оқушының белсенді оқу әрекетін ұйымдастыруға, өз бетінше ойлануға, талдауға және пікір білдіруге жағдай жасауға бағытталған. Бұл міндетті жүзеге асыруда «Әдебиеттік оқу» пәні негізгі рөл атқарады. Бұл пән көркем мәтінді меңгертумен ғана шектелмей, оқушының тілдік, эстетикалық, мәдени және тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді. Мәтінді түсініп оқу қабілеті — баланың логикалық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытудың тиімді құралы.

Бастауыш жастағы балалардың психологиялық ерекшелігі – дүниені мәтін арқылы танып, кейіпкер әрекеті арқылы адамгершілік құндылықтарды меңгеруі. Әдеби мәтін – тек тілдік материал емес, ол баланың эмоциялық әлемін, ойлау мәдениетін, өзге адамдарды түсіну қабілетін дамытатын құрал. Сондықтан «Әдебиеттік оқу» пәні оқу сауаттылығын ғана емес,

тұлғалық қалыптасуды да қамтамасыз етуі тиіс.

Оқушының мәтінге қатынасы тек оқылым әрекетімен шектелмей, оның ішкі ойлау және сезіну механизмдерін іске қосуға бағытталуы қажет.

Алайда қазіргі тәжірибеде мәтінді талдаудың жүйелі моделі әрдайым толық іске асырылмайды: кейбір сабақтарда оқушы тек мазмұндаумен шектелсе, кейбірінде мәтіннің идеялық жағы ашылмай қалады. Мұның себебі – бастауыш сыныпқа арналған бірыңғай, нақты, әдістемелік тұрғыдан жүйеленген модельдің жеткілікті қолданылмайтынында. Сондықтан ұсынылып отырған интеграциялық авторлық бағдарлама осы олқылықтың орнын толтыра отырып, мәтінді түсініп оқу мен талдаудың тұтас құрылымын ұсынады.

Осы қажеттіліктерден бастау ала отырып, бастауыш мектеп оқушыларының мәтінмен жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталған интеграциялық авторлық модель ұсынылады. Бұл модельде мәтінді түсініп оқу, талдау, функционалдық сауаттылық элементтері және құндылықтық-рефлексивтік тәсіл біртұтас жүйе ретінде тоғысады. Интеграциялық тәсілдің ерекшелігі – оқушы тек дайын ақпаратты меңгерумен шектелмей, мәтін арқылы жаңа білім мен мағынаны өз бетімен құрастырады. Бұл конструктивизм қағидасына негізделген.

Оқу мотивациясы мен функционалдық сауаттылық. Мәтінді өмірлік жағдаяттармен байланыстыра оқу мотивациясын арттырады. Бұл тәсіл оқушыны ақпаратты

“тұтынушы” емес, мағынаны құрастырушы тұлғаға айналдырады. Сонымен қатар, литературлық мәтінді оқу функционалдық сауаттылықтың дамуына ықпал етеді, өйткені оқушы жаңа ақпаратты өмірлік жағдайларда қолдану тәсілдерін үнемі іздейді

Модельдің гуманистік сипаты – әр баланың жеке оқу тәжірибесін, ішкі уәжін, эмоциялық қабылдауын назарда ұстай отырып, мәтін мазмұнын түсінуін қолдау. Оқушы әдеби туындыны оқу барысында автор ойын танумен қатар, оны өзінің өмірлік тәжірибесімен байланыстырады, кейіпкерлерді өзіне жақын сезінеді, оқиға желісіне ішкі қатынас қалыптастырады. Мұндай жұмыс балада эмпатия, өзін-өзі тану, өзгені түсіну сияқты тұлғалық қасиеттердің дамуына ықпал етеді.

Бағдарламаның өзектілігі әлемдік білім беру үрдістерімен де байланысты. PISA, PIRLS секілді халықаралық зерттеулер оқу сауаттылығын тек мәтінді түсіну деңгейінде емес, ондағы ақпаратты талдау, салыстыру, дәлелдеу және өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілеті арқылы бағалайды. Демек, оқушының функционалдық тұрғыда оқуға үйрету – бүгінгі мектептің негізгі міндеттерінің бірі. Көп жағдайда оқушылар мәтіннің сыртқы мазмұнын меңгергенімен, идеялық астарын түсіндіруде, себеп-салдар байланысын анықтауда немесе автор көзқарасын тануда қиындыққа тап болады. Сондықтан бастауыш буында мәтінді талдаудың жүйелі үлгісі қажет.

Ұсынылып отырған модель мәтінмен жұмыс істеудің

келесі бағыттарын біріктіреді: дәстүрлі әдеби талдау (кейіпкер, композиция, оқиға желісі), құндылықтық-рефлексивтік талдау (эмоциялық қабылдау, өзіндік пікір), функционалдық сауаттылық (бағалау, дәлелдеу, шешім қабылдау) және тілдік дағдыларды дамыту (ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті). Бұл бағыттардың синтезі оқылым әрекетін күрделі әрі көпқырлы әрекетке айналдырады.

Интеграциялық тәсілдің тағы бір маңызды артықшылығы – оқушының оқу мотивациясын арттыруы. Қазіргі балалар ақпаратты жылдам қабылдауға бейім, бірақ оны терең түсіну дағдысы әрдайым дамымаған болуы мүмкін. Егер мәтін өмірлік жағдаяттармен, тұлғалық тәжірибемен байланыстыра ұсынылса, оқушы үшін оқу әрекеті мағыналы әрі құнды бола бастайды. Мұндай ортада бала дайын ақпаратты тұтынушы емес, мағынаны құрастырушы әрі ойлаушы тұлға ретінде қалыптасады.

Қорытындылай келе, бастауыш мектеп жағдайында мәтінді түсініп оқу және талдау дағдыларын дамыту – функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың, тұлғалық дамудың және сапалы білім берудің негізгі шарттарының бірі. Интеграциялық модель оқу үдерісін жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, оқушының танымдық белсенділігін арттырады, тілдік мәдениетін жетілдіреді және өзіндік көзқарасын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Ағылшын тілі сабақтарында жасанды интеллект — жоғары сынып оқушыларының тілдік құзыреттіліктерін арттыру құралы

Биксариева Гульсара Жакешевна

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жарсай ауылы Жарсай негізгі мектеп-бөбекжай-балабақша кешені, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі



XXI ғасыр – цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект (ЖИ) қарқынды дамыған кезең. Білім беру жүйесі де бұл үдерістен тыс қалмай, оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңғыртуды талап етеді. Әсіресе, жоғары сыныптарда ағылшын тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын, коммуникативтік қабілетін және халықаралық деңгейдегі тілдік құзыреттіліктерін дамыту өзекті мәселеге айналып отыр.

Жоғары сынып оқушылары үшін ағылшын тілі – тек пән ғана емес, болашақ мамандыққа, академиялық мобильділікке және жаһандық ақпарат кеңістігіне жол ашатын құрал. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллектті ағылшын тілі сабақтарында тиімді қолдану – оқыту сапасын арттырудың маңызды тетігі.

Бұл баяндамада ағылшын тілі сабақтарында ЖИ-дің тілдік құзыреттіліктерді арттырудағы мүмкіндіктері, педагогикалық маңызы, артықшылықтары мен шектеулері жан-жақты қарастырылады.

1. Тілдік құзыреттілік ұғымы және жоғары сыныптағы ерекшеліктері

Тілдік құзыреттілік – оқушының тілдік білімді тәжірибеде дұрыс, орынды және еркін қолдана алу қабілеті. Жоғары сыныпта бұл ұғым келесі деңгейлермен сипатталады:

- Лингвистикалық құзыреттілік – грамматика, лексика, фонетиканы саналы түрде меңгеру;
- Коммуникативтік құзыреттілік – түрлі әлеуметтік және академиялық жағдаяттарда еркін сөйлей алу;
- Академиялық тілдік құзыреттілік – эссе жазу, пікірталасқа қатысу, презентация жасау;
- Мәдениетаралық құзыреттілік – ағылшын тілді елдердің мәдениеті мен құндылықтарын түсіну;
- Цифрлық тілдік құзыреттілік – тіл үйренуде цифрлық және ЖИ құралдарын тиімді пайдалану.

Жасанды интеллект осы құзыреттіліктердің барлығын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

2. Ағылшын тілі сабақтарында жасанды интеллектті қолданудың теориялық негіздері

ЖИ – деректерді талдай отырып, оқушының оқу әрекетін модельдейтін, бейімдейтін және болжайтын



технология. Педагогикада ЖИ:

- конструктивистік оқыту теориясына;
- тұлғаға бағытталған оқыту қағидатына;
- саралап және дербестендіріп оқыту идеясына негізделеді.

Жоғары сыныпта оқушылардың өзіндік ойлау, талдау, рефлексия жасау қабілеті қалыптасқандықтан, ЖИ олардың оқу дербестігін арттыруға ерекше ықпал етеді.

3. Жасанды интеллект арқылы тілдік дағдыларды дамыту жолдары

3.1 Тыңдалым (Listening) дағдысын дамыту

ЖИ негізіндегі аудио және бейне платформалар:

- оқушы деңгейіне сай аутентті мәтіндер ұсынады;
- тыңдалған материал бойынша автоматты тест пен

талдау жасайды;

- қиын сөздер мен тіркестерге түсіндірме береді.

Жоғары сыныпта бұл IELTS, TOEFL форматындағы тыңдалым тапсырмаларына дайындықта өте тиімді.

3.2 Айтылым (Speaking) дағдысын жетілдіру

Айтылым – жоғары сынып оқушылары үшін ең күрделі дағдылардың бірі. ЖИ:

- сөйлеуді тану технологиясы арқылы оқушының айтылымын бағалайды;
- грамматикалық және фонетикалық қателерді көрсетеді;

• виртуалды сұхбаттас (chatbot) арқылы пікірталас жүргізуге мүмкіндік береді.

Бұл оқушылардың сөйлеу сенімділігін арттырып, шынайы коммуникацияға дайындайды.

3.3 Оқылым (Reading) дағдысын дамыту

ЖИ құралдары:

- мәтін күрделілігін автоматты түрде реттейді;
- мәтін бойынша аналитикалық сұрақтар

құрастырады;

• негізгі ойды, дәлелдерді, автор позициясын анықтауға көмектеседі.

Жоғары сыныпта бұл дағды академиялық мәтіндермен жұмыс жасауда аса маңызды.

3.4 Жазылым (Writing) дағдысын қалыптастыру

ЖИ жазылымды дамытуда:

- эссе құрылымын жоспарлауға;
- логикалық байланыстарды тексеруге;
- қателерді түзетіп, түсіндірме беруге көмектеседі.

Нәтижесінде оқушы өз жазбаша жұмысын талдап, сапалы мәтін құрастыруды үйренеді.

4. ЖИ негізінде оқытуды дараландыру және бағалау

Жасанды интеллекттің басты артықшылығы – жеке оқу траекториясын құру. ЖИ:

- оқушының прогресін үздіксіз бақылап;
- әлсіз тұстарын анықтап;
- соған сәйкес тапсырмалар ұсынады.

Сонымен қатар, қалыптастырушы бағалауда:

- жедел кері байланыс береді;
- өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастырады.

Бұл жоғары сынып оқушыларының жауапкершілігін арттырады.

5. Мұғалімнің кәсіби рөлі және әдістемелік маңызы

ЖИ – көмекші құрал, ал негізгі жетекші – мұғалім.

Мұғалім:

- оқу мақсаттарын анықтайды;
- ЖИ ұсынған нәтижелерді педагогикалық тұрғыда талдайды;
- сыни ойлау мен шығармашылық тапсырмалар

ұйымдастырады.

Сонымен қатар, мұғалім оқушыларды:

- академиялық адалдыққа;
- ақпаратты сыни тұрғыда бағалауға;
- ЖИ-ді саналы қолдануға тәрбиелейді.

6. Жасанды интеллектті қолданудың артықшылықтары мен шектеулері

Артықшылықтары:

- оқыту мотивациясының артуы;
- уақытты үнемдеу;
- нақты әрі жедел кері байланыс;
- халықаралық емтихандарға тиімді дайындық.

Шектеулері:

- технологияға тәуелділік қаупі;
- интернет пен техникалық база қажеттілігі;
- мұғалімнің цифрлық құзыреттілігіне қойылатын

талаптың жоғарылауы.

Сондықтан ЖИ дәстүрлі әдістермен үйлесімде қолданылуы тиіс.

Қорытындылай келе, жоғары сыныптарда ағылшын тілі сабақтарында жасанды интеллектті қолдану – тілдік құзыреттіліктерді дамытудың инновациялық әрі нәтижелі жолы. ЖИ оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын кешенді түрде жетілдіріп, оларды халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен жасанды интеллект мүмкіндіктерінің үйлесімі – заманауи білім берудің басты кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан (проект) [Электронный ресурс] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=3002095

<https://bsh.kz/news/1168>

<http://zkoipk.kz/ru/confnis3s/670-confnis.html>

https://lib.kainar-edu.kz/wp-content/uploads/2018/01/Kazak_adebietin_okytu_adistemesi_Zhumakaeva.pdf



Студенттермен жеке жұмыстың әдістері мен құралдары: Спорттық дайындықтағы тиімділік

Джеузбаев Ганижан Бидайбекович

Алматы қаласы «Республикалық спорт колледжі» РМҚК

Педагог-тәрбиеші



Студенттермен жеке жұмыс жүргізудің әдістері мен құралдары қазіргі білім беру жүйесінде ерекше маңызға ие. Олар оқу процесінің сапасын арттырып қана қоймай, студенттердің физикалық және психологиялық дамуын қамтамасыз етіп, спорттық жетістіктеріне қол жеткізу үшін қажетті негізді құрайды. Бұл әдістер оқу процесін тиімді әрі нәтижелі ұйымдастырудың маңызды компоненті болып табылады. Әсіресе, студенттердің жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқу-спорттық процесті дұрыс бағытта құру спорттың түрлі салаларында жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жеке жұмыс жүргізу арқылы әрбір студенттің жеке дамуына көңіл бөлініп, оның қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес тапсырмалар мен жаттығулар ұсынылады. Мұндай тәсіл, өз кезегінде, студенттердің физикалық дайындығын жақсартып, олардың техникалық шеберлігін арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл әдістер студенттердің психологиялық жағдайына да оң әсер етеді, оларды мотивациялайды, өзін-өзі дамытуға деген ынтасын арттырады. Спорттық дайындықтың осы аспектілері оқу процесін толықтай жүйелендіруге және студенттердің жоғары спорттық нәтижелерге жетуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, жеке жұмыс әдістерінің тиімділігіне студенттердің әлеуметтік және эмоционалдық қабілеттері де елеулі әсер етеді. Ұжымдық жаттығулар мен топтық жұмыс студенттердің командалық дағдыларын дамыта отырып, спорттағы өзара қатынас пен жауапкершілікті арттырады. Ал психологиялық қолдау мен мотивация арқылы студенттердің психологиялық тосқауылдарын жеңіп, оларды өз мақсаттарына жетуге ұмтылдырады. Осылайша, жеке жұмыс жүргізу әдістері мен құралдары білім беру мен спорттық даярлықты үйлестіруге, студенттердің толыққанды дамуына және нәтижелі жетістіктерге жетуіне үлкен мүмкіндік береді.

1. Жеке жұмыс жүргізудің мақсаты мен мәні

Жеке жұмыс жүргізудің негізгі мақсаты – студенттің жеке мүмкіндіктерін ашу, оның физикалық және психологиялық дамуын қолдау, сондай-ақ спорттық нәтижелерге жетелеу. Мұндай тәсіл оқушының өзіне деген сенімділігін арттырып, оның оқу процесіне деген қызығушылығын нығайтады. Сонымен қатар, жеке жұмыс әрбір студенттің ерекшеліктеріне бейімделген әдістемелер мен құралдарды қолдануға мүмкіндік береді.

2. Жеке жұмыс әдістері мен құралдары

Студенттермен жұмыс жүргізу кезінде қолданылатын әдістер мен құралдардың бірнеше түрлері бар:

Жеке тапсырмалар: Спорттық дайындыққа арналған

арнайы тапсырмалар студенттің физикалық және техникалық қабілеттерін дамытады. Бұл тапсырмалар спортшының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес беріліп, оның физикалық дайындығын және техникалық шеберлігін жақсартуға бағытталған.

Психологиялық қолдау әдістері: Спорттық даярлықта студенттердің психологиялық жағдайы да маңызды рөл атқарады. Оқу процесінде психологиялық көмек көрсету, стресс жағдайымен күресуге үйрету және мотивацияны арттыру арқылы студенттердің оқу процесіне деген қызығушылығын сақтау маңызды.


Командалық жаттығулар: Топтық жұмыс және командалық жаттығулар студенттің әлеуметтік дағдыларын дамытып, топ ішінде өзара әрекеттесуді, жауапкершілікті және ұйымшылдықты қалыптастырады. Бұл тәсіл студенттердің командалық өзара әрекет ету қабілетін жақсартуға және жалпы спорттық нәтижелерге оң әсер етуге мүмкіндік береді.

Спорттық тестілеу: Студенттердің физикалық дайындық деңгейін анықтау үшін спорттық тестілеуді жүйелі түрде өткізу маңызды. Бұл әдіс студенттің күш-жігерін бағалауға, оның физикалық қабілеттерінің артуын бақылауға және тиісті өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

3. Әдістердің тиімділігі мен спорттық нәтижелерге әсері

Жеке жұмыс әдістерінің тиімділігі студенттің жеке қажеттіліктері мен спорт түрінің ерекшелігіне байланысты болады. Оқу процесінде дұрыс таңдалған әдістер студенттің денсаулығын, физикалық дайындығын жақсартып, оның техникалық шеберлігін арттырады. Сонымен қатар, бұл әдістер студенттің мотивациясын күшейтіп, спорттық жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

Республикалық спорт колледжінің тәжірибесінде осы әдістердің тиімді қолданылуы нәтижесінде студенттер халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Мысалы, 2025 жылы Қасымбек Едіге Болгарияның Самоков қаласында өткен әлем чемпионатында жеңімпаз атанды, ал Құлғайып Досжан сол жарыста күміс медальға ие болды. Бұл жетістіктер студенттердің жеке және командалық дайындықтарының нәтижелігін дәлелдейді.



Жеке жұмыс жүргізу әдістері мен құралдары оқу процесінің сапасын арттырып қана қоймай, студенттердің спорттық жетістіктеріне үлкен ықпал етеді. Мұндай әдістерді қолдану арқылы студенттер өздерінің физикалық және психологиялық дамуында айтарлықтай жетістіктерге жете алады. Студенттің жеке қабілеттерін ескере отырып, оқу-жаттығу процесін тиімді ұйымдастыру оны нәтижелі спорттық көрсеткіштерге жетелейтіні сөзсіз. Сонымен қатар, жеке жұмыс студенттердің әртүрлі деңгейдегі жарыстарға сапалы әрі жүйелі түрде дайындалуына мүмкіндік береді. Әсіресе, жоғары деңгейдегі халықаралық және республикалық жарыстарға қатысушылар үшін бұл әдістердің маңызы зор. Бұл тәсіл қазіргі білім беру жүйесі мен спорттық дайындықтың негізгі компоненттерінің бірі болып табылады, себебі ол студенттердің әртүрлі қабілеттерін кешенді түрде дамытуға жағдай жасайды. Спорттық нәтижелерге жету үшін тек физикалық дайындық жеткіліксіз. Студенттің психологиялық жағдайы, мотивациясы, өзін-өзі бағалауы және команда ішінде өзара әрекеттесуі де маңызды рөл атқарады. Сондықтан, жеке жұмыс әдістері арқылы студенттердің физикалық, психологиялық және әлеуметтік қабілеттерін

дамытуға мүмкіндік беретін кешенді көзқарас қажет. Жеке жұмыс әдістерінің маңызды аспектісі — бұл студенттің жеке ерекшеліктерін ескеріп, оны жақсы жаққа дамыту. Егер дұрыс ұйымдастырылған болса, студент өзінің күш-жігерін басқаруды, мақсат қоя білуді және нәтижеге жетуді үйренеді. Сонымен қатар, жеке тапсырмаларды, психологиялық қолдауды, командалық жұмыс пен спорттық тестілеуді ұтымды қолдану студенттің өзіндік дамуына жол ашады.

Осылайша, студенттермен жеке жұмыс жүргізудің әдістері мен құралдары оқу-спорттық процесті тиімді ұйымдастыруға, студенттердің физикалық және психологиялық жағдайларын жақсартуға, сондай-ақ олардың кәсіби шеберліктерін арттыруға үлкен септігін тигізеді. Бұл әдістердің дұрыс әрі уақытылы қолданылуы студенттердің жоғары деңгейдегі жарыстарға кәсіби дайындалуын қамтамасыз етіп, олардың халықаралық аренада жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Гусев, В. С. (2012). Спортивная педагогика: теория и методика спортивной подготовки. М: Физкультура и спорт.
2. Шелехов, А. И. (2009). Методика спортивной подготовки студентов в вузах. СПб: Гуманитарное издательство.
3. Смирнов, В. А. (2014). Психология в спорте: теория и практика. М: Академия.
4. Тимченко, А. А. (2017). Физическая культура и спорт в образовательной системе. М: Просвещение.
5. Чернышев, В. С., Сидоренко, М. Н. (2010). Педагогика спорта и образовательный процесс в вузах. Киев: Научная книга.
6. Михайлова, Л. П. (2016). Развитие индивидуальных способностей студентов через физическую культуру и спорт. Казань: Казанский университет.
7. Космин, Н. Н., Ларионова, Н. А. (2015). Теория и методика спортивной подготовки студентов в учебном процессе. Новосибирск: Сибирский университет.
8. Герасимова, Т. В. (2018). Адаптация спортивной подготовки студентов к условиям высшего образования. Санкт-Петербург: Бизнес-Пресс.
9. Николаева, И. В. (2020). Физическое воспитание и спорт как средство развития личности. М: Издательство Академия.
10. Кожевников, В. П. (2011). Теория и методика спортивной тренировки. М: Физкультура и спорт.

Мектептегі ұйымдастырушы педагогтің жұмыс барысындағы шеберлік жолдары

Длжанова Арайлым Максатовна

*Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, «№3 Ембі қалалық ЖББОМ» КММ
Ұйымдастырушы педагог*



Түйін сөздер: ұйымдастырушы педагог, кәсіби шеберлік, тәрбие жұмысы, педагогикалық құзыреттілік, мектеп ортасы.

Қазіргі білім беру жүйесінде мектеп тек білім беретін мекеме ғана емес, сонымен қатар тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік-мәдени орта болып табылады. Осы ортада ұйымдастырушы педагогтің рөлі ерекше. Ол білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, тәрбиелік іс-шараларды жүйелі түрде жоспарлап, оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Ұйымдастырушы педагогтің жұмысындағы негізгі талап – кәсіби шеберлік. Шеберлік педагогтің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыра отырып, оқушылармен, ата-аналармен және педагогикалық ұжыммен тиімді қарым-қатынас орната білуінен көрінеді.

Ұйымдастырушы педагогтің кәсіби қызметінің мазмұны

Ұйымдастырушы педагогтің қызметі тәрбиелік процесті жоспарлау, ұйымдастыру және үйлестірумен сипатталады. Оның негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- мектептегі тәрбие жұмысының жылдық жоспарын әзірлеу;
- сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыру;
- оқушылардың қызығушылығы мен қабілетіне қарай үйірмелер мен клубтар жұмысын үйлестіру;
- оқушылардың әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау.

Ұйымдастырушы педагогтің кәсіби шеберлігі оның жұмыс формаларын дұрыс тандай білуімен тығыз байланысты.

Ұйымдастырушы педагогтің жұмыс барысындағы шеберлік жолдары

Ұйымдастырушы педагогтің шеберлігі бірнеше негізгі бағытта қалыптасады:

1. Педагогикалық жоспарлау шеберлігі

Тиімді жоспарлау – табысты тәрбиелік жұмыстың негізі. Ұйымдастырушы педагог іс-шараларды оқушылардың жас ерекшелігіне, қызығушылығына және мектептің тәрбиелік бағытына сәйкес жоспарлауы қажет.

Мысал: Мектепте «Жас көшбасшы» жобасын ұйымдастыру барысында педагог оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында тренингтер, пікірсайыс клубтары және әлеуметтік жобалар өткізеді. Бұл оқушылардың ұйымдастырушылық қабілетін дамытуға ықпал етеді.

2. Қарым-қатынас орната білу шеберлігі

Ұйымдастырушы педагогтің кәсіби табысы оның коммуникативтік қабілетіне байланысты. Оқушылармен сенімді қарым-қатынас орнату, ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыс істеу – шеберліктің маңызды көрсеткіші.

Мысал:

Мектептегі «Ата-аналар клубы» арқылы ұйымдастырушы педагог ата-аналарды тәрбиелік іс-шараларға тартып, мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайтады.

3. Шығармашылық және инновациялық шеберлік

Қазіргі таңда ұйымдастырушы педагог заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды қолдана білуі тиіс. Интерактивті ойындар, жобалық жұмыстар, цифрлық платформалар педагог жұмысының тиімділігін арттырады.

Мысал: Мектепшілік мерекелік шараларды ұйымдастыруда онлайн сауалнамалар мен мультимедиялық презентацияларды пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Ұйымдастырушы педагогтің жұмыс формалары Ұйымдастырушы педагогтің қызметінде төмендегі жұмыс формалары кеңінен қолданылады:

- ұжымдық шығармашылық істер;
- тәрбиелік сағаттар;
- дебаттар мен тренингтер;
- спорттық-мәдени іс-шаралар;
- әлеуметтік жобалар мен акциялар.

Бұл формалар оқушылардың тұлғалық дамуына, азаматтық ұстанымының қалыптасуына ықпал етеді.

Ұйымдастырушы педагогтің жұмыс барысындағы шеберлік – бұл кәсіби білім, тәжірибе және шығармашылықтың үйлесімі. Ол оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттырып, мектептің тәрбиелік жүйесін тиімді ұйымдастыруда шешуші рөл атқарады. Сондықтан ұйымдастырушы педагогтің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіру – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер


1. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2019.
2. Сейталиев А.С. Тәрбие теориясы. – Алматы: Білім, 2020.
3. Ұзақбаева С.А. Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі. – Алматы, 2018.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2023.
5. Ильин Е.Н. Педагогическое мастерство. – Москва: Просвещение, 2017.







Негізгі және туынды зат есім

Икрамова Гүлнұр


Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы Әл-Фараби атындағы
№201 мектеп-лицейдің бастауыш сынып мұғалімі

Пәні:	Қазақ тілі			
Бөлім:	Өнер			
Сынып:	3			
Сабақтың тақырыбы:	Негізгі және туынды зат есім 24-27 жаттығулар.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін/стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін)/жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу; 3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау			
Сабақтың мақсаты	Негізгі, туынды зат есімдерді табады			
Құндылық:(Негіздеме: Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II,III, IV отырыстарында берген тапсырмасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы)	«АДАЛ АЗАМАТ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ Астана, 2025 БАҒДАРЛАМАСЫ БІРТҮТАС ТӘРБИЕ Қаңтар айы: Заң және тәртіп Апта дәйексөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру Саламатсындар ма балалар?! Балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Олай болатын болса өзімізге шабыт сыйлайық. Мен саған сенемін, Сен бестік аласың. Сен үздік боласың, Сен жақсы баласың. -Жарайсындар балалар. Бүгінгі сабақта үздік болып, жақсы баға алуларыңа тілектеспін. Өткенді пысықтау 22-жаттығу Мақалдың қатесін түзеп көшіріп жаз. Туынды зат есімді тауып,сөз құрамына талда.	Өлең жолдарын қолдарыңдағы айнаға қарап хормен оқиды		Айна Суреттер Оқулық, жұмыс дәптер
Өткенді пысықтау 5 минут	Өлеңшінің сөзі-алтын, Өнерлінің қолы-алтын Құндылық мақсаты: Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету Жаңа тақырып ЖИ видео көрсетіледі Ұжымдық жұмыс 24-жаттығу «Сен маған, мен саған » әдісіОқылым.	Өткенді пысықтайды Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді. Тапсырманы жазады.	Дескриптор: Мақалдың қатесін түзеп көшіріп жазады-1б. Туынды зат есімді тауып,сөз құрамына талдайды-1б	Ереже жазылған плакат
Сабақтың ортасы 20 минут	Айтылым Нұсқау: Мәтіндерді оқып, олардың қайсысы көркем мәтін, қайсысы ғылыми-танымдық мәтін екенін анықта.	Олардың қайсысы көркем мәтін, қайсысы ғылыми-танымдық мәтін екенін айтады.	Дескриптор: Мәтіндердің түрін ажыратады -1балл. Екі мәтінге ортақ тақырыпты анықтайды-1балл. Екі мәтінге ортақ бір ат қояды-1балл.	Оқулық



<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	<p>-Екі мәтінге ортақ тақырып не деп ойлайсың? - Екі мәтінге ортақ бір ат қоюға бола ма? Болса, сен қандай ат қоярдың? -Мәтіндердегі зергер – зергерлік сөздеріне сұрақ қойып, оларды зат есімнің негізгі және туынды түрлеріне ажырат. Топтық жұмыс. «Күшікке көмек берейік» 1-топ.Берілген сөздерден негізгі зат есімді тап 2-топ.Берілген сөздерден туынды зат есімді тап 3-топ.Берілген сөздерді сәйкестендір. Жеке жұмыс. «Түсінемін, білемін!» әдісі 25 - жаттығу Мәтіннің қатесін түзеп зергерлік бұйымдарға байланысты негізгі және туынды зат есімдерді тауып жаз. Платформамен жұмыс. Оқушылар интерактивті тақтамен жұмыс жасайды. Ондағы сөздерді негізгі және туынды зат есімдерді топтастырады. Сергіту сәті</p>	<p>Топтық жұмыс жасайды</p> <p>Негізге зат есімдер: алтын, күміс, әшекей, сақина, сырға. Туынды зат есім: белдік, жүзік, шақша, балдақ сөздерін жазады.</p>	<p>Тамаша жұмыс!</p> <p>Жарайсындар!</p>	<p>Жұмыс дәптері</p>
<p>Сабақты қорыту 8 минут</p>	 <p>Суреттер сөйлесін (жеке жұмыс)</p>  <p>СУРЕТТЕР СӨЙЛЕСІН</p>	<p>Интерактивті тақтамен жұмыс жасайды. Тапсырманы орындайды</p> <p>Әуен ырғағымен бірге қолдағы асықтармен бірге жаттығу орындайды.</p> <p>Суреттерді пайдаланып негізгі және туынды зат есімдерді тауып жазады.</p>	<p>Дескриптор: - Суреттерді ажыратып, олардың қайсысы негізгі, қайсысы туынды екенін жазады -1балл</p> <p>Тамаша жұмыс орындадыңдар!</p> <p>Дескриптор: Өрнектерге және олардың түсіне қарай әріптерді қойып, мақалды оқиды-1балл. - Мақалды қатесіз жазады-1балл. -Зат есімдерге жұрнақтар қосу арқылы туынды зат есім жасайды-1балл</p>	<p>https://wordwall.net/ru/resource/54995951</p> <p>Суреттер</p>
<p>Кері байланыс 5 минут</p>	<p>Мұндағы суреттерден оқушылар сөз құрап дәптерлеріне жазады. Шығармашылық жұмыс 26-жаттығу «Не жетпейді!» әдісі Өрнектерге және олардың түсіне қарай әріптерді қойып, мақалды оқыңдар. Өнер алды-қызыл тіл. Мақалды жазыңдар және ондағы зат есімдерге жұрнақтар қосу арқылы туынды зат есім жасандар</p>  <p>«ЛОТОСТАҒЫ БАҚАЛАР» ӘДІСІ Сөздерден негізгі және туынды зат есімдерді тап Бақаға көмек берейік</p> <p>«Лотостағы бақалар» әдісі Бақаға көмек берейік. Сөздерден негізгі және туынды зат есімді тап.Әр топтан бір оқушыдан шығып жарысады.</p>	<p>Тапсырмаларды орындап қамзолды безендіреді.</p> <p>Сөздерден негізгі және туынды зат есімді жарыса отырып табады</p> <p>Үй тапсырмасын алады</p>	 <p>Жарайсындар балалар!</p> <p>«Білім заряды» әдісі</p>	<p>Оқулық</p>



	<p>Үй тапсырмасы 27-жаттығу Жұмбақты оқып, шешуін тап. Өрмек, өрнек сөздерінің және жұмбақ шешуіндегі сөздің мағыналық айырмашылығын түсіндір. Құрып қойған өрмегін, Ұршықтарын ойнатып. Сәнді мата өрнегін Жасайтын кім жайнатып? Шешуі: тоқымашы Қорытынды. Сөдер беріледі сол сөздерді негізгі және туынды зат есім екенін тауып тақтаға жапсырады. Кері байланыс</p> 	Кері байланыс жасайды		<p>Оқулық</p> <p>Кері байланыс тақтасы</p>
--	--	-----------------------	--	--

Информатика пәнін оқытуда заманауи педагогикалық тәсілдерді қолданудың тиімділігі

Бекайдаров Саги Алмасович

Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, №210 Оспан Әбілматтаев атындағы орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі

Қазіргі қоғамның қарқынды цифрлануы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Ақпараттық технологиялардың барлық салаға енуі информатика пәнінің мектептегі маңызын арттыра түсті. Информатика – оқушылардың цифрлық ортада тиімді әрекет етуіне, ақпаратпен сауатты жұмыс істеуіне және логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған жетекші пәндердің бірі.

Бүгінгі таңда информатика пәнін оқыту тек компьютерлік сауаттылықты қалыптастырумен шектелмей, оқушының шығармашылық, зерттеушілік және проблеманы шешу дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыда пәнді оқытудың әдістемесін жаңарту – өзекті педагогикалық мәселе.

Информатика пәнінің негізгі мақсаты – оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, алгоритмдік және логикалық ойлауын дамыту, цифрлық технологияларды саналы әрі тиімді қолдануға үйрету.

Пәннің негізгі міндеттері:

- ақпаратты іздеу, өңдеу, сақтау және ұсыну дағдыларын қалыптастыру;
- алгоритмдік ойлау мен бағдарламалау негіздерін меңгерту;

- цифрлық құрылғыларды қауіпсіз әрі тиімді қолдануға үйрету;
- оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- цифрлық қоғамда жауапты тұлға қалыптастыру.

Информатика сабағын тиімді ұйымдастыруда келесі әдістемелік ұстанымдар маңызды:

Жүйелілік және бірізділік. Оқу материалы қарапайымнан күрделіге қарай логикалық ретпен берілуі тиіс.

Практикалық бағыттылық. Теориялық білім міндетті түрде практикалық тапсырмалар арқылы бекітіледі.

Оқушы белсенділігі. Сабақта оқушы – негізгі әрекет етуші тұлға.

Интерактивтілік. Цифрлық құралдар мен интерактивті тапсырмалар арқылы оқыту.

Информатика пәнінде белсенді оқыту әдістерін қолдану оқу мотивациясын арттырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. Төменде тәжірибеде тиімділігі дәлелденген негізгі әдістер мен олардың қолданылу үлгілері берілген.

Жобалық оқыту әдісі. Жобалық жұмыс барысында оқушылар нақты мәселені анықтап, оны цифрлық



құралдар арқылы шешуге ұмтылады. Мысалы, 7–8 сыныптарда «Менің мектебім» тақырыбында интерактивті презентация немесе шағын веб-бет жасау жобасы ұсынылады. Бұл әдіс оқушылардың зерттеушілік қабілетін, шығармашылығын және командалық жұмыс дағдыларын дамытады.

Проблемалық оқыту. Сабақта оқушыларға дайын алгоритм берілмей, мәселені өз бетімен шешуге бағытталған тапсырмалар ұсынылады. Мысалы, «Берілген шарт бойынша ең тиімді алгоритмді құрастыр» деген тапсырма алгоритмдік ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Деңгейлік тапсырмалар. Оқушылардың білім деңгейін ескере отырып, тапсырмаларды бірнеше деңгейде ұсыну оқу нәтижесінің сапасын арттырады.

Қазіргі уақытта цифрлық білім беру ресурстары информатика пәнін оқытудың ажырамас бөлігіне айналды. Онлайн платформалар, симуляторлар және визуалды бағдарламалау ортасы сабақтың мазмұнын байытады.

Scratch ортасын қолдану. Бастапқы және орта буын сыныптарында Scratch бағдарламалау ортасы оқушыларды алгоритмдік ойлауға баулудың тиімді құралы болып табылады. Мысалы, «Қозғалыстағы кейіпкер» тақырыбында анимация жасау арқылы оқушылар цикл, шарт және айнымалы ұғымдарын тәжірибе жүзінде меңгереді.

Python тілін меңгерту. Жоғары сыныптарда Python бағдарламалау тілі арқылы есептер шығару, деректерді өңдеу, шағын бағдарламалар жазу оқушылардың логикалық ойлауын дамытады. Мысалы, «Оқушылардың

бағаларын өңдеу» тақырыбында бағдарлама құру функционалдық сауаттылықты арттырады.

Жасанды интеллект элементтері. Жасанды интеллект негізіндегі құралдар автоматты кері байланыс, тестілеу және дербестендірілген оқыту мүмкіндігін ұсынады. Мұндай технологиялар оқушының жеке білім алу траекториясын қалыптастыруға ықпал етеді.

Информатика сабағы функционалдық және цифрлық сауаттылықты дамытуда ерекше рөл атқарады. Оқушылар нақты өмірлік мәселелерді цифрлық құралдар арқылы шешуге үйренеді.

Мысалы, «Отбасылық бюджет» тақырыбында электронды кесте құрастыру, деректерді енгізу және талдау тапсырмалары оқушылардың практикалық дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздік, авторлық құқық, интернеттегі этика мәселелерін талқылау цифрлық мәдениетті тәрбиелеуге бағытталады.

Бұл бағыттағы жұмыстар оқушыларды болашақ кәсіби қызметке бейімдеп, цифрлық қоғамда жауапты тұлға ретінде қалыптастыруға негіз болады.

Қорытындылай келе, информатика пәнін оқытуда заманауи педагогикалық тәсілдер мен цифрлық технологияларды тиімді қолдану білім сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады. Информатика сабағы оқушының логикалық ойлауын, шығармашылық әлеуетін және цифрлық құзыреттілігін дамытуға бағытталуы тиіс. Сондықтан пәнді оқыту әдістемесін үнемі жетілдіру – бүгінгі күннің басты талабы.

Ағылшын тілі сабағында ойын технологияларын қолданудың маңызы

Қудабаева Фариза Бахытовна

*Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретап кенті Т. Жүргенов атындағы
№80 мектеп-гимназиясының Ағылшын тілі пәні мұғалімі*

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, олардың белсенділігін көтеру және білімді саналы түрде меңгеруін қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі. Әсіресе шетел тілін, соның ішінде ағылшын тілін оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану аса маңызды. Осы тұрғыда ойын технологиялары ағылшын тілі сабағында оқытудың нәтижелілігін арттыратын маңызды құрал болып табылады.

Ойын – оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай келетін, олардың психологиялық және танымдық қабілеттерін дамытатын тиімді әдіс. Ағылшын сабағында ойындарды қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, еркін сөйлеуіне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік береді.

Ойын – бұл оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ететін, білімді жеңіл әрі қызықты түрде меңгеруге бағытталған әдіс. Педагогикада ойын

технологиясы оқытудың интерактивті әдістерінің бірі ретінде қарастырылады.

Ағылшын тілі сабағында ойын технологиясы:

- оқушы мен мұғалім арасындағы психологиялық кедергіні жояды;
- тіл үйренуге деген жағымды мотивация қалыптастырады;
- оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытады;
- сабақта жағымды эмоционалдық орта қалыптастырады.

Ағылшын сабағында қолданылатын ойындар мазмұны мен максатына қарай бірнеше түрге бөлінеді.

Лексикалық ойындар. Бұл ойындар жаңа сөздерді меңгеруге және сөздік қорды молайтуға бағытталған. Мысалы: Word chain, Guess the word, Flashcard games.

Грамматикалық ойындар. Грамматикалық құрылымдарды бекіту үшін қолданылады.



Мысалы: Sentence building, Find the mistake, Grammar bingo.

Фонетикалық ойындар. Оқушылардың дұрыс айтылымын қалыптастыруға көмектеседі.

Мысалы: Tongue twisters, Sound imitation games.

Рөлдік ойындар. Рөлдік ойындар оқушыларды еркін сөйлеуге, өз ойын ағылшын тілінде жеткізуге үйретеді.

Мысалы: At the shop, At the airport, Doctor and patient.

Сонымен қатар ойындар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Бастауыш сыныпта қимыл-қозғалыс ойындары тиімді болса, жоғары сыныптарда интеллектуалдық және рөлдік ойындар көбірек қолданылады.

Ойын – балалар үшін оқу да еңбек те. Қандай ойын болмасын баланы бір нәрсеге үйретеді. Ойын балалардың достық сезімін оятып, бір-біріне қамқорлығы, ұжымдық бірлігі нығаяды. Ойын арқылы баланы жақсылыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке, әдептілікке тәрбиелеуге болады.



Бастауыш сыныпта саралап оқытудың тиімді әдістері

Куспанова Айгуль Сембовна

*Ақтөбе облысы Алға ауданы Маржанбұлақ орта мектебінің
Бастауыш сынып мұғалімі*

XXI ғасырда білім алушылардың өзін-өзі жүзеге асыра алуы үшін қажетті дағдылар оның бойында қалыптасуы қажет. Әрине, бұл дағдылар барлық білім алушылар үшін де қажетті. Бірақ білім алушылардың барлығы бірдей аталған дағдыларға қол жеткізе бермейді. Осы тұста «неге?» деген сұрақ туындайды. Себебі, білім алушыларды бірдей оқыту әдістемесімен оқытылса да, бұл дағдыларды игерту қиынға соғады. Сондықтан да ұстаздардың басты міндеттерінің бірі оқушыларға білімді, ақпаратты көп беру емес, берген білім мен ақпаратты өз бетінше тиімді игеруі үшін жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеріп, қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бұл проблеманы шешуде жоспарлау мен оқыту процесінде педагогикалық тәсілдердің бірі саралап оқытуды қолдану тиімді жолдардың бірі болып табылады. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі.

Саралап оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл-ой деңгейімен белсенді әрекет арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді. Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін оқытушы алдымен, олардың ықылас – жігерін, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын, жалпы білім деңгейін зерттеуіміз қажет.

Саралау – біріншіден, мұғалімнің белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруда қолданылатын ресурстардың ішінен ең қажеттісін, маңыздысын, өзектісін, тиімдісін таңдап, саралап алу, екіншіден, жоспарланған шараны жүзеге асыру кезіндегі оқушының әрекетін саралау, сол арқылы күтілетін нәтижеге бағыттау болып табылады.

Саралау тапсырмасын ұйымдастыруды үй тапсырмасын

Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып білімді меңгерту болса, мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігімен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу.

Ойын технологиясын тиімді қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Мұғалім ойынның мақсатын нақты анықтап, оны сабақтың кезеңдеріне дұрыс енгізуі тиіс. Ойын тек көңіл көтеру құралы емес, нақты оқу нәтижесіне бағытталған әдіс болуы қажет. Қорытындылай келе, мектепте ағылшын тілі сабағында ойын технологияларын қолдану – оқытудың тиімді әрі заманауи тәсілдерінің бірі. Ойындар оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырып, олардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сондықтан ағылшын тілі мұғалімі сабақ барысында ойын элементтерін жүйелі және мақсатты түрде қолдануы қажет.

орындаудағы – маңызды нәрсе. Үй тапсырмасын бергенде оны оңтайландыру критерііне сүйене отырып, оқушының нақты мүмкіндігін ескерген жөн. Үй тапсырмасы нашар оқушыны жетілдіре түссе, ал қабілетті оқушы ең жоғары деңгейде дамуы тиіс. Мысалы, қабілетті оқушыға күрделі есеп берсек, әлсіз оқушыларға реферат жазу, сызу, тағы басқада ережелерді берген дұрыс. Саралап оқыту әдісін қалданғанда, мұғалім әрбір сынып педконсилиумымен толық әрі жете таныс болуы керек. Бұл ең маңызды басты шарт. Сонда ғана оқушыларды саралап оқытуда сызба бойынша жұмысты ұйымдастыру әрі оны жүйелі жүргізу жақсы нәтиже берері даусыз.

Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған жеті тәсілі бар:

- Тапсырма: мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді, оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керек пе, әлде күрделі тапсырмалар беру керек пе) түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау, күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдалану.

- Дереккөздер: кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады, дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып отырады, баспадан шыққан және электронды дереккөздер де пайдалануға



болады.

- Қарқын: кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді, қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады, негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

- Қорытынды: барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады, мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді, барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

- Диалог және қолдау көрсету: кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады, мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

- Бағалау: оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек, сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

- Жіктеу: Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар: мүдделері ұқсас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі оқушылар, джигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, гендерлік топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ.

Саралау түрлерін тиімді қолдану әр оқушының қажеттілігін ашу мен қолдауға, оқыту процесін жетілдіруге, оқу бағдарламасының қойған мақсат, міндеттеріне жетуге және кең ауқымды дағдыларды игеруіне мүмкіндік береді.

Саралау үдерісінің нәтижесінде барлық оқушыларға бірдей тапсырма беріледі:

- үлгерімінде олқылығы бар оқушыларға көмек

беруге және қабілеті жоғары оқушыға қолдау көрсетуге мүмкіндік туды;

- қабілетті оқушылар білімдерін тереңдете түсуге мүмкіндік алды;

- үлгерімінде олқылығы бар оқушылар өз білімдерін көрсетуге мүмкіндік алды, сенімі артты;

- күрделі тапсырмаларды орындауға ынтасы арта бастады.

- тапсырма беруде топтың немесе жекелеген оқушылардың әлеуеті ескеріледі.

- тапсырма ортақ, бірақ ресурстар әр түрлі болады.

- топтастыру процесі – нәтижеге жеткізудің құралы, яғни оқушылар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ әркімнің өз рөлі бар (бұл барлық оқушының өз мүмкіндігін көрсетуіне жол ашады).

- мұғалім сұрақтарды оқушы деңгейіне қарай саралайды (түсіну, білуден бағалауға дейін).

Саралап оқыту – мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын, оқушының жеке тұлғасының дамып, қалыптасуын көздейтін дидактикалық үдеріс.

Сонымен, дұрыс ұйымдастырылып, жүргізілген саралау нәтижесінде:

- Мұғалімде әлсіздерге көмектесуге, мықтыларға назар аударуға мүмкіндік болады;

- Қоғамдық нормаларға бейімделе алмайтын үлгерімінде олқылығы бар балалармен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік туады;

- Мықты оқушылардың білім беру үдерісінде жылдам және тереңінен білім алуға деген ынталары артады;

- «Мен» тұжырымдамасы: мықтылар өз қабілеттеріне көз жеткізеді, әлсіздер оқудағы жетістіктерін сезінуге мүмкіндік алады, толыққанды емес комплекстен арылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Үлестірме материал. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.

2. Саралап оқытуды ұйымдастырудың тиімді жолдары. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Астана- 2017.

3. Сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Астана – 2016 ж.



Қазақтың ұлттық ойындары

Бектасов Ғалымжан Дастанбекұлы
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тұрмағамбет ауылы
№29 орта мектеп КММ Педагог модератор

Бөлім	4-бөлім.Қазақ Халқының дәстүрлі ойындары	
Педагогтің тегі,аты,әкесінің аты	Бектасов Ғалымжан Дастанбекұлы	
Күні		
Сынып:7	Қатысушылардың саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Қазақтың ұлттық ойындары.(Асық ату және бес тас ойыны)	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	7.3.5.1 Басқа адамдардың дене жаттығуларының тәжірибелерін байытуға арналған дағдыларды анықтай білу	
Құндылықтарға баулу	Бірлік және ынтымақ айы	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңі/ уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі 5 мин	- Оқушыларды сабаққа дайындау - Сәлемдесу - Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру	Оқушылар сабаққа дайын, күн тәртібін түсінеді, қауіпсіздік ережелерін біледі	Қолшапалақ	
Негізгі бөлім 30 мин	Жалпы дамыту жаттығулары: - Жеңіл жүгіру және дене бұлшықеттерін созу жаттығулары (5 минут). 1. Асық ату Ойынережелері: 1. Ойналаңы: Ойналаңы ашық кеңістік болуы мүмкін. Ныс ана белгілеген жердегі белгі болуы керек. 2. Ойыншылар: Әдетте 2-4 адамнан тұратын командалар немесе жеке ойыншылар ойнайды. 3. Нысана: Нысанаретінде жерге немесе арнайы құрылғыларға қойылған заттар пайдаланылады. Бұл заттардың көрінетін және атуға ыңғайлы болуы тиіс. 4. Ойын тәртібі: Әройыншы кезекпен асықты атуға мүмкіндік алады. Асықтар бір қолмен лақтырылады. Асық нысанаға немесе белгіленген алаңға тигізуі керек. Тиіп түскен жағдайда, ойыншы ұпай алады. Ойыншылар асықты ату тәртібін сақтай отырып, ұпай жинау үшін дәлелі ұқыпты лақтыруға көңіл бөледі. 5. Ережелер: Нысанаға тиген асықтар санына байланысты ұпайлар беріледі. Ойын барысында әройыншының лақтыру кезегі анықталып, тәртіп сақталады. 2. Бес тас ойыны Ойынережелері: 1. Ойналаңы: Ойналаңы жер немесе арнайы дайындалған алаң болуы мүмкін. 2. Ойыншылар: Ойын жеке немесе командалармен жүргізілуі мүмкін. Әдетте 1 немесе 2 ойыншы қатысады.			

	<p>3. Ойынтәртiбi: Ойыншылартастардынемесеұсақзаттардыже ргетөгуарқылыойындыбастайды. Ойыншыбiрiншiкезекте 1 тасалып, оны қайтаданжергеқоюкерек. Бұләркеттiналдында тастыжергенемесебелгiленгенжергедұрысқоюқажет. Әрiқарай, тасқанемесетастарғабелгiлiбiртәртiппенкелесiәркеттердiорындаукерек: жинау, лақтыру, тұрыпалужәнет.б. Әрәркетсәттiорындалса, ойыншыұпайжинайды. Егеройыншықателессе, кезекқарсыласқаөтедi. 4. Ережелер: Әройыншыныңтастыжинаунемеселақтырукезегiсақталуытиiс. Тастарды тек қолменжинауғарұқсатберiледi.</p>	Ойын нәтижелерiн талқылау, қатысушылардың ойы мен әсерлерiн тыңдау	Смайликтерарқылы	
Қорытынды кезеңi 5 мин	<p>1. Сабақты қорытындылау: - Оқушылардан бүгiнгi сабақта не ұнағанын және қандай қиындықтар болғанын сұрау. -Оқушылардыңжетiстiктерiнмадақтау. 2. Тынысалужаттығуларыжәне релаксация (2 минут).</p>	- Сұрақ-жауап - Қысқашаәңгiме	Қолшапалақ	

“Күнделiктi өмiрмен байланысты есептер” авторлық бағдарламасының маңыздылығы

Айтбаева Жұлдыз Серикбаевна

«Алматы облысы Білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әлжан Бұқарбайқызы атындағы қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің математика пәні мұғалімі



КІРІСПЕ

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны тек теориялық біліммен қаруландыру емес, оны өмірде еркін қолдана алатын, функционалдық сауатты, жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыру. Осы орайда ұсынылып отырған “Күнделікті өмірмен байланысты есептер” атты авторлық бағдарлама – оқушылардың логикалық ойлауын, практикалық дағдыларын, өмірде қажетті есептерді шешу қабілетін дамытуға бағытталған маңызды білім беру құралы. Бүгінгі таңда математикалық білімнің өмірден алшақтауы оқушылардың пәнге қызығушылығын төмендетіп, алған білімін практикада қолдана алмауы сияқты проблемаларды туындатуда. Бағдарлама осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1. Бағдарламаның қажеттілігі

Күнделікті өмірге негізделген есептер – оқушы санасында математика тек формула мен сан емес, шынайы өмірдің құралы екендігін дәлелдейді. Мысалы:

- дүкендегі жеңілдіктерді есептеу;
- отын, су, азық-түлік сияқты тұрмыстық ресурстардың жеткілікті деңгейін анықтау;
- жол жүру уақыты мен қашықтықты есептеу;
- отбасы бюджетін жоспарлау;
- смартфон қуаты, интернет трафигі сияқты қарапайым есептеулер.

Осындай тапсырмалар оқушының пәнге деген

қызығушылығын арттырып, математиканың күнделікті өмірдегі орнын нақты көрсетеді.

2. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы рөлі

Функционалдық сауаттылық — қазіргі білім беру жүйесіндегі ең маңызды көрсеткіштердің бірі. Бағдарлама:

- оқушының талдау, салыстыру, бағалау дағдыларын дамытады;
- алған білімін тұрмыста қолдана білуіне жол ашады;
- логикалық ойлауды қалыптастырады;
- PISA, TIMSS секілді халықаралық зерттеулерге дайындыққа ықпал етеді.

Оқушы теорияны күнделікті өмірмен байланыстыра алса, ол ақпаратты ұзақ сақтайды және оны кез келген жағдайда қолдануға үйренеді.

3. Бағдарламаның құрылымдық ерекшелігі

Авторлық бағдарлама бірнеше маңызды бағыттан тұрады:

1. Тұрмыстық жағдайға негізделген есептер – асханадағы мәзір бағаларын есептеу, отбасылық шығындарды жоспарлау, үй шаруашылығындағы өлшем бірліктерін қолдану.
2. Физика, информатика, биология пәндерімен кіріктірілген есептер – көп пәнді байланыстыратын есептер оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді.
3. Деңгейлік тапсырмалар



– оқушылардың жеке қабілетіне қарай жеңілден күрделіге бағытталған.

4. Танымдық-шығармашылық жұмыстар – оқушының қызығушылығын арттыратын зерттеу есептері, мини-жобалар.

4. Бағдарламаның педагогикалық артықшылықтары

- Оқушы өз өмірінен мысалдар келтіре отырып есеп шығарады.

- Сабақ барысында нақты өмірлік жағдайлар талқыланады, бұл оқу үдерісін қызықты әрі түсінікті етеді.

- Мұғалімге оқушылардың ойлау деңгейін анықтап, жеке жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

- Оқушылардың коммуникативтік дағдылары, топта жұмыс істеуі, нақты шешім қабылдауы дамиды.

5. Қоғамдық және әлеуметтік маңызы

Бұл бағдарлама тек білім беру саласына ғана емес, қоғамға да оң әсер етеді. Өмірде есеп шығара алатын, математикалық сауатты азамат:

- қаржысын дұрыс жоспарлай алады;

- күрделі жағдайларда тиімді шешім қабылдайды;
- уақытын тиімді ұйымдастырады;
- ақпаратты сараптап, дұрыс қорытынды жасайды.

Осының барлығы әрбір адамның өмір сүру деңгейіне тікелей ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

“Күнделікті өмірмен байланысты есептер” атты авторлық бағдарлама — қазіргі заманауи талаптарға толық сәйкес келетін, оқушылардың математикалық білімін практикалық тұрғыда қолдануға бағыттайтын, олардың функционалдық сауаттылығын арттыруға ықпал ететін маңызды педагогикалық құрал. Бұл бағдарлама математика пәнін өмірмен байланыстырып, оқытудың тиімділігін арттырып қана қоймай, оқушылардың болашақ өміріне қажетті практикалық дағдыларын дамытады. Демек, білім берудегі жаңашылдық пен тиімділікті арттыру жолында бағдарламаның маңызы өте зор.



Тарих сабағында оқыту үшін бағалаудың тиімділігі

Мамбетова Дария Сагидуллаевна

*Ақтөбе облысы, Қобда ауданы Жарсай негізгі мектеп-бөбекжай-
балабақша кешенінің тарих пәнінің мұғалімі, «Педагог-сарапшы»*

Қазіргі заман сұранысының негізінде білім жүйесінің жаңа болмысы қалыптасуда. Білім берудің әдіс-тәсілдері түбегейлі өзгеруіне байланысты инновациялық үрдістің қарқындылығы артауда. Бүгінгі күннің талабы-ұстаздық әрекеттің жеке тұлға дамуына жағдай туғызуы. Осыған орай білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген, ілгері кеткен оқыту әдіс-тәсілдері арасында конструктивті теориялық оқытуға негізделген әдіс-тәсіл кең таралып отыр.

Осы орайда тарих пәні сабағында жеті модульді кеңінен және ұтымды пайдалануға болады.

Өз сабағымда модульдардың ішінде күнделікті пайдаланып жүрген оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модуліне тоқталмақпын.

Бірінші кезекте « бағалау « түсінігіне ой жүгіртіп көрелік. Бағалау « жақын отыру « деген мағынаны білдіретін ежелгі латын сөзі. «Жақын отыру» деген түсінікті жан-жақты талдайтын болсақ, оған төмендегідей бірнеше түсініктеме беруге болады:

- бір-біріне жақын отырған оқушылар өздерінің еркінен тыс бірін-бірі қабылдайды;
- бір-бірінің кез-келген іс-әрекеттерін назарларынан тыс қалдыра алмайды;
- жақын отырған балалар бір-бірінің сөзін мұқият тыңдай алады;
- бір-біріне сұрақ қояды, сұрақтарына тез арада жауап ала алады;
- бір-бірімен келісімге келуге тырысады;
- пікірлермен алмасып, өзінің білім қорын кеңейтуге мүмкіндік алады.

« Жақын отырған « білім алушылар осындай өзара әрекетке түсуі арқылы өздері бірін-бірі бағалап отырғанын аңғармай да қалады. Мұндай үрдіс топтық жұмыс немесе жұптық жұмыс түрінде іске асырылады.

Формативтік бағалау оқушының білім деңгейінің қаншалықты сатыда тұрғанын анықтауға үлкен мүмкіндік береді. Формативтік бағалау арқылы әр оқушының өзіндік мүмкіндіктерін ашуға әрекет жасалынады. Осындай бағалаудың арқасында дарынды оқушыны анықтауға мүмкіндік аласыз. Қандай оқушыға қаншалықты деңгейде тапсырма беру керектігі өз-өзінен айқындалады. Оқушылар өз кезегінде бірін-бірі бағалау арқылы, егер бағалау әділ жүрсе, өздерінің мүмкіндіктерін, қабілеттерін өздері анықтап береді. Бағалау топ арасында жүргендіктен, бағаланбайтын оқушы қалмайды. Сондықтан да «үнсіз» оқушының өзі біртіндеп «мінсіз» оқушыға айнала бастайды. Сабақ тартымды өтсе, топтағы оқушылар топтық жұмысқа тартылып, өздерінің белсенділіктерін көрсетуге мүмкіндік алады.

Топтардың арасында бәсекелестік пайда болып, ізденіс жұмыстары жанданып, сабақтың қызықты өтуіне үлкен себебін тигізді.

Алғашқы сабақтарымда бағалау парағының дәстүрлі түрін пайдалансам, бірінші тоқсаннан кейін бағалау парақтарының критерийлерін күрделендірдім. Мұндай прогрессивтік қадам оқушылардың жас ерекшеліктері мен олардың пәнге деген мотивациясының артуымен қатар және пәнге деген позитивтік көзқарасынан туған еді.

Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат жүйесі арқылы оқушылар кең көлемде білім алуғағы белсенділіктері артып отыр. Осыған байланысты оқушыларға қойылатын талап та күннен-күнге күрделене түсуде. Алған білімнің күрделілігіне орай, оны бағалау да күрделі болмақ.

Бағалаудың «жетілік технологиясын» қоғамдық-гуманитарлық пәндерге қолдану өте ыңғайлы. Аталған технология бойынша өтетін сабақтар негізінен, ізденіс сабағы болып есептеледі. Оқушыларға өздігінен іздену үшін, сабаққа қажетті тапсырмалар кемінде бір апта



бұрын беріледі. Бұл уақыт аралығы оқушыларға алған тапсырмалар бойынша іздеуіне мүмкіндік беріледі.

Бағалау парағы үш бөлімнен тұрады.

I. бөлім Ақпараттық жүйе.

II. бөлім Пәндік жүйе.

III. бөлім Әлемдік жүйе

Мысалы: 10 сыныпта «Көшпелілер өркениеті» деген тақырыпта өткен сабақтан үзінді келтірейін.

I. Ақпараттық жүйе:

- Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы.
- Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті.
- Мұрағат материалдары.
- «Қазақ тарихы» журналы.
- Теле хабарлар.
- Мұражай жәдігерлері.
- Электронды оқулықтар.
- Интернет.

«Ақпараттық жүйе» бойынша әрбір оқушы немесе топтың атынан бір оқушы өздерінің оқып білгендерін баяндайды. Әрбір топ осы ақпараттық жүйе бойынша алған білімдерін, жинаған мәліметтерін коллаж ретінде жинақтап тапсырады.

Ақпараттық жүйенің тиімділігі оқышылар шығармашылықпен жасаған жұмыстарын жан-жақты көрсете алады. Өздерінің мүмкіншіліктерін ашып, өзіндік бір қырларын сыртқа шығаруға мүмкіндік алады. Мұғалім өз кезегінде оқушылар ақпараттық жүйе бойынша жұмыс жасаған кезде, міндетті түрде қосымша дерек, құнды материал немесе заттай деректер арқылы оқушылардың білімін толықтырып отырғаны жөн. Өйткені мұғалім оқытуды басқаратын, сонымен қатар оқытудағы көшбасшы адам.

«Ақпараттық жүйе» толық толқылғаннан кейін пәндік жүйеге көшеміз. «Пәндік жүйеде» сабақтың қандай пәндермен өзара байланысын анықтаймыз.

II. Пәндік жүйе:

- дүниежүзі тарихы.
- әдебиет.
- астрология.
- биология.
- география.
- бейнелеу:
- этнография:
- дінтану:
- әдеп, т.б.

Оқушылар жоғарыда көрсетілген пәндер бойынша тақырыптың өзара сәйкестілігін дәлелдеуге тырысады. Көшпелі өркениеттің археологиялық ескерткіштерінің тұрақтарының орнын география пәнімен байланыстырады. «Күлтегін жазуларын» әдебиет пәнімен байланыстырып, М. Жолдасбековтың «Күлтегін жазуларына» арнаған өлең шумақтарын келтіреді.

Көшпелілердің діни наным-сенімдерін астрономия пәнімен байланыстылығын айтылып, нақты мысалдар, деректер келтіріледі.

III. Әлемдік жүйе.

Бұл жүйе бойынша көшпелілер мәдениетінің әлемдік өркениетте алатын орны көрсетіліп, дәлелденуі қажет.

Оқушылар Л.Н. Гумилевтің зерттеу жұмыстарымен танысып, сол еңбектің көшпелілер мәдениетін оқып-үйренудегі алатын дүниежүзілік тарихи маңызына тоқталды. Новосибирск мемлекеттік университетінде қорғалған «О кочевой цивилизации и кочевой империи» деген Г.Г. Пановтың еңбегі бойынша хабарлама жасалды.

Осындай бірнеше халықаралық деңгейде қорғалған немесе жарыққа шыққан ғылыми еңбектерге тоқталып, шолу жасалды.

Үш жүйе бойынша оқушылардың дайындығы, жинаған білім қорының деңгейі анықталып, сараптама жасалды.

Бағалау парағында топтағы әрбір оқушы жүйе бойынша бағаланып, ұпай саны жинақталып, қорытынды

баға шығарылды.

Бұл әдіс «жетілік технологиясы» деп аталғандықтан ең үлкен ұпай жеті санымен бағаланады. Егер оқушы жоғарыда көрсетілген үш жүйе негізінде $7+7+7=21$ ұпай жинаса «5» деген бағамен бағаланды.

17-21 аралығы «4», ал «9» ұпайға дейінгілер «3» -пен бағаланды.

Бұл технологияның ұтымдылығы оқушыда өздігінен іздену, еңбектену, көп білсем деген құлшыныс пайда болады. Өз білгендерін слайд, реферат, буклет, флипчарт т.б. ретінде көрсетуге тырысады. Бұл жерде олардың арасында бәсеке туындап, көп білсем, қатарымның алды болсам деген ұмтылыс пайда болады. Оқушылардан жүйелі түрде жинақталған бағдар мен бағалар оқушылардың білім дәрежесін анықтауға үлкен септігін тигізеді. Мұғалімнің әр деңгейге ерекше назар аударуын қамтамасыз етеді.

Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытудың әдіс-тәсілін өзгертуге қажетті қадамдар жасалу міндеті келіп шығады. Міндеттерді қоймастан бұрын оқушылардың өздерін — өздері бағалай алуы, сонымен қатар өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттігін алға тарту, басты міндет болуы керек екендіген естен шығармауымыз керек.

Топтың сабақ барысындағы көңіл — күйі сабақ құрылымының тағдырын шешеді. Сабақ барысында оқушылардың белсенділігі жоғар болып, қызығушылықтары нақты іс-әректтермен көрінсе, сабақтың құрылымының дұрыстығы емес пе?! Осы кезде сіз сабағым сәтті шықты деп айта аласыз. Оқыту үшін бағалау кезінде жеткен жетістіктерім осындай.

Алдағы уақытта бірінші кедергіге қарағанда, екінші кедергіні жою мүмкіндігі бар. Ал бірінші кедергіні жою — бұл дегеніміз оқушының жалпы білім алуға деген психологиясын, философиясын өзгерту арқылы ғана қол жеткізуге болатын сияқты. Бағалау кезіндегі «Тура биде туған жоқ» деген нақыл сөз оқушылар үшін бағалаудағы жалау болуы керек деп ойлаймын.

Оқыту үшін бағалаудың тарих сабағындағы тиімділігін қорыта айтатын болсақ, гуманитарлық-қоғамдық пәндерде формативтік бағалау өте ыңғайлы. Мысалы, алгебра сабағында бағалау үдерісіне мұғалімнің жиі араласуы қажеттілік тудырады. Өйткені есептің дұрыс шешімін табу жолында оқушы мұғалімнің көмегіне, нұсқаулығына сүйенуі заңдылық және қажеттілік.

Ал тарих сабағында оқушының білімін өзі немесе сыныптастары мұғалімнің көмегінен өздері бағалай алады. Бағалауға өте қызығушылық танытады. Себебі тарих пәні бойынша мәліметтер өте көп әрі қызықты. Ең бастысы гуманитарлық пәндер өте тез меңгеріледі. Қайталаған сайын жаңа тың мәліметтер арқылы толықтырып отыруға болады. Оқушылардың белсенділігі артып, өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс қамтамасыз етіледі. Оқушы жауапкершілікті сезініп, жан — жағына сыни көзбен қарап, өзіндік тұжырымы, көзқарасы қалыптасады. Білім алу қажеттілігін түсініп, оған қалай қол жеткізу керек деген сұрақтарға жауап іздейді.

Бағалау барда- ізденіс бар, ұмытылыс бар. Ең бастысы бағалау — бәсекеге қабілеттілік мінезді оқушы бойында қалыптестіруде үлкен роль атқарады. Өз кезегінде мұндай іс-әрекет оқушыны табандылық тәрбелейді.


Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы.

Мұғалімге арналған Нұсқаулық.

2. Республикалық ғылыми — әдістемелік журнал. «Қазақ тарихы» 2022 ж. № 4

3. Республикалық әдістемелік журнал. «Ел тарихы» 2024 ж. № 11



Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллект технологиясын қолдану тиімділігі

Нурушева Орынгұл Сәндібекқызы

*Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ембі қаласы №3 Ембі қалалық ЖББОМ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарының сапасын арттыру және оқу процесін жетілдіру үшін инновациялық әдістер мен құралдарды пайдалану қажеттілігі туындайды. Соңғы жылдары білім беру саласында оқыту әдістері мен әдістері үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын жасанды интеллект технологиялары қолданылуда. Жасанды интеллект-бұл компьютерлік жүйелер адамның ойлау процесін модельдеу, талдау және шешім қабылдау үшін қолданылатын сала. Бұл технологияны білім беру саласында қолдану оқу процесін оңтайландыруға және тереңірек білім алуға мүмкіндік береді.

1. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллектті пайдалану

Жасанды интеллект қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында бірнеше маңызды аспектілерде қолданыла алады. Мысалы, оқу материалдарын тексеру және бағалау жүйелерін құру, грамматикалық және лексикалық қателерді автоматты түрде түзету, жеке білім беру траекторияларын құру және оқушыларға мәтіндер мен әдеби шығармаларды талдауға көмектесу. Жасанды интеллект технологияларының көмегімен әдебиет сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады. Мысалы, әдеби шығармаларды талдау кезінде жасанды интеллект жүйелері мәтіннің құрылымын, стилін, тақырыбын, оқырмандардың пікірін талдайды және оқушыларға аналитикалық ұсыныстар береді.

2. Оқушылар мен оқытушылар үшін шебер интеллекттің артықшылығы

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында күрделі интеллектті пайдаланудың көптеген артықшылықтары бар. Біріншіден, бұл оқу процесін жылдамдатады. Мысалы, автоматтандырылған жүйелер оқушылардың білімін тексеріп, олардың дайындық деңгейін анықтай алады. Бұл мұғалімдерге уақытты үнемдеуге және оқушылардың жеке қажеттіліктерін үйретуге мүмкіндік береді. Екіншіден, қашықтықтан оқыту технологиялары білім алушыларға тапсырманы өз бетінше орындауға және олардың тілдік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Үшіншіден, AI жүйелері оқу процесін әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып жекелендіреді. Әр оқушыға өз деңгейінде тапсырмалар беріледі, нәтижесінде білім алу процесі барынша тиімді және нәтижелі болады. Төртіншіден, AI технологиясы тіл үйренушілерге тілдік тәжірибе мен оқытуды жеңілдетеді, қателерді тез түзетеді және оларды түзету үшін нақты ұсыныстар береді.

3. Жасандының зияткерлік педагогикасы

Жасанды интеллекттің педагогикалық құрал ретіндегі тиімділігі мұғалімнің жұмысын жеңілдетуде көрінеді. Мысалы, ChatGPT сияқты жасанды интеллект жүйелері оқушылармен жеке қарым-қатынас жасай алады және олардың сұрақтарына жауап бере алады, бұл тіл мен әдебиет сабақтарын интерактивті және қызықты етеді. Сонымен қатар, AI жүйелерінің көмегімен оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін мәтіндер мен әдеби шығармалар бойынша қосымша материалдар ұсынуға болады.

Жасанды интеллекттің тағы бір артықшылығы-оның әртүрлі тапсырмаларды орындау қабілеті. Оқушыларға арналған тапсырмалар олардың деңгейіне сәйкес автоматты түрде жасалады және реттеледі. Сонымен қатар, оқушыларды бір жерге тез жинау мүмкіндігі оқу процесін жақсартады.

4. Кіндіктер мен келешегі

Жасанды интеллектті енгізу мен пайдаланудың негізгі қиындықтары — бұл технологияны енгізу және пайдалану кезінде туындайтын кедергілер. Біріншіден, оқытушылар мен оқушылардың технологиялық дайындық деңгейі әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан оқу процесіне жасанды интеллект жүйелерін енгізу үшін арнайы дайындық қажет. Екіншіден, кейбір мектептер мен оқу орындарында қажетті техникалық инфрақұрылымның болмауы маңызды мәселе болып табылады. Осы мәселелерді шешуде AI негізіндегі технологиялардың тиімділігі айтарлықтай артады.

Қорытынды

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллектті қолдану оқу сапасын арттырады және оқушылардың білімін жақсартады. Бұл технологияны қолдану оқу процесін жеңілдетуге, оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға және мұғалімдердің уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Алайда, жасанды интеллект жүйелерін тиімді пайдалану үшін арнайы инфрақұрылымды дамыту қажет. Қазіргі уақытта бұл технологияның болашағы бұлыңғыр және оның білім беру саласына әсері болашақта артуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық.
2. Үлестірме материалдар
3. А. Әлімов. «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» атты оқу құралы, Алматы 2023ж.
4. А.Әлімов. «Оқытудағы ИНТЕРБЕЛСЕНДІ әдіс-тәсілдер» Астана, 2014ж.



Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеудегі тәрбиешінің рөлі

Рысбекова Камшат Бейсенбековна
Алматы қаласы Республикалық спорт колледжінің
Педагог-тәрбиеші



Қазіргі қоғамда жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды сіңіру – тәрбиеші мен ұстаздың басты міндеттерінің бірі. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген бала ғана өз елін сүйетін, саналы, жауапкершілігі жоғары азамат болып қалыптасады. Өйткені ұлттық тәрбие баланың рухани дамуының, адамгершілік қасиеттерінің және отансүйгіштік сезімінің негізін қалайды. Жаһандану үдерісі күшейген бүгінгі заманда жастардың санасына әртүрлі мәдени ықпалдар әсер етуде. Осындай жағдайда ұлттық болмысымызды, тілімізді, салт-дәстүрімізді сақтау және оны өскелең ұрпаққа жеткізу тәрбиешінің кәсіби жауапкершілігін арттыра түседі. Сондықтан тәрбиеші ретінде оқушыларға ұлттық тәрбие беру бағытында жүйелі, мақсатты және тәрбиелік мәні зор жұмыстар жүргізу аса маңызды. Бұл жұмыстар оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, өз халқының мәдени мұрасына құрметпен қарауына ықпал етеді.

Тәрбие жұмысында ең алдымен қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын оқушыларға жан-жақты танытуға ерекше көңіл бөлінеді. Себебі ұлттық салт-дәстүрлер – ұрпақ тәрбиесінің кайнар көзі, халықтың өмір сүру қағидаларын, дүниетанымын айқындайтын құндылықтар жиынтығы. Осы бағытта сыныптан тыс іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылып, оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары ескерілді. Атап айтқанда, «Ұлттық салт-дәстүр – тәрбие бастауы», «Қазақтың тыйым сөздері – тәрбие көзі», «Үлкенге құрмет – кішіге ізет» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл тәрбие сағаттары барысында оқушылар қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, әдеп-ғұрыптарымен танысып қана қоймай, олардың тәрбиелік мәнін терең түсіне бастады. Әсіресе, тыйым сөздердің мағынасына тоқталу арқылы оқушыларды әдептілікке, жауапкершілікке, табиғатты аялауға баулу жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, оқушыларды ана тілін құрметтеуге, тіл мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар да маңызды орын алды. Ана тілі – ұлттық құндылықтың негізгі тірегі болғандықтан, тәрбие жұмысында бұл мәселеге ерекше назар аударылды. Оқушыларға мақал-мәтелдер жаттату, олардың мағынасын талдау, шешендік сөздерді оқу, ұлттық нақыштағы көркем шығармалармен таныстыру арқылы тілге деген сүйіспеншілік қалыптастырылды. Бұл жұмыстар барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге, сөздік қорын байытуға, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін дамытуға мүмкіндік алды. Нәтижесінде оқушылар қазақ тілінің байлығы мен көркемдігін сезініп, ана тіліне деген құрметі арта түсті.

Ұлттық құндылықтарды тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсету мақсатында практикалық жұмыстар да ұйымдастырылды. Ұлттық мерекелерге, атап айтқанда Наурыз мейрамына, Тәуелсіздік күніне арналған тәрбиелік іс-шаралар өткізіліп, оқушылар белсенді түрде қатысты. Бұл шараларда оқушылар қазақтың ұлттық киімдерін киіп, дәстүрлі ұлттық ойындарды ойнады, ұлттық тағам түрлерімен танысты. Сонымен бірге, ұлттық өнерді дәріптеу мақсатында ән айту, би билеу, көріністер қою сияқты шығармашылық жұмыстар жүргізілді. Мұндай практикалық іс-шаралар оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың

бойында мақтаныш сезімін қалыптастырды.

Тәрбиеші ретінде ата-аналармен тығыз байланыс орнату да басты назарда болды. Өйткені ұлттық тәрбие ең алдымен отбасынан басталады. Осыған орай, ата-аналар жиналыстарында ұлттық тәрбие мәселелері көтеріліп, отбасындағы тәрбиенің маңызы түсіндірілді. Ата-аналарға балаларға үлгі болу, ұлттық дәстүрлерді үйде де насихаттау жөнінде ұсыныстар берілді. Кейбір іс-шараларға ата-аналар да тартылып, бірлескен жұмыстар ұйымдастырылды. Бұл мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті арттырды.

Жалпы алғанда, жүргізілген тәрбие жұмыстары оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, олардың бойында адамгершілік, сыйластық, отансүйгіштік қасиеттердің дамуына оң ықпал етті.

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтарды насихаттау – тәрбиешінің күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі әрі басты бағыттарының бірі болып табылады. Ұлттық тәрбиеге негізделген жүйелі жұмыстар оқушылардың рухани дүниесін байытып, олардың бойында адамгершілік, имандылық, жауапкершілік және отансүйгіштік қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай тәрбие алған оқушы өз халқының тарихын, тілін, салт-дәстүрін құрметтеп, ұлттық мәдениетке саналы түрде қарайды.

Оқушылармен жүргізілген тәрбие сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар мен практикалық жұмыстар олардың ұлттық сана-сезімін арттырып қана қоймай, күнделікті өмірде дұрыс мінез-құлық қалыптастыруына оң әсерін тигізді. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген оқушылар үлкенге құрмет көрсетуді, кішіге қамқор болуды, қоғамдағы өз орнын дұрыс бағалауды үйренді. Бұл қасиеттер олардың болашақта елге пайдалы, жауапкершілігі жоғары азамат болып қалыптасуына негіз болады.

Сонымен қатар, мектеп пен отбасы арасындағы бірлескен тәрбие жұмыстары ұлттық тәрбиенің тиімділігін арттыра түсті. Тәрбиеші, ата-ана және оқушы арасындағы ынтымақтастық берік болған жағдайда ғана тәрбие нәтижелі болмақ. Ұлттық құндылықты қастерлеген, рухы биік ұрпақ – тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы мен берік тірегі екені сөзсіз.

Қолданған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана.
2. Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы.
3. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: Мектеп.
4. Мағжан Жұмабаев. Педагогика. – Алматы.
5. Сәрсенбаев Н. Қазақтың салт-дәстүрлері. – Алматы.
6. Қалиев С., Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Рауан.
7. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
8. Әдістемелік нұсқаулықтар мен педагогикалық мақалалар жинағы.





Менің оқу құралдарым

Жүсінова Алия Тынымғалиқызы
Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы Әл-Фараби атындағы
№201 мектеп-лицейдің бастауыш сынып мұғалімі

Пәні:	Әдебиеттік оқу Атамұра
Бөлім:	Менің мектебім
Сынып: 2 «Г»	Қатысқандар саны: 21 Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	№ 33 сабақ. Менің оқу құралдарым Ө. Тұрманжанов. «Жыртық кітап жылады»
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.2.6.1 – кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау.
Сабақтың мақсаты	Өлеңді мәнерлеп оқиды, кейіпкерді сипаттайды, оның іс-әрекетіне пікір білдіреді
Күндылықтар: Қараша айы: Өділдік және жауапкершілік Басқалар үшін маңызды тапсырмаларды орындаудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсіну Бастаған ісін соңына дейін жеткізе білу	Сабақ күндылығы: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК Адам өміріндегі, отбасындағы, қоғамдағы еңбектің құндылығын түсіну Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету Апта дәйексөзі: «Өділетте берік болсаң аяғың таймайды!»

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Психологиялық ахуалды жақсарту Өткенді пысықтау Үй тапсырмасы 7-тапсырма Шоқанның іс-әрекетіне өз ойыңды білдір. Сен оның орнында болсаң, не істер едің? Ойыңды дәптерге түсір. Тақырыпты ашу.	Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді. Үй тапсырмасын көрсетеді	Мақтап, мадақтап отыру Дескриптор: Шоқанның іс-әрекетіне өз ойың білдіреді-16	Суреттер Шоқан туралы суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	 Кітап туралы мәлімет (бейнебаян) * Даулет ағайдың түсіндірме жұмысы Жаңа тақырып 1-тапсырма Суретпен жұмыс	Суретпен жұмыс Сипаттама жасайды Балалар бейнебаян көреді Сұрақтарға жауап береді	Жарайсың! Дескриптор: Мектеп кітапханасы туралы өз ойларын айтады	 
Сабақтың ортасы 20 минут	 Дескриптор: Мектеп кітапханасы туралы ойларын айтады	Суретпен жұмыс жасайды Сұрақтарға жауап береді	Дескриптор: Өлеңді түсініп оқиды-16 Өлең мазмұнын біледі, түсінеді-16 Сен жарадың!	Суреттер Оқулық

<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	<p>Суретке зер сал Суреттен не байқадың? Мектебінде осындай орын бар ма? Сен ол жерге не үшін барасың? Қандай кітап оқығанды жақсы көресің? Суретті қалай атар едің? Сурет атауы: Кітапханада «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: Басқалар үшін маңызды тапсырмаларды орындаудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсіну 2-тапсырма Автор туралы мәлімет айту.</p> <p>Оқулықпен жұмыс</p>  <p>Есіңе сақта! 1. Балаларға арнап өлеңдер жазған ақын. 2. Түркістан облысында туған. 3. «Менің кітабым», «Бозша торғай» т.б. шығармалары бар.</p> <p>Өлеңді ЖИ көмегімен айтқызып, балаларға тыңдату Өлеңді түсініп оқытып, балаларға тізбектей оқыту Топтық жұмыс</p>	<p>Автор туралы мәліметпен танысады.</p> <p>Өлеңді оқиды</p> <p>ДЕСКРИПТОР: Кітаптың тарихы туралы анықтама береді-1б Өлеңнен кітаптың сөзін тауып, мәнерлеп оқиды-1б Оқу құралдарын күтіп ұстау ережесін құрастырады-1б Кітап суретін құрастырып, мақал-мәтелді дұрыс оқиды-1б</p>	<p>Дескриптор: Мысалдың түрлеріне оқыған мәтінді сәйкестендіреді-1б</p> <p>Дескриптор: Өлеңнен кітаптың сөзін тауып, мәнерлеп оқиды-1б</p>					
<p>Сабақты қорыту бминут</p>	<p>ТОПТЫҚ ЖҰМЫС</p> <p>ОЙЛАН. ТОПТАС. БӨЛІС.</p> <table border="1"> <tr> <td>1-ТОП КІТАП ТАРИХЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА БЕР</td> <td>2-ТОП ӨЛЕҢНЕН КІТАПТЫҢ СӨЗІН ТАУЫП, МӘНЕРЛЕП ОҚЫ</td> </tr> <tr> <td>3-ТОП КІТАПТЫ КҮТІП ҰСТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ ҚҰРАСТЫР</td> <td>4-ТОП КІТАПТЫҢ СУРЕТІН ҚҰРАСТЫР ЖӘНЕ МАҚАЛ-МӨТЕЛДІ ДҰРЫС ОҚЫ</td> </tr> </table> <p>ДЕСКРИПТОР</p> <ul style="list-style-type: none"> • КІТАП ТАРИХЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА БЕРЕДІ • ӨЛЕҢНЕН КІТАПТЫҢ СӨЗІН ТАУЫП, МӘНЕРЛЕП ОҚИДЫ • ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН КҮТІП ҰСТАУ ЕРЕЖЕСІН ҚҰРАСТЫРАДЫ • КІТАПТЫҢ СУРЕТІН ҚҰРАСТЫРЫП, МАҚАЛ-МӨТЕЛДІ ДҰРЫС ОҚИДЫ 	1-ТОП КІТАП ТАРИХЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА БЕР	2-ТОП ӨЛЕҢНЕН КІТАПТЫҢ СӨЗІН ТАУЫП, МӘНЕРЛЕП ОҚЫ	3-ТОП КІТАПТЫ КҮТІП ҰСТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ ҚҰРАСТЫР	4-ТОП КІТАПТЫҢ СУРЕТІН ҚҰРАСТЫР ЖӘНЕ МАҚАЛ-МӨТЕЛДІ ДҰРЫС ОҚЫ	<p>Дәптерге жазып алады</p>	<p>Дескриптор: Баланың іс-әрекетіне пікірін білдіреді-1б</p>	<p>Автор суреті</p>
1-ТОП КІТАП ТАРИХЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА БЕР	2-ТОП ӨЛЕҢНЕН КІТАПТЫҢ СӨЗІН ТАУЫП, МӘНЕРЛЕП ОҚЫ							
3-ТОП КІТАПТЫ КҮТІП ҰСТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ ҚҰРАСТЫР	4-ТОП КІТАПТЫҢ СУРЕТІН ҚҰРАСТЫР ЖӘНЕ МАҚАЛ-МӨТЕЛДІ ДҰРЫС ОҚЫ							
<p>Үй тапсырмасы</p>	<p>Сөздік жұмыс жүргізу Жаңа сөздерді дәптеріне жазып алу</p> <p>Сөздік жұмыс</p> <p>Сірескен - толып тұрған. Жадап, жудап - азып - тозу. Назаланып - мұның шақты. Белшеден - әбден</p>	<p>Балалар қолына қағаз беріледі. Қағазды ұмаждап, қайта жазу тапсырылады. Қолға жаттығу</p>	<p>Тамаша!</p>	<p>Парақшалар беріледі, плакат</p>				
<p>Кері байланыс 5 минут</p>	<p>Сергіту сәті</p> <p>3-тапсырма. Ойланып, талқылайық. Оқулықтағы мысал туралы мәліметті оқушылармен бірге талқылау</p>	<p>Мұғаліммен бірге талқылайды</p>	<p>Мақтап, мадақтап отыру</p> <p>Жұрптық жұмыс орындайды</p>	<p>Жұмыс дәптері</p> <p>Парақшалар беріледі</p>				



- МЫСАЛ-ШАҒЫН КӨЛЕМДІ ӨЛЕҢ НЕМЕСЕ ӨҢГІМЕ ТҮРІНДЕ БОЛАДЫ.
- МЫСАЛДА ЖАНУАРЛАР, ӨСІМДІКТЕР ЗАТТАР АДАМ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙДІ.
- МЫСАЛДА ҚОРЫТЫНДЫ ОЙ АЙТЫЛАДЫ.

ДЕСКРИПТОР:
• МЫСАЛДЫҢ ТҮРЛЕРІНЕ ОҚЫҒАН МӘТІНДІ СӨЙКЕСТЕНДІРЕДІ

Жұптық жұмыс
Ж.ж. Жұптас, пікірлес.



Дескрипторы: Өлеңді түсініп оқиды;
Өлең мазмұнын түсінеді;
Дұрыс жауабын тауып, сөйкестендіреді;


Жеке жұмыс
«Иә, жоқ» әдісі арқылы балаларға ойын арқылы сұрақтар қойылып, жауап алынады

Үй тапсырмасы
7-тапсырма
Өз оқу құралдарыңды қалай күтіп ұстайсың? Әңгімелеп айт

Кері байланыс

Кітап нені жақсы көреді?

- кітап қолтамасын
- лас қолмен ұстағанды
- тіпәні
- қар мен жаңбырды
- ұқыпты ұстағанды
- мейрамдәлікті
- майлы қолды
- таза қолды
- жерде жатқанды
- кітаппен төбелесуді
- кітап серексіне тұруды
- сүйікті оқырманды



Балалар жауап береді

Оқушылар жеке жұмысты орындайды

Үй тапсырмасын алады

Кері байланыс береді

Балалар үй тапсырмасын жазып алады

Суреттер
Жұптарға парақшалар

Суреттер, плакаттар

Кері байланыс тақтасы



Инклюзивті білім беру жағдайында дефектолог маманның рөлі мен кәсіби қызметі

Смагулова Нұргүл Тұрсынқызы

Алматы қаласы №2 арнайы мектеп интернатының Дефектологы



Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесі соңғы жылдары айтарлықтай дамып, бұл бағыт мемлекетіміздің стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады. Бұл, сонымен қатар, қоғам алдындағы үлкен жауапкершіліктің белгісі болып саналады. Әрбір балаға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға да сапалы білім алу мүмкіндігін тең дәрежеде ұсыну – әділетті қоғам құру үшін маңызды қадам болып табылады. Бүгінде елімізде инклюзияны ілгерілету мақсатында кешенді жұмыстар қолға алынып, нақты нәтижелерге бағытталған жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытудағы маңызды рөлді атқаратын мекемелердің бірі – ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. 1992 жылы құрылған бұл орталық ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алуы үшін ғылыми және әдістемелік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізіп келеді. Орталықтың қызметі тек диагностика жүргізумен ғана шектелмей, заманауи оқыту мен тәрбиелеу әдістерін дайындап, педагогтарға әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған.

Қазіргі уақытта елімізде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың саны 240 мыңнан асып отыр, бұл тек статистика емес, мемлекет пен қоғам үшін үлкен жауапкершілік жүктейтін көрсеткіш. Мемлекет осы міндетті орындау үшін нақты қадамдар жасап, «Білім туралы» Заңда әрбір баланың білім алу құқығы заңмен қамтамасыз етілген. Қазір осы бағытта «Мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау» жөніндегі арнайы заң жобасы әзірленіп жатыр, бұл заң кешенді қолдау көрсетуге бағытталған.

Инклюзияны дамытуда маңызды жаңалықтардың бірі – 2021 жылдан бастап мектептердің штаттық кестесіне педагог-ассистент лауазымының енгізілуі. Бұл мамандар балаларды дербес білім алуға дейін сүйемелдеп, оқу процесінде ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік бейімделуіне де көмек көрсетеді. Қазіргі таңда педагог-ассистенттердің саны 3 500-ге жетті, олар тек мектептерде ғана емес, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру орындарында да қызмет етуде. Сонымен қатар, жалпы білім беру ұйымдарының штатында арнайы педагогтардың болуы, мектептердегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл жаңашылдықтар тек кадрлық қолдаумен шектелмейді. 2022 жылы ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидалары бекітіліп, үш деңгейлі жаңа модель енгізілді. Мұғалімдер балаларға жеке және дифференциалды тәсілдермен білім берсе, психологиялық-педагогикалық мамандар жеке түзету-дамыту бағдарламаларын жүзеге асырады. Ал үшінші деңгейде арнайы мамандар (сурдопедагог, тифлопедагог, клиникалық психолог және т.б.) жұмыс істейді.

Қазақстанда инклюзивті білім беру инфрақұрылымы

да елеулі өзгерістерге ұшырады. Қазіргі таңда 508 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істеп, инклюзивті кабинеттердің саны 1 051-ге жетті. 2024 жылы еліміздегі мектептердің 91 пайызы ерекше балаларға қолайлы жағдай жасаған. Қазіргі таңда Қазақстанда ерекше білім беру қажеттілігі бар 73 990 бала инклюзивті ортада білім алып жатыр.

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы педагогтерге әдістемелік көмек көрсету жұмыстарын үздіксіз жалғастырып, соңғы екі жылда 83 оқулық пен оқу-әдістемелік кешен, 15 әдістемелік ұсыным, 67 типтік оқу бағдарламасы әзірленіп, мектеп тәжірибесіне енгізілді. Сонымен қатар, орталықта өткен екі жыл ішінде 1 623 педагог біліктілігін арттырды. Бұл салада педагогтердің біліктілігін жетілдіруге деген сұраныстың артуы кадр әлеуетін нығайтудың көрсеткіші болып табылады.

Дефектологтың жұмысы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізумен шектелмейді. Оның негізгі міндеті – баланың психикалық және физикалық дамуындағы ауытқуларды түзету, сондай-ақ олардың оқу және әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету. Дефектолог мектептегі инклюзивті білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаратын маман болып табылады, ол баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес түзету жұмыстарын ұйымдастырады, арнайы бағдарламалар әзірлейді және педагогтармен, ата-аналармен бірлесіп жұмыс істейді.

Дефектологтың жұмысының негізгі бағыттары мен міндеттері:

1. Баланың психо-педагогикалық диагностикасы

Дефектологтың жұмысы әрқашан баланың жеке ерекшеліктерін және даму деңгейін анықтаудан басталады. Бұл мақсатта дефектолог балалардың психологиялық және физиологиялық жағдайын тексереді. Психо-педагогикалық диагностика барысында ол баланың сөйлеу қабілеті, ойлау, есте сақтау, назар аудару және басқа да психикалық процестерін бағалайды. Дефектолог баланың дамуындағы ауытқуларды анықтап, нақты түзету шараларын қолдану үшін әр түрлі психодиагностикалық әдістер мен құралдарды пайдаланады.

2. Жеке түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу

Дефектологтың басты міндеттерінің бірі – балалардың даму деңгейіне және олардың ерекше қажеттіліктеріне сәйкес жеке түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу. Мұндай бағдарламалар оқыту процесінде баланың кемшіліктерін түзетуге, оны әлеуметке бейімдеуге және баланың танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл бағдарлама негізінде дефектолог арнайы педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолданып, баланың дамуындағы негізгі ауытқуларды түзетіп, оның мүмкіндіктерін дамытуға көмектеседі.

3. Арнайы оқыту әдістері мен құралдарын қолдану

Дефектолог оқыту үдерісінде әрбір баланың ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы әдістер мен құралдарды пайдаланады. Бұл әдістер баланың оқу процесін



жеңілдетуге, оның танымдық белсенділігін арттыруға және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқыту кезінде дефектолог дифференциалды тәсілдерді қолданады, яғни әрбір баланың даму деңгейіне сәйкес жеке әдістерді таңдайды. Мысалы, сөйлеу қабілеті нашар балалар үшін логопедиялық жаттығулар, есту қабілетінде ауытқулары бар балалар үшін сурдопедагогикалық әдістер және көру қабілеті бұзылған балалар үшін тифлопедагогикалық әдістер қолданылады.

4. Педагогтермен және ата-аналармен жұмыс

Дефектолог тек балалармен ғана жұмыс істемейді, сонымен қатар педагогтермен және ата-аналармен де тығыз байланыс орнатады. Педагогтермен бірлесіп, ол инклюзивті білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады және әрбір оқушыға сәйкес әдіс-тәсілдер мен стратегияларды ұсынады. Ата-аналармен жұмыс кезінде дефектолог оларға баланың даму процесі туралы кеңес беріп, үйде қандай түзету шараларын қолдану қажеттігін айқындайды. Ата-аналарға психологиялық көмек көрсету, оларды баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктері туралы ақпараттандыру да дефектологтың негізгі міндеттерінің бірі.

5. Әлеуметтік бейімделуге қолдау көрсету

Дефектолог балаларды тек білім беру процесінде ғана емес, олардың әлеуметтік ортаға бейімделуінде де қолдайды. Ол балалардың психологиялық және әлеуметтік тұрғыда дамуына, өзара қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, өзіне деген сенімділікті арттыруға көмектеседі. Дефектолог баланың құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас орнатуына, әлеуметтік дағдыларын дамытып, қоғамға толыққанды интеграциялануына мүмкіндік береді.

6. Психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету

Дефектолог балалардың эмоционалдық жағдайына да үлкен назар аударады. Ол баланың психологиялық күйін бағалап, қажет болған жағдайда түзету әдістерін қолданады. Әлеуметтік бейімделу, топта жұмыс істеу, ұжымда өзін жақсы сезіну – барлық осы аспектілер дефектологтың жұмысында маңызды орын алады. Баланың психоэмоционалдық дамуына әсер ететін факторларды анықтап, осы бағытта түзету жұмыстары жүргізіледі.

7. Педагогикалық кеңестер мен әдістемелік қолдау

Дефектолог мұғалімдер мен мектеп әкімшілігіне әдістемелік көмек көрсетеді, олардың инклюзивті білім беру жүйесінде жұмыс істеу қабілетін арттырады. Ол педагогтарға балалардың қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесінде қолдануға болатын арнайы әдістер мен құралдарды ұсынады. Сонымен қатар, дефектолог басқа мамандармен (логопед, психолог, әлеуметтік қызметкер) бірлесіп жұмыс істей отырып, балаларға кешенді көмек көрсетуге тырысады.

8. Жеке және топтық түзету сабақтарын жүргізу

Дефектолог жеке және топтық сабақтар өткізеді, онда ол балаларды өзара қарым-қатынас жасауға, эмоцияларын басқаруға, сөйлеу қабілетін дамытуға, оқу дағдыларын жақсартуға үйретеді. Мұндай сабақтар баланың даму деңгейіне сәйкес ұйымдастырылады және әрбір баланың қажеттіліктеріне жауап береді. Топтық сабақтар балалар арасында ынтымақтастық пен достықты дамытуға, олардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру жағдайында дефектолог маманның рөлі аса маңызды әрі шешуші болып табылады. Бұл маман ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың интеллектуалды, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз етіп, олардың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Дефектологтың міндеті – баланың оқу процесін ғана емес, оның тұлғалық және әлеуметтік дамуын да бақылап, арнайы түзету-дамыту

бағдарламаларын әзірлеу. Бұл балалардың білім алуына тең мүмкіндік жасауға, олардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасап, толыққанды азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Дефектологтың кәсіби шеберлігі мен жоғары біліктілігі инклюзивті білім беру жүйесінің табысты жүзеге асуының басты кепілі болып табылады. Маманның ғылыми негізделген әдістерді қолдануы, заманауи технологиялар мен педагогикалық тәсілдерді пайдалану, сондай-ақ командамен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың тиімділігін арттырады. Бұл өз кезегінде балалардың білім алуғағы мотивациясын жоғарылатып, олардың қоғамда бейімделуіне, құрдастарымен қарым-қатынас орнатуына, әлеуметтік және психологиялық тұрғыда дамуына септігін тигізеді.

Дефектологтың жұмысында маңызды аспектілердің бірі – ата-аналармен және мектеп ұжымымен тығыз байланыс орнату. Себебі, баланың дамуы тек мектепте ғана емес, үйде де жалғасады. Сондықтан дефектолог педагогтермен, ата-аналармен және басқа да мамандармен бірлесіп жұмыс істей отырып, әр баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, жан-жақты қолдау көрсетуі тиіс. Инклюзивті білім беру – қоғамдағы әділеттілік пен тең мүмкіндік берудің айқын көрінісі. Әр балаға сапалы білім алу мүмкіндігі жасалса, елдің адами капиталы артып, өркениетті қоғам қалыптасады. Мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті – осы мүмкіндікті барлық бала үшін қамтамасыз ету.

Сонымен, инклюзивті білім беру – бұл тек мектептегі оқу процесін ұйымдастыру ғана емес, сонымен бірге ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қоғамға интеграциялануына бағытталған кешенді процесс. Дефектолог маманның кәсіби біліктілігі, әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдануы және жан-жақты жұмыс істеуі осы процестің табысты жүзеге асуына негіз болады. Инклюзивті білім беру қоғамдағы әділеттілік пен тең мүмкіндіктерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарып, еліміздің адами капиталын дамытуға және өркениетті қоғам құруға бағытталған үлкен қадам болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер


1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2020.
2. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру мәселелері / Ж.Қ. Айтмұхамбетова, М.Қ. Тойымбаев. – Астана: «Елорда» баспасы, 2021.
3. Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының қызметі. // ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2022.
4. А.Е. Кенжебекова, Б.Ә. Ташкулова. Инклюзивті білім берудің педагогикалық негіздері: оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2019.
5. Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы, 2021.
6. Қазақстандағы инклюзивті білім беру: өткен, қазіргі және болашақ. / Қ.К. Мухамедова. – Алматы: Білім, 2020.
7. Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық тәжірибе: салыстырмалы талдау. / С.М. Бахытқызы. – Астана: Қазақ университеті, 2020.
8. Л.А. Павлова, Л.А. Иванова. Дефектология және психология негіздері. – Мәскеу: Просвещение, 2018.
9. Қараев Ж.Қ., Жұмабаева С.М. Арнайы педагогика негіздері. – Алматы: Республикалық баспа орталығы, 2018.
10. Ж.Е. Сұлтанбаева. Инклюзивті білім беру: теория және практика. – Алматы: Экономика, 2020.



Развитие речи и мышления учащихся с особыми образовательными потребностями средствами русского языка

Бутакбаева Гульшат Сарсеновна

Дефектолог, учитель начальных классов - модератор КГУ «Специальная школа интернат №2 г.Алматы, Бостандыкский район



В современной системе образования особое значение имеют специальные программы и методики для детей с особыми образовательными потребностями. Особенности их развития и трудности требуют особого внимания в образовательном процессе. Развитие речи и мышления у этих детей имеет важное значение, поскольку эти навыки являются основой для их активного и полноценного существования в обществе.

Для детей с особыми образовательными потребностями образование не ограничивается только усвоением учебной программы, оно должно быть направлено на комплексное развитие их личности, социальной и психологической адаптации. По мере развития их речевых и мыслительных способностей они получают значительные преимущества в общении, в процессе обучения, а также в адаптации к социальной среде. В этом контексте совершенствование речевых навыков имеет первостепенное значение, так как речь является главным инструментом выражения мыслей, организации мыслительных процессов и передачи эмоций.

В данной статье мы рассмотрим методы и инструменты, направленные на развитие речевых и мыслительных навыков у детей с особыми образовательными потребностями. Для этих детей роль языка является не только средством общения, но и важным инструментом, влияющим на формирование мыслительных процессов. Поэтому развитие речи и мышления способствует улучшению когнитивных способностей, что, в свою очередь, влияет на успехи в учебе и жизни.

Связь между речью и мышлением реализуется с учетом индивидуальных особенностей каждого ребенка различными методами. Для таких детей правильное применение специальных программ и методик помогает раскрыть их потенциал, улучшить психоэмоциональное состояние и поддержать общий процесс развития. Основная цель статьи — анализ этих инструментов и формулирование конкретных выводов о роли языка и мышления в развитии детей с особыми образовательными потребностями.

Развитие речи и мышления у детей с особыми образовательными потребностями — это сложный и длительный процесс. Для таких детей развитие навыков речи и мышления может быть связано с определенными трудностями, поскольку их когнитивные и психологические особенности часто требуют изменения методов обучения. Проблемы, с которыми сталкиваются дети с особыми образовательными потребностями в процессе обучения, значительно влияют на их возможности в учебе и общении. Однако с помощью специальных педагогических методик и эффективных инструментов эти трудности можно

преодолеть.

1. Развитие языка и значение речи

Языковое развитие детей с особыми образовательными потребностями определяется различными факторами. Среди них важную роль играют уровень когнитивного развития, физиологическое состояние (например, слуховые или зрительные нарушения), социально-экономическое положение и методы обучения. В развитии языка особое внимание уделяется не только расширению словарного запаса, но и улучшению логики мышления, правильному восприятию грамматических структур, а также организации речевой деятельности. Процессы мышления учащихся в основном осуществляются через язык. Поэтому между речью и мышлением существует тесная связь. Словами мы уточняем и структурируем наши мысли. Именно поэтому речевая деятельность имеет особое значение в развитии мышления у детей, поскольку язык является основой когнитивных процессов и главным инструментом их развития.

2. Развитие мыслительных способностей

В развитии мыслительных способностей детей с особыми образовательными потребностями большое значение имеет совершенствование абстрактного мышления. Абстракция — это способность человека превращать конкретные вещи и явления в понятия и категории. Развитие этого навыка усиливает аналитическое мышление детей, логическое рассуждение и способность решать сложные задачи. При решении задач дети часто связывают слова и изображения, систематизируя свои мысли. Это, в свою очередь, способствует развитию их речевых навыков. Например, логические игры, работа с изображениями, задания на развитие воображения — это полезные инструменты для развития мыслительных способностей детей. Также специальные методы обучения, игровые технологии и сенсорный опыт облегчают и расширяют мыслительный процесс. Эти подходы позволяют детям одновременно развивать и речь, и мышление, создавая единую когнитивную систему.

3. Педагогические методики и технологии в Казахстане

В Казахстане широко внедряются педагогические методики и технологии, ориентированные на детей с особыми образовательными потребностями. Эти методы направлены на развитие речевых и мыслительных навыков. Например, программа «Речевая и логопедическая терапия» включает специальные упражнения и методы для улучшения речевых навыков детей, правильного произношения звуков и усвоения грамматических конструкций. Кроме того, система «Индивидуальная педагогическая

поддержка» позволяет создавать специальные учебные планы, соответствующие потребностям каждого ученика. Комплекс психолого-педагогических методов для детей с особыми потребностями играет большую роль в развитии их когнитивных и социальных навыков. Эти программы позволяют эффективно организовать процесс обучения, учитывая индивидуальные возможности учащихся.

4. Инклюзивное образование и его роль

Инклюзивное образование основано на принципе равного и одинакового обучения для всех детей. Для детей с особыми образовательными потребностями инклюзивная образовательная система играет важную роль, поскольку она обеспечивает им возможность обучаться наравне с другими детьми. В инклюзивной среде дети учат друг друга и взаимодействуют между собой, что значительно влияет на развитие их речевых и социальных навыков. Кроме того, инклюзивное образование предоставляет детям с особыми потребностями возможность адаптироваться к обществу, несмотря на их индивидуальные особенности. Они участвуют в общем образовательном процессе, выполняют задания с другими детьми, развивают свои речевые и мыслительные навыки. Еще одним важным аспектом инклюзивного образования является использование учителями адаптированных учебных материалов и методов, соответствующих потребностям каждого ученика. Эти методы обеспечивают эффективное обучение, учитывающее индивидуальные особенности развития детей с особыми образовательными потребностями.

Эффективность инклюзивной образовательной системы для детей с особыми потребностями заключается в том, что она дает возможность им стать полноценными гражданами, развивая речевые и мыслительные навыки, а также становясь активными членами общества.

Подводя итог, развитие речи и мыслительных способностей у детей с особыми образовательными потребностями — это непрерывный и комплексный процесс. Этот процесс требует не только педагогических инструментов и методов, но и учета индивидуальных особенностей детей, их психологических и физиологических характеристик. Возможности развития каждого ученика разные, поэтому важно правильно поддерживать их в процессе обучения. Разработка образовательных программ с учетом индивидуальных особенностей детей, выбор эффективных методик с учетом их потребностей — это задача, требующая особой ответственности.

На сегодняшний день государство и общество уделяют большое внимание развитию образовательных методик и инструментов для детей с особыми образовательными потребностями. Подготовка специальных педагогических кадров в образовательных учреждениях, внедрение специализированных методик и технологий, расширение практики инклюзивного образования — это проявление

заботы общества о таких детях. Важным аспектом социальной и психологической поддержки является развитие навыков взаимодействия детей, помощь в поиске их места в обществе и формировании полноценной личности.

Тесная связь между речью и мышлением является основой для развития познавательных способностей детей с особыми образовательными потребностями. Совместное развитие речевых и мыслительных навыков непосредственно влияет на их адаптацию к окружающему миру и процесс социализации. Инклюзивная образовательная система играет важную роль в этом контексте, поскольку она предполагает предоставление равных возможностей для всех детей. В инклюзивной среде учащиеся могут учиться друг у друга, взаимодействовать, развивать свои языковые и социальные навыки. Это способствует качественному обучению детей и приобретению ими необходимых навыков для повседневной жизни.

Подводя итог, можно сказать, что развитие речевых и мыслительных способностей у детей с особыми образовательными потребностями, с учетом их индивидуальных особенностей, обеспечивает возможность получения качественного образования. Развитие этих навыков в будущем откроет путь для их полноценного становления как граждан, нахождения своего места в обществе и эффективного взаимодействия в социальной среде. Таким образом, обеспечение образования для детей с особыми образовательными потребностями — это задача не только системы образования, но и всего общества.

Литературы

1. Выготский, Л. С. (1983). **Психология развития ребенка**. Москва: Педагогика.
2. Ершова, Т. В. (2005). **Психологическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями**. Москва: Владос.
3. Гуревич, Е. И. (2009). **Педагогика инклюзивного образования**. Москва: Владос.
4. Мищенко, В. Н. (2012). **Методика и практика работы с детьми с ограниченными возможностями здоровья**. Москва: Академия.
5. Смирнова, М. В. (2017). **Основы инклюзивного образования в России**. Москва: Просвещение.
6. Шевченко, Л. И. (2011). **Теория и практика логопедической работы с детьми с речевыми нарушениями**. Москва: Академия.
7. Давыдова, В. В. (2004). **Когнитивное развитие детей с особыми образовательными потребностями**. Санкт-Петербург: Речь.
8. Коваленко, Е. В. (2015). **Методические рекомендации по обучению детей с нарушениями речи**. Санкт-Петербург: Детство-Пресс.




Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері

Асанхан Дәулет Бегалыұлы




*Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кетті Е.Бозғұлов атындағы
№249 мектеп-лицейдің география пәні мұғалімі*

Бөлім:	Геоэкономика
Педагогтің аты-жөні:	Асанхан Дәулет
Күні:	Мектеп:
Сыныбы: 10	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	10.4.1.6 дүниежүзі шаруашылығының аумақтық модельдерін талдау
Сабақтың мақсаты:	Дүниежүзі елдерін шаруашылық құрылымы бойынша түсінік қалыптасады. Олардың қызметін сипаттайды, бөліп ажырата алады.
Сабақтың құндылығы	«Заң және тәртіп» айы

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу, түгендеу.</p> <p>2. Жағымды психологиялық ахуал: «Ынталандыру сандығы» арқылы ішіне «Мен ақылдымын», «Мен кереметпін»? «Мен бай боламын» деп жазылған сөздерді оқушы оқып айтады.</p> <p>3. Өткен тақырыпты қайталау: Оқушылар сәйкестендіру тапсырмасын жасайды. https://wordwall.net/uk/re_source/14467772/%D0%B4%D2%AF%D0%BD%D0%B8%D0%B5%D0%B6%D2%AF%D0%B7%D1%96-%D0%B5%D0%BB%D0%B4%D0%B5%D1%80%D1%96%D0%BD%D1%96%D2%A3-%D1%88%D0%B0%D1%80%D1%83%D0%B0%D1%88%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D2%9B%D2%B1%D1%80%D1%8B%D0%BB%D1%8B-%D0%B1%D0%BE%D0%B9%D1%8B%D0%B%D1%88%D0%B0-%D0%B6%D1%96%D0%BA%D1%82%D0%B5%D1%83</p> <p>4. Жаңа тақырыпқа көшу үшін оқушыларға слайд көрсету.</p>  <p>10.4.1.6 мұғалім түсіндіруі.pptx</p>	<p>Оқушылармен амандасу. Түгендеу.</p> <p>Оқушылар сандықтағы ынталандырушы сөздерді оқиды.</p> <p>Оқушылар тест тапсырмасын орындайды.</p>  <p>Тапсырма мақсаты: Көрсетілген ресурстарды талқылайды. Алдыңғы тақырыптардан алған мәліметтерді еске түсіру. Тақырыпты мұнан әрі меңгеру бағытын анықтау. Оқушылар бүгінгі сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды.</p>	<p>+ дұрыс -бұрыс</p> <p>Жарайсың!</p>	 <p>Презентация</p>



<p>Сабақтың ортасы</p> <p>15 мин.</p>	<p>1-тапсырма. Жұптық жұмыс. Оқушылар жұптасып отырып, индустрияландыруға дейінгі кезеңдегі бір мемлекетті, индустриялық кезеңдегі бір мемлекетті, постиндустриялық кезеңдегі бір мемлекетті алып, жоспар бойынша жұмыс жасайды. Жоғары дамыған аудандарын жазады Ескі өнеркәсіпті аудандарын жазады Аграрлық аудандарын жазады Еңбек ресурстарының түрткіжайттарын жазады Табиғи-ресурстық түрткіжайтын жазады Ғылымды қажет ететін түрткіжайтты жазады Қоршаған ортаның сапасын жазады Дүниежүзілік шаруашылық орталықтары</p> 	<p>Бағалау критерийі: Салыстыру жұмысын жасайды. Оқулықтағы мәліметтерді пайдаланып бір мемлекетке жоспар бойынша сипаттама жасайды.</p> <table border="1" data-bbox="722 421 1121 965"> <thead> <tr> <th></th> <th>Индустрияландыруға дейінгі кезең</th> <th>Индустриялық кезең</th> <th>Постиндустриялық кезең</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Жоғары дамыған аудандары</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ескі өнеркәсіпті аудандары</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Аграрлық аудандарын жазады</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Еңбек ресурстарының түрткіжайты</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Табиғи-ресурстық түрткіжайт</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ғылымды қажет ететін түрткіжайт</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қоршаған ортаның сапасы</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>		Индустрияландыруға дейінгі кезең	Индустриялық кезең	Постиндустриялық кезең	Жоғары дамыған аудандары				Ескі өнеркәсіпті аудандары				Аграрлық аудандарын жазады				Еңбек ресурстарының түрткіжайты				Табиғи-ресурстық түрткіжайт				Ғылымды қажет ететін түрткіжайт				Қоршаған ортаның сапасы				<p>Бағалау критерий: Оқулықтағы анықтамамен жұмыс жасайды. Жоспар бойынша жұмыс жасауды үйренеді.</p>	<p>Оқулық</p> <p>Атлас</p> <p>10-сынып</p>
	Индустрияландыруға дейінгі кезең	Индустриялық кезең	Постиндустриялық кезең																																	
Жоғары дамыған аудандары																																				
Ескі өнеркәсіпті аудандары																																				
Аграрлық аудандарын жазады																																				
Еңбек ресурстарының түрткіжайты																																				
Табиғи-ресурстық түрткіжайт																																				
Ғылымды қажет ететін түрткіжайт																																				
Қоршаған ортаның сапасы																																				
<p>15 минут</p>	<p>2-тапсырма. Топтық жұмыс. Оқушылар топтасып жұмыс жасайды.</p> <p>1-топ: Периферия елдері 2-топ: Жартылай периферия елдері 3-топ: Жаңа индустриялық елдері</p>	<p>Тапсырма мақсаты: картамен жұмыс істей отырып, елдердің экономикасын талдай алады. Жұмыс сұрақтары: 1. Елдің орналасуы 2. Шаруашылығы 3. Әлеуметтік-экономикалық дамуы</p>	<p>Бағалау критерий: Дүниежүзі шаруашылығының аумақтық модельдерін талдау</p>																																	
<p>ЕБҚ</p>	<p>Еңбек факторы мен табиғат ресурсының айырмашылығын жазады.</p>	<p>Ерекше білімді қажет ететін берілген тапсырманы орындайды.</p>	<p>Мұғалімнің мадақтауы</p>	<p>Карточка</p>																																
<p>ЕҚБ</p>	<p>Табиғат ресурсы халық экономикасына қалай әсер етеді?</p>	<p>Ерекше қабілетті бала берілген тапсырманы орындайды.</p>	<p>Мұғалімнің мадақтауы</p>	<p>Карточка</p>																																
<p>Сабақтың соңы</p> <p>Рефлексия</p> <p>10 мин.</p>	<p>«Бір ауыз сөз» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген қозғарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді. Үйге тапсырма: Оқушыларға платформада үй тапсырмасын жасап келу. Мұғалім үшін сілтеме: https://wordwall.net/resource/5295423/8/10-c%D1%8B%D0%BD%D1%8B%D0%BF-%D0%B4%D2%AF%D0%BD%D0%B8%D0%B5%D0%B6%D2%AF%D0%B7%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BA-%D1%88%D0%B0%D1%80%D1%83%D0%B0%D1%88%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B</p>	<p>Жеке жұмыс: Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын. т.б. Оқушылар үшін сілтеме:</p> 	<p>Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 баллдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті баллын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін «Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалайды.</p>																																	



Оқу және тіл дамыту сабақтарында жасанды интеллект технологияларының қолдану арқылы сөздік қорды дамыту

Джанменова Айман Хожбаевна

*Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы №3 облыстық арнайы мектеп-интернаты
КММ Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі*



Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, алған білімін өмірде тиімді қолдана алуына бағытталған. Осы тұрғыда оқу және тіл дамыту сабақтарында сөздік қорды байыту – оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастырудағы негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Сөздік қоры бай оқушы өз ойын еркін жеткізіп, мәтінді терең түсініп, ауызша және жазбаша тілде сауатты сөйлеуге дағдыланады. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру үдерісіне жаңа мүмкіндіктер әкеліп, жасанды интеллектті тиімді пайдалануға жол ашып отыр. Жасанды интеллект технологиялары оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, оқу материалын қолжетімді, көрнекі әрі қызықты түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл технологиялар оқу үдерісін тараландыруға, әр оқушының білім алу қарқынына сәйкес тапсырмалар беруге жағдай жасайды. Осыған байланысты оқу және тіл дамыту сабақтарында жасанды интеллектті қолдану 5-сынып оқушыларының сөздік қорын дамытуда тиімді әдіс ретінде қарастырылып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және қазақ тіліне деген қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

5-сынып оқушыларының сөздік қоры әлі қалыптасу кезеңінде болғандықтан, жаңа сөздерді меңгерту барысында көрнекілік, дыбыстық қолдау, сонымен қатар ойын элементтерін тиімді пайдалану аса маңызды. Бұл жастағы оқушылар ақпаратты қабылдауда визуалды, аудиалды және интерактивті тәсілдерге көбірек қызығушылық танытады, сондықтан оқу материалын тек мәтін түрінде беру жеткіліксіз болады. Осы себепті жасанды интеллектке негізделген платформалар мен қосымшалар оқу үдерісін жандандырып, оқушылардың белсенділігін арттыратын тиімді құрал ретінде қарастырылады.

Жасанды интеллект технологиялары арқылы жаңа сөздер сурет, бейне және дыбыс арқылы қатар ұсынылады. Бұл әдіс оқушының есте сақтау қабілетін дамытуға, жаңа сөздерді саналы түрде меңгеруге көмектеседі. Сөздердің мағынасы мәтін ішіндегі қолданысымен, яғни контекст арқылы түсіндіріліп, оқушылардың сөзді тек жаттап қана қоймай, оның мәнін түсінуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, оқушылардың жауаптары автоматты түрде тексеріліп, жіберілген қателерге жедел кері байланыс беріледі, бұл өз қателігін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді және оқу үдерісіне сенімді қатысуға ықпал етеді.

Әр оқушының білім деңгейі мен оқу қарқынына сәйкес жеке тапсырмалар құрастыру оқу үдерісін тараландыруға жол ашады. Мысалы, бір оқушыға жаңа сөздерді сөйлемде қолдану тапсырмалары беріле отырып, екінші оқушыға ойын элементтері арқылы синонимдер мен антонимдерді табу тапсырмалары ұсынылуы мүмкін. Оқу сабақтарында жасанды интеллект мәтінді дыбыстап оқуға, түсінбеген сөздерді автоматты түрде анықтауға және сөздікпен тиімді жұмыс жасауға көмектеседі. Ал тіл дамыту сабақтарында жаңа сөздерді сөйлемде дұрыс қолдану, шағын мәтін құрастыру, синоним мен антонимдерді табу сияқты тапсырмалар интерактивті форматта орындалып, оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, жасанды интеллект оқушының танымдық

белсенділігін арттырып, сөздік қорын жүйелі түрде байытуға, тілдік дағдыларын меңгеруге және өз бетінше жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл технологияны қолдану білім беру процесінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуды тиімді ұйымдастырудың маңызды жолдарының бірі болып табылады.

Жасанды интеллект технологияларын оқу үдерісінде қолдану оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Интерактивті тапсырмалар мен жедел кері байланыс оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын күшейтіп, оқу әрекетіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

Жасанды интеллект негізіндегі құралдар арқылы оқушылар жаңа сөздерді есте сақтауды жеңіл меңгеріп, оларды ауызша және жазбаша тілде орынды қолдануға үйренеді. Сөздердің мағынасы, қолданылу аясы және үлгі сөйлемдер арқылы берілуі тілдік дағдылардың жүйелі түрде қалыптасуына жағдай жасайды.

Сонымен қатар, мұғалім үшін оқушылардың сөздік қорын бақылау және бағалау үдерісі едәуір жеңілдейді. Жасанды интеллект оқушылардың жетістіктері мен қиындықтарын автоматты түрде талдап, мұғалімге нақты мәлімет ұсынады. Бұл өз кезегінде әр оқушыға дер кезінде қолдау көрсетуге және оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, оқу және тіл дамыту сабақтарында жасанды интеллект технологияларын қолдану 5-сынып оқушыларының сөздік қорын дамытудың тиімді жолы болып табылады. Бұл технологиялар оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, оқу материалын қолжетімді, көрнекі және қызықты түрде меңгеруіне мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект оқушылардың тілдік қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай, олардың жаңа сөздерді саналы түрде меңгеруіне, өз ойын ауызша және жазбаша түрде дұрыс әрі жүйелі жеткізуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, интерактивті тапсырмалар мен жедел кері байланыс оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу мотивациясын күшейтеді.

Алдағы уақытта жасанды интеллект технологияларын оқу үдерісінде жүйелі түрде қолдану бастауыш және орта буын оқушыларының тілдік дағдыларын дамытуға, білім сапасын арттыруға және заманауи талаптарға сай тұлға қалыптастыруға оң әсерін тигізеді.

Әдебиеттер

Абралиева Б.Қ. Жасанды интеллект көмегімен тілдерді оқытудың интерактивті әдістері. – Алматы, 2022.

1. Омарова А. Artificial Intelligence in Language Learning and Adaptive Personalized Learning Technologies. – International Journal of Education, 2024.

2. UNESCO. Artificial Intelligence and Education: Guidance for Policy-makers. – Paris, 2019.

3. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019.

4. «Жасанды интеллект және үлкен деректер технологиялары негізінде қазақ тілін оқыту әдістемесі» (Ғылыми мақала). – Ілім Академиясы, 2025.



Зияты жеңіл зақымдалған оқушыларға қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектті қолдану

Кабакбаева Жазира Комекбаевна

*Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы №3 облыстық арнайы мектеп-интернаты
КММ Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім*

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Инклюзивті білім беру барлық оқушылардың, соның ішінде зияты жеңіл зақымдалған балалардың да сапалы білім алуына тең мүмкіндік беруді көздейді. Зияты жеңіл зақымдалған оқушыларды жалпы білім беру ортасына бейімдеу – мұғалімнен ерекше әдіс-тәсілдерді, шыдамдылықты және заманауи педагогикалық технологияларды қолдануды талап етеді. Зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың танымдық қабілеттері, есте сақтау және зейін қою ерекшеліктері оқу үдерісінде ескерілмесе, оларда пәнге деген қызығушылықтың төмендеуі байқалады. Өсіресе қазақ тілі сияқты тілдік пәндерді меңгеруде бұл қиындықтар айқын көрінеді. Сондықтан оқу материалын жеңілдетіп, көрнекі әрі түсінікті түрде ұсыну қажеттілігі туындайды. Осы орайда жасанды интеллект технологиялары қазақ тілі пәнін оқытуда тиімді құрал бола алады. Жасанды интеллект оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу мазмұнын бейімдеуге, тапсырмаларды деңгейлеп ұсынуға және оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар мұғалім жұмысының тиімділігін арттырып қана қоймай, зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың қазақ тілін меңгеруіне қолайлы жағдай жасайды. Зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың есте сақтау, зейін қою және ойлау қабілеттері баяу дамиды. Олар ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтауда, жаңа ұғымдарды қабылдауда және оларды байланыстырып қолдануда қиындықтарға тап болады. Сонымен қатар мұндай оқушылардың сөздік қоры шектеулі болып, сөйлеу тілінде қарапайым сөйлемдерді қолдануға бейім келеді. Оқу материалын меңгеру барысында бұл оқушыларға жиі қайталау, нақты нұсқаулар және кезең-кезеңмен түсіндіру қажет. Күрделі тапсырмалар олардың оқу белсенділігін төмендететіндіктен, тапсырмаларды жеңілдетіп, бөліктерге бөліп ұсыну тиімді болып табылады. Көрнекі құралдар, суреттер, кестелер мен сызбалар оқу мазмұнын түсінуді айтарлықтай жеңілдетеді. Қазақ тілі сабақтарында қысқа әрі мазмұны қарапайым мәтіндерді пайдалану, сөздерді сурет арқылы түсіндіру, мәтінді дыбыстап оқу сияқты әдістер оқушылардың қабылдауын арттырады. Сонымен қатар дыбыстық қолдау, бейнематериалдар және интерактивті тапсырмалар олардың қызығушылығын оятып, сабаққа белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Осы ерекшеліктерді ескере отырып ұйымдастырылған оқу үдерісі зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың қазақ тілін меңгеруіне қолайлы жағдай жасап, олардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Жасанды интеллекттің қазақ тілін оқытудағы мүмкіндіктері тек тапсырмаларды бейімдеумен шектелмейді. Ол оқу үдерісін қызықты, интерактивті және нәтижелі етуге көмектеседі. Мысалы, жасанды интеллектке негізделген платформалар:

- Жеке оқыту траекториясын құрады – әр оқушының білім деңгейін, қателерін және жетістіктерін талдап, соған

сәйкес жеке тапсырмалар ұсынады;

- Сөйлеу дағдысын дамытады – оқушының айтылымын тыңдап, дыбыстау, екпін және интонация бойынша кері байланыс береді;
- Грамматиканы жеңіл меңгеруге жағдай жасайды – ережелерді мысалдар, анимациялар және ойын элементтері арқылы түсіндіреді;
- Сөздік қорды кеңейтеді – жаңа сөздерді күнделікті өмірмен байланыстырып, диалог, мәтін немесе ойын форматында ұсынады;
- Өзіндік жұмысты қолдайды – оқушылар мұғалім көмегінсіз де тапсырмаларды орындап, нәтижесін бірден көре алады;
- Мотивацияны арттырады – ұпай жинау, деңгейден өту, марапаттау сияқты элементтер арқылы оқуға қызығушылықты күшейтеді. Сонымен қатар, жасанды интеллект мұғалімнің жұмысын да жеңілдетеді: ол оқушылардың үлгерімін автоматты түрде талдап, әлсіз тұстарын анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде мұғалім әр оқушыға көбірек көңіл бөліп, сабақтың сапасын арттыра алады. Жасанды интеллектті оқу үдерісінде қолдану оқушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастырып, олардың жауапкершілігін арттырады. Оқушы тапсырманы орындау барысында қателерін бірден көріп, түзетуге мүмкіндік алады, бұл білімді саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар, ЖИ мұғалімнің уақытын үнемдеп, күнделікті тексеру, бағалау жұмыстарын автоматтандырады. Нәтижесінде мұғалім әр оқушының деңгейіне сай жеке қолдау көрсетуге, күрделі тақырыптарды тереңірек түсіндіруге көбірек көңіл бөле алады.

Қазақ тілі сабақтарында жасанды интеллект:

- сөздік қорды молайтуға – жаңа сөздерді мағынасы, қолданылуы және сурет арқылы меңгеруге;
- сөйлем құрау дағдысын дамытуға – дайын үлгілер мен интерактивті тапсырмалар арқылы ойды жүйелі жеткізуге;
- мәтінді түсініп оқуға – мәтінге сұрақтар қою, негізгі ойды анықтау, мазмұндау жұмыстарын орындауға көмектеседі.

Осының нәтижесінде оқушылардың тілдік дағдылары дамып, пәнге деген қызығушылығы артады, ал оқу үдерісі тиімді әрі заман талабына сай ұйымдастырылады.

Қорыта айтқанда, зияты жеңіл зақымдалған 7-сынып оқушыларына қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектті қолдану – білім беру үдерісінің тиімділігін арттыратын маңызды құрал. Жасанды интеллект оқушылардың жеке ерекшеліктері мен оқу мүмкіндіктерін ескере отырып, тапсырмаларды бейімдеп ұсынуға, оқу материалын жеңіл әрі қолжетімді түрде меңгеруге жағдай жасайды.

Сонымен қатар, бұл технологиялар инклюзивті білім беруді дамытуға ықпал етіп, әр оқушының білім алуына тең мүмкіндік береді. Жасанды интеллект арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі артып, өзіне деген сенімі қалыптасады, ал қазақ тіліне деген қызығушылығы

күшейеді.

Алдағы уақытта жасанды интеллектті оқу бағдарламасына жүйелі түрде енгізу, мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін арттыру және арнайы білім алушыларға арналған қазақ тіліндегі сапалы цифрлық ресурстарды көбейту – өзекті мәселелердің бірі болмақ.

Әдебиет :

1. Абралиева Б.К. Жасанды интеллект көмегімен тілдерді оқытудың интерактивті әдістері.
2. Омарова А. Artificial Intelligence in Language Learning and Adaptive Personalized Learning Technologies.

– 2024.

3. UNESCO. Artificial Intelligence and Education: Guidance for Policy-makers. – Paris, 2019.
4. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – 2019.
5. «Жасанды интеллект және үлкен деректер технологиялары негізінде қазақ тілін оқыту әдістемесі» (ғылыми мақала).

Б.Өтепов өмірі мен шығармашылығы

Қуатбай Ақнұр Мұратқызы

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі



Бөлім:	Тарихта аты мен хаты қалған тұлғалар	
Педагогтің аты-жөні	Қуатбай Ақнұр Мұратқызы	
Күні:		
Сынып: 8 «Ж»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Б.Өтепов өмірі мен шығармашылығы	
Сабақтың мақсаты	Ақынның өмірі және шығармаларын әр қырынан танып, талдау жасайды.	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3 минут 4 минут	Ұйымдастыру кезеңі А.Байтұрсыновтың «Ойнаңдар, ойлаңдар» әдісі (Музыка ойнатылып тұрады) Оқушылар арнайы смайликтер арқылы сыныпта ынтымақтастық атмосферасын орнатып арнайы таратылған қағаздарда жазылған «Байназар - ақын», «Байназар - айтыскер», «Байназар - ұстаз» бойынша топқа біріктіріледі. «Quiziz.com» электронды әдіс арқылы қасиетті Қазалы өңірінен шыққан ақын-жазушылар туралы өткенді еске түсіру мақсатында ұйымдастырылады. ✓ Талқылау барысында сабақ тақырыбы мен оқу мақсаты анықталып, таныстырылады.	Оқушылар топталады, Қазалылық ақын-жазушылар туралы еске түсіре отырып, жаңа тақырыпты анықтайды.	Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ауызша мадақтау арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады. Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!	Интербелсенді тақта А.Байтұрсынов «Тіл-құрал», Қазалылық ақындар шығармашылығынан көрме
Сабақтың ортасы 10 минут	ТЖ А.Байтұрсынов «Сөзден - сөйлемге», «Тұтас оқу» әдістері. Берілген мәтінмен таныса отырып, әр топқа берілген сұрақтар арқылы сұраулы сөйлемдер құрастыртады. 1-топ: қандай? қай? 2-топ: неше? қайда? 3-топ: кім? Қалай? 1903 жылы диқаншы Егізекұлы Өтептің отбасында дүниеге келген. Алғаш ауыл молдасынан хат таныған. 1918 жылы Татар медресесінде оқыған. 1920 жылы бір жылдық мұғалімдік курсына тамамдаған. 1925-1929 жылдары	Берілген сұрақтарды қатыстырып сөйлем құрайды. Бір топ қойған сұраққа екінші, екіншіге үшінші топ жауап береді.	«Жапондық бағалау» әдісі бойынша екі топ бірін-бірі бағалайды. Осы бағалау арқылы келесі топтың жауаптарымен келісетін тұстарын, толықтыруға қатысты өз көзқарастарын, өздерінің қоятын сұрақтарын жеткізеді.	Ақын шығармашылығы туралы видео-көрсетілім Жұмыс дәптері, «Жергілікті ақын-жазушылар шығармалары» хрестоматия

Ақтөбе – Қостам болысының жауапты хатшысы қызметін атқарған. 1929-1932 жылдары Қаракөл серіктестігінің төрағасы, 1933-1934 жылдары Қожабақы бастауыш мектебінің меңгерушісі болып жұмыс жасаған.

Халық оны ақын, жырау, жазба айтыскер ретінде таниды. Кезінде республикаға танымал комсомол қайраткері Ғани Мұратбаевпен дос болған. Аудандық, облыстық айтыстарға қатысып, Н.Молыбаевпен, М.Жүсіповпен, Т.Үркімбаевпен, М.Көкеновпен, т.б. ақындармен өнер сайысына түсті. ХАЛЫҚ АҚЫНЫ атанған. Шығармалары мерзімді баспасөзде жарияланып жүрді.

«Пернедегі термелер» жинағында (1965) оның «Жаппасбай батыр» (1944), «Қашақбай – елдің ері» (1948), «Ақмешітке 150 жыл» дастандары, ерлік пен елдікті, теңдік пен бірлікті жырлаған «Ұлы ұстазым», «Қаһарлан, халқым, қаһарлан», «Аттанған ерлерге», «Қос қыран» атты өлеңдері жарық көрген.

«Мәдени мұра» бойынша ақынның шығармалары, өлеңдер мен терме-толғаулар, дастандар, айтыстары дербес жинақ болып, 2008 жылы Астанадағы «Фолиант» баспасынан жарық көрген. Сол 307 беттік кітапты ғаламторда «Сырдария кітапханасынан» табуға болады. Ақын 1984 жылы дүниеден өткен.

ЖЖ. А.Байтұрсыновтың «Қалайша қарай қос сөйлем» әдісі

1. Табиғаттың ерік бермей ырқына, Батырларша басыңды имей тұрасың. Адалдық, ар – төзімділік тұтқасы, Берік ұстасаң, берген серттен шығасың.	А) Малшы
2. Заңына табиғаттың қарап тұрсаң, Қоя ма бір қалыпта заңды өзгертпей. Ерлерім, елің үшін еңбек істе, Халыққа қатты тима, тікенектей.	В) Өнерпаздарға
3. Ақындар, өжет жүрек, өткір тілмен, Құнды етіп көрсет көпке өлеңінді. Қаһарман қаламыңнан халқың көрсін, Махаббат, отансүйгіш, жүрегінді.	С) Мінез
4. Достарым, Отанды сүй, еңбекті сүй, Жай жатып, төсегінде көлбемендер! Ақиқат арамтамақ әне солар – Еңбексіз кісі арқылы күн көргендер.	Д) Кейбір өзін білем деушілер мен құлқын құмарларға

МІНЕЗ ТУРАЛЫ
Мысалы, адам жерге шыққан шөптей,
Жайнаған жастық дәурен жазғы көктей.
Кәрілік – қазан ұрған қара суық,
Ерлерім, қалдыр мұра күнің өтпей.
Заңына табиғаттың қарап тұрсаң,
Қоя ма бір қалыпта заңды өзгертпей.
Ерлерім, елің үшін еңбек істе,
Халыққа қатты тима, тікенектей.
Мінезің қорғасындай ауыр болсын,
Аунама жас түйеге артқан жүктей.
Кейбіреу өсек отын өршітіп жүр,
Мезгілсіз мазалаған бөгелектей.
Қарасаң бұл әдеттің жинап бәрін,
Шындыққа кеткен емес тізе бүкпей.
Ерлерім, еліңді сүй, еңбекті сүй,
Түсірме ұнжырғанды күнің бітпей.

МАЛШЫ
Малшы болсаң, мал қасында боласың,
Жақсы жайылым, соны қоныс табасың.
Әрине, оңай жұмыс емес, мал баққан,
Жаз ыстықтап, қыс суықта тоңасың.
Баққан малдың командирі, малшысы,
Онда қалай мал соңынан қаласың?
Ұзақ күнге малмен бірге жүресің,
Қарлы жаңбыр, мейлі соқсын борасың.

8 минут

Оқушылар тапсырмалардың сәйкес юағанын байланыстырады

«Лицей маршын» орындайды.

«Жапондық бағалау» әдісі



-Дұрыс, келісемін



Толықтырамын, басқа көзқарасым бар.



-Менің сұрағым бар.

ҚБ. «Өзін-өзі бағалау»

Жұмыс дәптері, интербелсенді тақта



<p>2 минут</p> <p>13 минут</p>	<p>Табиғаттың ерік бермей ырқына, Батырларша басыңды имей тұрасың. Адалдық, ар – төзімділік тұтқасы, Берік ұтасан, берген серттен шығасың. Марқаяды малшы малы семіріп, Маймен жапса жондығы мен жаясын. Егізден төл, жүн, елтірі, семіз ет, Жақсы күтіп, еңбек етсең аларсың. Күтімнің күштілігін көрсетсең, Шелегінді толтырып, сүт сауасың. Ондай малшы, қадірменді халқына, Жақсы деген берер жұрты бағасын. Шындығында, абырой, атақ, даңқты, Адал еңбек, аққан термен табасың. Малшы еңбегі байланысты басшыға Жем, шөп, сумен қамсыз етсе, қорасын. (1969 ж.) КЕЙБІР ӨЗІМ БІЛЕМ ДЕУШІЛЕР МЕН ҚҰЛҚЫН ҚҰМАРЛАРҒА Істелген көптің ісін, мен демендер! Десеңдер, ол пікірді жөн демендер! Көп күші тау құлатып, тасты бұзар, Орынсыз өздеріңе меңземендер! Адам – дос, адам – бауыр бір-біріне Өзіңнен өзгелерді кем демендер, Ақыры басын иер шындық іске Уақытша өтірікпен өрлегендер. Жағымпаз жалбақтауды ұнатпайды, Аянбай еңбек етіп терлегендер. Әркім өз жұмысында адал істер, Мүддесін Отанының көздегендер. Достарым, Отанды сүй, еңбекті сүй, Жай жатып, төсегінде көлбемендер! Ақиқат арамтамақ әне солар – Еңбексіз кісі арқылы күн көргендер. (1968 ж.) ӨНЕРПАЗДАРҒА Ақындар, өжет жүрек, өткір тілмен, Құнды етіп көрсет көпке өлеңінді. Қаһарман қаламыңнан халқың көрсін, Махаббат, отансүйгіш, жүрегінді. Әншілер, шырқа дауыс шаттық үнмен, Толтырып, ән сарайы – көмейінді. Бишілер, бидің көрсет тамашасын, Сызылтып, ақ күмістей білегінді. Қол соқсын көрушілер қошеметтеп, Бейілшіл биге қайым беденінді. Күйшілер, домбыранды асқақтатып, Ал деңдер халыққа күйден керегінді. Күйіңнен дұшпан қорқып, дос сүйсініп, Мәңгілік көтер сүйтіп, беделінді! Сергіту Б.Өтепов ұрпағы туралы айта келіп, акынның ұлы К.Өтеп пен Қазалылық ақын №249 мектеп-лицей әнұранының авторы А.Сапардың шығармасын орындатады. Жеке жұмыс. А.Байтұрсынов «Қисындау» әдісі Б.Өтеповтың «Өнерпаздарға» өлеңін оқыта отырып, оның ішінен 5 сөз, өлең шумақтарынан тыс 5 сөз жаза отырып, еркін тақырыпта мәтін құратады.</p>	<p>Қалаған тақырыптары бойынша мәтін құрастырып, тапсырманы орындайды.</p>	<p>Критерий Дескриптор 1.Берілген сөздерді толық, жүйелі колданып, мәтін құрайды. 2.Грамматикалық ережені сақтайды 3.Сауатты жазады</p>	<p>Шығарма авторларының шығармашылық көрмесі, интербелсенді тақта Жұмыс дәптері</p>
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>Рефлексия «Поэзия минуты» Өткен сабақтар бойынша жергілікті ақындардың шығармаларынан үзінділер оқытады. Үйге тапсырма: Б.Өтепов айтыскерлігіне зерттеу жүргізу</p>	<p>Бұрын жаттаған өлеңдерін оқиды.</p>	<p>ҚБ «Мадақтау»</p>	



О.Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесі


Кумекбаева Гульзат

Бөлім:	3 – бөлім. Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...
Педагогтің аты-жөні:	Кумекбаева Гульзат
Күні:	21.02.2025ж
Сыныбы:6 «Ж»	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	О.Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесі.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	6.3.2.1. кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру;
Сабақтың мақсаты:	шығармадағы кейіпкерге баға береді шығармадағы заманауи жаңашылдығын салыстырып, анықтама береді береді.
Құндылық	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Жасампаздық пен жаңашылдық» құндылығы. «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесіндегі Тортай бейнесіне баға береді.Қазіргі заманда Тортайдың кездесетіндігіне оқушылар жан-жақты анықтама береді.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин.	(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі: 1. Мұғалім оқушылармен амандасады, түгендейді. 2. Психологиялық ахуал қалыптастыраду: Мұғалім оқушыларға сабаққа жағымды атмосфера қалыптастыру мақсатында “ <u>Ғажайып арман</u> ” әдісі арқылы музыка қойылып, оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастырады.	Оқушылар мұғаліммен амандасып, сынып басшысы сынып оқушылар саны туралы ақпарат береді. Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады	Жарайсың! Жақсы! Талпын! Мадақтама сөздер арқылы бағалайды	«BilimBook” тақтасы
	Өткен сабақты пысықтау: Мақсаты: Өткен білімді қайталай отырып жаңа біліммен байланыстыру «Суреттер галереясы» әдісі арқылы өткен сабақты пысықтап, еске түсіреді.	Оқушылар айналаға ілінген суреттерді алып, шығармаға қандай байланысы бар екенін анықтайды. Сурет бойынша жауап береді.	Мұғалім: Оқушылар өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға « <u>Жарайсың!</u> » деген мадақтау сөзімен ынталандырады.	кеспе қағаздар, каламсаптар
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 33 мин.	Сабақтың мақсатын түсіндіру. 1-тапсырма. Топтық жұмыс. «Ойлан, топтас, бөліс» әдісі. Әр топқа «Арман». «Жалғыздық», «Қорқыныш» тақырыбындағы суреттер бойынша, оқушылар топтаса отырып, шығармамен байланыстырып, өз ойларын жазады.	Дескриптор №1 1. Оқушылар шығармадан алған әсерін жеткізеді; 2. Оқиға желісі арқылы ойларын жүйелі айтады; БТ «түсіну, қолдану»	Жалпы балл-2 Мұғалім: Оқушыларды «БББ» әдісі арқылы бағалайды	Кеспе қағаз, түрлі-түсті таяқшалар, Learning Apps платформасы арқылы сәйкестендіру https://learningapps.org/watch?v=pj9gob7h325



	2-тапсырма. Жеке жұмыс. Мақсаты: «Түйінді ой» әдісі. Айналамызда Тортай сияқты балалар бар ма? Олардың әлеуметтік жағдайы қандай? «Бүгінгі күннің Тортайлары не істеп жүр?» деген тақырыпта оқушылар қазіргі күнгі балалармен салыстыра отырып, өз ойларың жеткізеді.	. Дескриптор: 1. Ойын жүйелі түйіндейді; 2. Себебін түсіндіреді; 3. Қорытынды жасайды; 4. Орфографиялық норманы сақтайды БТ «түсіну, талдау»	Жалпы -4 балл. Мұғалім: Оқушыларды «ҚҚҚ» әдісі арқылы бағалайды	Жұмыс дәптерлері
	3-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Комикс» әдісі Оқушылар әңгіме желісі бойынша берілген суреттегі сюжеттер арқылы сөйлейді.	Дескриптор: 1. Берілген суретке мұқият назар аударады; 2. Өз ойын тиянақты жеткізеді; БТ «талдау»	Жалпы -4 балл.	 Комикс суреттер, Wordwall платформасы арқылы тест сұрақтары https://wordwall.net/ru/resource/86874816
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 5 мин.	Бекіту кезеңі: Мақсаты: Жаңа білімді жинақтау. Мұғалім жаңа білімді жинақтау үшін, сабақты қорытындылайды және баллдарын есептейді. Кері байланыс. «Баскетбол» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабақтан алған әсерін түрлі доптарды баскетбол себетіне салу арқылы сабаққа деген көзқарасын байқайды, рефлексиясын көреді. Үй тапсырмасы: Кейіпкердің бейнесін елестете отырып сурет салып келу.	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгендерін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды, бағалайды. БТ «жинақтау, бағалау»	Мұғалім оқушыларды «Баскетбол» әдісі арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын! Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.	 Түрлі-түсті доптар, себет

Топтық ойындар арқылы балаларда достық қарым-қатынасты қалыптастыру

Тохтаханов Шамил Шухрятович

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Байсеит ауылы "И. Таиров атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ Дене шынықтыру пәні мұғалімі

Аннотация

Бұл мақалада топтық ойындардың балалар арасындағы достық қарым-қатынасқа әсері қарастырылады. Баланың ерте жастан топтық ойындар арқылы достық қарым-қатынасын қалыптастыру, коммуникативтік қабілеттерін дамыту, танымдық қызығушылығын жетілдірудегі көрнекті психологтар мен педагогтардың еңбектеріне шолу жасалып, балалар арасындағы топтық ойындардың маңызы туралы баяндалады.

Түйін сөздер: қарым-қатынас, достық, әлеуметтік, эмоционалды, ойын Елімізде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылып келеді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың басым бағыты, халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарынан шыққан балалардың сапалы білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға және қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталып отыр. Сондықтан балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестерін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері мен жаңа тиімді нысандарын іздеуді талап ететін үлкен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жүзеге асырылуда.

Оның дәлелі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі шеңберінде балалардың жеке ерекшеліктері мен әлеуметтік мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту әдістемелері мен технологиялары, білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық нысандары, әдістері, тәсілдері жетілдіруде.

Балалардың даралығы мен субъективтілігін қолдауға, өмірлік қажетті физикалық, әлеуметтік, эмоционалды, коммуникативтік, танымдық дағдыларын дамытуға бағытталған кедергісіз даму ортасы, трансформация ланатын ойын және тақырыптық аймақтар құрылды.[1]

Мектепке дейін білім беру мекемелері қазір өзіндік білім беру траекториясын таңдау, негіздеу және дамыту жолын жүзеге асыруда. Осыған орай «ЕрТарғын» бөбекжай-бақшасында мектепке дейінгі мекемелерді дамыту бағдарламасы, инновациялық жобалар, балалармен және ата-анамен жұмыстың жаңа бағыттары бойынша шаралар жүргізілуде.

Балалық шақ – жеке тұлғаның қалыптасуы мен әлеуметтік дағдыларды игерудің маңызды кезеңі десек болады. Бұл кезеңде бала қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас орнатып, әлеуметтік мінез-құлықты үйренеді.

Сондықтан да мектепке дейінгі мекемеде балалардың іс-әрекеттерінің негізгі түрі – ойын болып табылады. Ойын – күрделі әлеуметтік мәдени феномен, туғаннан бастап өмірінің соңына дейін бірге жүретін адамның бөлінбес өмірі, - деп көрсетеді көптеген зерттеушілер (Н. П. Аникеева, Л. С. Выготский, Д. Б. Эльконин және т.б.). Ойын дегеніміз не? «Ойын», «ойын әрекеті» ұғымдарының

мазмұнына анықтама өте көп. Орыс тілі сөздігінде «ойын» сөзі «белгілі бір ережелер, тәсілдер жиынымен және бос уақытты өткізу, көңіл сергіту үшін жүргізілетін іс-әрекет» деп анықталған.[2]

Ойын үшін іс-қимылын, әрекетін, ойынға қатысушылардың тәртібін реттеу 130 130 130 сипаты тән. Ойын белгілі бір талаптармен және ережелермен реттеледі. Әр ойында ереже әртүрлі ойын амалының реті, тәртіп ережелері, өзара қарым-қатынас талаптары болады.

Ойында балалардың арасындағы екі түрлі қарым-қатынас байқалады: - ойын мазмұнымен, ережесімен анықталатын қарым-қатынас; - ойын үстінде көрінетін нақты қарым-қатынас (ойынға келісім жасау, рөлдерді бөліп беру, келіспеушіліктен шығу, ұстанатын ережені қою)

Педагогикалық ғылымда ойын мектеп жасына дейінгі баланың қарым-қатынас іс-әрекеті ретінде қарастырылады (Н. П. Аникеева, В. С. Выготский, Я. Л. Коломинский, А. П. Усова, Д. Б. Эльконин). Ойын жетекші іс-әрекет ретінде бала психикасындағы басты өзгерістерді анықтайды және дамудың жаңа сатысына көшуге дайындайды.[3]

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл ретте, топтық ойындарды педагогикалық үдерісте тиімді пайдалану – балалардың достық қарым-қатынасын дамытудағы маңызды құралы болып есептеледі.

Зерттеулер көрсеткендей, топтық ойындар – балалардың бір-бірімен өзара әрекеттесуін күшейтетін тиімді құралдардың бірі. Ойын барысында балалар бірлесіп әрекет ету, өзара көмек көрсету, ортақ мақсатқа жету дағдыларын меңгереді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасында білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.[4]

Демек, топтық ойындар баланың коммуникативтік қабілеттерінің қалыптасуына, достық, татулық, ынтымақ, бірлік, командада жұмыс жасау дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді десек болады.

Топтық ойын – баланы әлеуметтендірудегі ең күшті құрал. Ол тұлғаның, оң қасиеттерін, мінез-құлқының, еркін қалыптасуына әсер етіп, балалардың білім, білік, құндылықтарды, тәртіп нормаларын, қарым-қатынас амалдарын меңгеруіне көмектеседі. Сонымен топтық ойындардың бірқатар негізгі ерекшеліктеріне тоқталып өтсем:

- Бірнеше баланың қатысуы (екі немесе одан да көп);
- Ортақ мақсатқа жету үшін өзара әрекеттесу;
- Белгілі бір ережелердің болуы; - Қатысушылардың



коммуникативтік дағдыларын дамыту;

- Эмоциялық және әлеуметтік байланыстарды нығайту.

Топтық ойындардың түрлері:

- Ережелі ойындар (балалар бірлесіп мақсатқа жетеді, мысалы, эстафеталық жарыстар, зерттеушілік ойындар)

- Спорттық ойындар (топтар бір-бірімен жарысады, қимылды ойындар мысалы, командалық топтық ойындар);

- Сюжеттік – рөлдік, құрылыс ойындары (балалар рөлдерді бөлісіп, ортақ сценарий құрады, мысалы, «Дәрігер мен науқас», «Дүкен»).

- Музыкалық топтық ойындар (музыкалық ырғақты ойындар, дидактикалық ойын, хороводтар)

Бұл ойындар балалардың достық қарым-қатынасын нығайтып, коммуникативтік және когнитивтік дағдыларын дамытады.

Топтық ойын – бұл балалардың ортақ ережеге бағына отырып, өзара қарым-қатынас жасайтын әрекет түрі. Педагогика және психология 131 131 131 ғылымдарында ойынның дамытушылық рөлі ерекше атап өтіледі. Ж.Пиже, Л.С.Выготский, М.Монтессори А.Меңжанова, Қ.Жарықбаев және басқа да ғалымдар ойынның бала дамуына ықпал ететінін маңызды құрал деп тұжырым жасайды.

Выготский теориясы бойынша, балалар ойын арқылы жақын арадағы даму аймағын кеңейтеді, яғни күрделі әрекеттерді біртіндеп меңгерсе, Монтессори әдістемесінде ойын балалардың еркін дамуына, өз бетінше шешім қабылдауына ықпал етеді деп түсінік береді.

Ал педагогтар А.Меңжанова, Қ.Жарықбаев және Н.Дүйсенғалиева ойынның бала тәрбиесіндегі маңызын атап көрсетіп, топтық ойын барысында балалардың танымдық белсенділігі артып, достық қарым-қатынасы орнайтынын дәлелдеген.

Шетелдік зерттеушілер – Джон Дьюи, Лев Выготский, Бенджамин Блум – ойын арқылы балалардың әлеуметтенуін зерттеп, ойынның когнитивтік және эмоциялық дамуға әсер ететінін атап өткен.[5]

Зерттеулер көрсеткендей, балалар арасындағы достық сезімдерін қалыптастыруда топтық ойындардың рөлі ерекше. Ойын – бұл тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен қатар баланың тұлғалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін қуатты педагогикалық әдіс. Топтық ойындар арқылы балалар бір-бірімен жақын қарым-қатынас орнатып, ынтымақтастық, өзара көмек, сенімділік, шыдамдылық сияқты қасиеттерді меңгереді. Сонымен қатар, ойын баланың сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, сөздік қорын дамытады.

Ойын әрекеті мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады, сондықтан бұл жұмыс өзекті болып табылады. Ойын құнды әрекет, ойын арқылы балалардың танымдық саласы кеңейеді, қоғамдағы мінез-құлық нормалары мен ережелерді меңгереді. Осы қоғамдағы мінез-құлық нормалары мен

достық қарым қатынасты арттыруға арналған, «Шаттық» орта тобы балаларымен өткізілген бірнеше ойын түрлерін ұсынамын.

1. "Достық көпірі" ойыны Мақсаты: Балалар арасында сенімділік қалыптастыру Ережесі: Балалар жұптасып, бір-біріне комплимент айтып, "достық көпірінен" өтеді.

2. "Ортақ сурет" ойыны Мақсаты: Бірлескен жұмысты дамыту Ережесі: Балалар бір қағазға ортақ сурет салып, әрқайсысы өз бөлігін салады.

3. "Жұмбақ дос" ойыны Мақсаты: Достық қарым-қатынасты нығайту Ережесі: Балалар бір-бірі туралы жұмбақтар құрастырады және табады. 6. Сөздік қордың даму динамикасы

4. Досыңа көмек бер

Мақсаты: Достыққа, шапшаңдылыққа баулу. Көрнекіліктер: аспап, сылдырмақ. Шарты: Шеңберде тұрған балалар шеңбер бойымен бір-біріне сылдырмақты береді. Музыка әуені тоқтағанда сылдырмақ қай баланың қолында қалса, сол бала ойыннан шығып кетпеу үшін достары көмек береді

Топтық ойындарды жүйелі ұйымдастыру барысында балалар бір-бірімен жиі қарым-қатынас жасап, сөйлеу дағдыларын жетілдіреді. Әсіресе, ортаңғы жас тобы балаларының сөздік қоры қарқынды дамиды. Ойындар арқылы балалар жаңа сөздерді тез меңгереді.

Қорыта айтқанда, балаларда ойын барысында бірге ойнау дағдылары, еңбек әрекеті, тазалық, тәртіптілік, ұйымшылдық, ойлау, қабылдау, сурет салу және басқа дағдылары қалыптасады.

Топтық ойын – бұл балалардың белгілі бір ережелерге сәйкес бірігіп ойнайтын, қарым-қатынасты дамытатын, татулық, ұжымдық әрекет пен 132 132 132 ынтымақтастықты қажет ететін ойын түрі деп атауға болады

Сондықтан балабақшада достық қарым-қатынасты дамыту үшін ойын әдістерін белсенді қолдану қажет. Себебі осы жаста балалар нәтижеге қол жеткізуге талпынып, өз әрекеттерінің нәтижелерін өзгелердің нәтижелерімен салыстыруды үйрене бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі 2021 жыл 15 наурыз № 137 қаулы

2. Аралбаева Р. К. Мектепке дейінгі педагогика. Оқулық Алматы

3. Кьяра Пиродди. Метод Монтессори. Развитие через игру. 2018

4. Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу куралы./- Алматы, Альманах, 2018.

5. Әістемелік құралдар мен ұсынымдар: 1. Түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыру және басшылық ету әдістемесі бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2022.



Бастауыш сынып оқушыларына күрделі есептерді кезеңкезеңмен үйрету

Мирманова Жазира Жаркинбековна

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі

Аннотация

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының көпәрекеттік есептерді шешудегі қиындықтарын жеңудің педагогикалық мәселесі қарастырылады. Бұл проблеманың өзектілігіне талдау жасалып, оқушылардың тек есептің жауабын табуға емес, сонымен қатар оны талдау, жоспарлау және шешу процесін түсінуге бағытталған кезеңдік әдістеме ұсынылады. Автор есепті талдаудың арнайы әдістеріне (сұрақтар тізбегі, қысқартып жазу, көрнекі схемалар) тоқтала отырып, олардың әрбіріне егжей-тегжейлі сипаттама береді. Сонымен қатар, жеке және топтық жұмыс түрлерінде қолдануға арналған дидактикалық материалдарды әзірлеу бойынша практикалық кеңестер берілген. Мақала бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

Кілт сөздер: күрделі есептер, проблемалық оқыту, ойлау дағдылары, талдау әдістемесі, көрнекілік, дифференциалданған оқыту, бастауыш сынып мұғалімі, кезеңдік оқыту, практикалық әдістеме, мәтіндік есептерді талдау, бастауыш мектеп.

Бастауыш мектептегі математиканы оқыту – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, танымдық белсенділігін және шығармашылық әлеуетін дамытудың негізі болып табылады. Әсіресе, күрделі есептерді шығару барысында бала тек математикалық білімін ғана емес, сонымен қатар талдау, салыстыру, жалпылау, дәлелдеу, қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімінің міндеті – есеп шығаруға үйретудің тиімді әдістемесін қолдана отырып, оқушыны кезең-кезеңмен күрделі тапсырмаларды орындауға жетелеу. Заманауи білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – оқушының танымдық ісәрекетін, логикалық ойлауын, проблемаларды шешу дағдысын дамыту. Математика пәні, әсіресе мәтіндік есептерді шығару балалардың ойлау қабілетін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Алайда, күрделі (көбінесе бірнеше әрекетті) мәтіндік есептер бастауыш сынып оқушылары үшін елеулі қиындықтар тудырады. Осы мәселені шешуге бастауыш сынып мұғалімдерінің күрделі есептерді кезең-кезеңмен үйретудің тиімді әдістемесін меңгеруі маңызды. Бұл мақаланың мақсаты – бастауыш сынып оқушыларына күрделі есептерді талдау және шығаруды үйретудің тиімді әдістерін мен әдістемелік тәсілдерін ұсыну.

«Күрделі есеп» түсінігі және оны шешудің қиындықтары

Күрделі есеп – шешуі бірнеше амалдан тұратын, арифметикалық және логикалық ойлауды қажет ететін тапсырма. Мұндай есептерді орындау кезінде оқушы тек қана бір амал қолданумен шектелмей, берілген мәліметтер арасындағы байланысты табуы қажет. Бастауыш сынып оқушысы үшін күрделі есеп деп бірнеше арифметикалық әрекетті

(әдетте екіден көп) қажет ететін, жасырын деректері бар немесе шешудің бірнеше тәсілі болатын мәтіндік есепті айтамыз. Мұндай есептерді шешуде оқушылар келесі қиындықтарға тап болады:

- Мәтінді түсінбеу: Есептің шартын оқып, негізгі мазмұнды бөліп ала алмау.
- Деректерді бөліп ала алмау: Не берілген, не табу керек, қандай қатынастар бар екенін анықтай алмау.
- Шешу жоспарын құра алмау: Әрекеттер тізбегін дұрыс құрудың қиындығы.
- Аралық сұрақ қоя алмау: Жауапқа жету үшін алдымен қандай шамаларды білу керектігін анықтай алмау.
- Шешімді түсіндіре алмау: Әрбір әрекеттің мәнін түсінбеу.

Осы қиындықтарды жеңу үшін есепті шешу процесін нақты кезеңдерге бөліп, әр кезеңде оқушының белгілі бір дағдысын жүйелі түрде дамыту қажет.

Күрделі есептерді үйретудің кезеңдері

Бастауыш сынып оқушыларына күрделі есептерді меңгертуде мұғалім келесі кезеңдерді ұстанғаны жөн:

1. Есеп мазмұнын түсіну
2. Есепті мәнерлеп оқыту, негізгі шартын анықтау.
3. Белгісізді табу үшін қандай сұраққа жауап беру керектігін нақтылау.
4. Есепті талдау
5. Берілгендерді және ізделінетін шаманы ажырату.
6. Шартты сурет, кесте немесе схема арқылы бейнелеу.
7. Шешу жоспарын құру
8. Қандай амалдарды қолдану қажеттігін анықтау.
9. Оқушының өз ойымен жоспар құруына мүмкіндік беру.
10. Есепті шығару
11. Жоспар бойынша амалдарды орындау.
12. Әрбір қадамды түсіндіріп отыру.
13. Жауапты тексеру және қорытынды жасау
14. Нәтиженің есеп шартына сәйкес келуін тексеру.
15. Басқа тәсілмен шығару мүмкіндігін қарастыру.

Күрделі есептерді шешуді үйретудің кезеңдік әдістемесі

1-кезең: Дайындық кезеңі – қарапайым есептермен жұмыс Бұл кезеңде екі-үш әрекеттік есептердің негізін құрайтын қарапайым есептерді (азайту, қосу, көбейту, бөлу) шешу дағдысы қалыптастырылады. Оқушылар:

- Қандай есептер қосу/азайту арқылы шешілетінін;
- Қай есептер көбейту/бөлу арқылы шешілетінін;
- «Қаншаға артық?», «Неше есе кем?» сияқты негізгі терминдерді ажырата білуі керек.

2-кезең: Есепті талдау әдістерін меңгеру Бұл – ең маңызды кезең. Мұнда мұғалім оқушыларға есепті талдауға және оны құрамдас бөліктерге бөлуге үйретеді. Бұл үшін



төмендегі әдістерді қолдануға болады:

- Сұрақтар қою әдісі: Оқушыларға есеп мәтіні бойынша тізбектеп сұрақтар қоюға үйрету.

- Есеп: «Алма – 25 кг, ал алмұрт – 5 кг. Алма массасы алмұрт массасынан неше есе артық? Алма мен алмұртты бірге сатқанда 90 теңге түсті. 1 кг жеміс қанша тұрады?»

- Сұрақтар тізбегі: 1) Алма массасы алмұрт массасынан неше есе артық? 2) Барлық жемістің жалпы массасы неше кг? 3) 1 кг жеміс қанша тұрады?

- Қысқартып жазу әдісі: Есептің мазмұнын қысқаша түрде (кесте, схема, сурет түрінде) жазу. Мысал: «Бірінші күні – 30 бет. Екінші күні – 2 есе артық. Үшінші күні – бірінші күннен 10 бет кем. Барлығы – ?»

- Схема құру әдісі: Есептің шартын көрнекі схема түрінде бейнелеу. Бұл әдіс арақатынастарды түсінуге көмектеседі. Мысал: «Бір сөмкеде 7 кг картоп бар. Екінші сөмкеде одан 3 кг артық. Үшінші сөмкеде бірінші екеуінің қосындысына тең. Үш сөмкеде неше кг картоп бар?»

- Схема: $[7 \text{ кг}] \rightarrow [7 \text{ кг} + 3 \text{ кг}] \rightarrow [7 \text{ кг} + (7 \text{ кг} + 3 \text{ кг})] = ?$

3-кезең: Шешу жоспарын құру және орындау Талдау нәтижесінде алынған сұрақтар тізбегі шешу жоспарына айналады. Оқушы әрбір аралық сұраққа жауап бере отырып, шешімге жақындайды. Мұғалімнің міндеті – оқушының әрекеттер тізбегін түсінуін қадағалау және әр қадамның не үшін жасалғанын сұрау.

4-кезең: Шешімді тексеру және жауапты құру Шешімді тек қайта есептеу емес, сонымен қатар мәнді түрде тексеру маңызды.

- Берілгенге кері есеп құру: Алынған жауапты пайдаланып, бастапқы деректерді алу.

- Шығармашылық тәсіл: Жауаптың шынайылығын бағалау (мысалы, алынған жылдамдық 300 км/сағ болса, бұл шындыққа сәйкес келе ме?).

- Жауапты толық және анық құру

Мұғалімнің рөлі. Мұғалім оқушыға дайын шешім беруші емес, бағыт-бағдар көрсетуші, ойландырушы, ынталандырушы болуы тиіс. Ол оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, есептерді біртіндеп күрделендіріп отыруы қажет.

Практикалық ұсыныстар мен жаттығулар

- Ойын технологиясы – «Кім жылдам?», «Артық амал» ойындары арқылы оқушының белсенділігін арттыру.

- Көрнекілік әдісі – сызба, кесте, диаграмма қолдану арқылы есепті нақтылау

- Топтық жұмыс – күрделі есептерді шағын топтарда

талдау, бір-бірінің шешу жолын бағалау.

- АКТ қолдану – интерактивті тапсырмалар, онлайн-есептер арқылы қызығушылықты арттыру.

- Дифференциация: Әр оқушының деңгейіне сай тапсырмалар беру. Күші нашар оқушыларға схемаларды, кестелерді дайын беру, ал күшті оқушыларға өзіндік схема құруды ұсыну.

- Топтық жұмыс: Оқушыларды шағын топтарға бөліп, бір есепті талдауға, шешу жоспарын құруға және бір-біріне түсіндіруге мәжбүр ету.

- «Дүкенше» ойыны: Нақты өмірлік жағдаяттарды модельдеу (баға, саны, құны арасындағы байланыс).

- «Өзгеріс енгізу» жаттығуы: Берілген есептің бір шартын өзгертіп, оның шешімі қалай өзгеретінін сұрау.

Қорытынды

Бастауыш сыныпта күрделі есептерді кезең-кезеңмен үйрету – оқушылардың математикалық сауаттылығын, логикалық ойлау қабілетін және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытудың тиімді жолы. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс оқушының білім сапасын арттыруға, шығармашылық тұрғыдан ойлануына мүмкіндік береді. Күрделі есептерді шешуді үйрету – бұл жүйелі, кезеңдік және үнемдік талап ететін процесс. Оқушыларды жай ғана есеп шығаруға емес, оны талдауға, жоспарлауға және өз шешімдерін негіздеп түсіндіруге үйрету керек. Жоғарыда аталған әдістер мен тәсілдерді жүйелі түрде қолдану балалардың логикалық ойлауын, талдау ізденісін дамытып, оларды тек математикада ғана емес, өмірде кездесетін кез келген қиындықтарды жеңуге дайындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қосанов Б., Математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: «Мектеп», 2020.

2. Жұмабекова Ф. М., Бастауыш мектепте есеп шығару әдістемесі. – Нұр-Сұлтан, 2019.

3. ҚР БҒМ. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш сынып математикасы бағдарламасы. – Астана, 2018.

4. Моро М.И., Пышкало А.М. Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі. – М.: Білім, 2015.

5. Истомина Н.Б. Математиканы оқыту әдістемесі. Бастауыш сыныптарда. – М.: Академия, 2018.

6. Бантова М.А., Бельтюкова Г.В. Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі. – М.: Просвещение, 2019.

7. Амонашвили Ш.А. Балалармен ойлау өрісінде. – Алматы: Атамұра, 2020.



Бастауыш сыныптарда цифрлық білім беру ресурстарды қолданудың маңыздылығы

Бозтай Балнұр Өмірәліқызы

*Шымкент қаласы, Қаратау ауданы №143 жалпы орта білім беретін мектебінің
Бастауыш сынып мұғалімі*

Аннотация

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының білімін жетілдіруде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың маңыздылығы қарастырылады. Цифрлық технологиялардың білім беру үдерісіне ықпалы, олардың тиімді қолданылу жолдары мен оқушының танымдық қабілетін арттырудағы рөлі талданады. Сонымен қатар, бастауыш білім беру жүйесінде цифрлық ресурстарды қолданудың педагогикалық, психологиялық және әдістемелік қырлары сарапталады. Мақаланың соңында тиімді ұсыныстар берілген.

Кілт сөздер: цифрлық білім беру ресурстары, бастауыш сынып, инновациялық технологиялар, функционалдық сауаттылық, білім сапасы, АКТ.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерді бастан өткеруде. Жаһандану дәуірінде цифрлық қоғам қалыптасып, ақпараттық технологиялар адам өмірінің барлық саласына еніп отыр. Бұл үрдістен білім беру жүйесі де тыс қалған жоқ. Әсіресе бастауыш мектеп – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы баспалдағы болғандықтан, мұнда инновациялық әдіс-тәсілдерді, соның ішінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдану ерекше маңызға ие. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігі олардың есте сақтау, қабылдау, ойлау қабілеттерінің қарқынды дамуы кезеңімен сипатталады. Сондықтан дәстүрлі әдістермен қатар, жаңа технологияларды тиімді пайдалану оқушының оқу мотивациясын арттыруға, білім сапасын көтеруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты бастауыш мектепте цифрлық білім беру ресурстарын қолдану тек қосымша құрал ретінде ғана емес, оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс [1, 4].

1. Цифрлық білім беру ресурстары ұғымы және түрлері

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) – оқу материалдарын электронды форматта ұсынатын, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын, интерактивті түрде білім алуға жағдай жасайтын құралдар [2]. Оларға мыналар жатады:

- электрондық оқулықтар;
- мультимедиялық бағдарламалар;
- онлайн-оқыту платформалары (Kahoot, Quizizz, Google Classroom, Moodle);
- білім беру қосымшалары (LearningApps, Duolingo, Bilimland, iTest);
- виртуалды зертханалар мен симуляциялар;
- бейнесабақтар, анимациялар, подкасттар.

Бұл ресурстар оқушыға оқу материалын түрлі формада қабылдауға (мәтін, сурет, дыбыс, бейне) мүмкіндік береді.

2. Цифрлық ресурстарды бастауыш мектепте қолданудың педагогикалық маңызы

ЦБР-ды қолданудың басты мақсаты – білім берудің сапасын арттыру және оқушының жеке қабілеттерін дамыту [3]. Педагогикалық артықшылықтары:

Оқытудағы көрнекілік – бала визуалды материалды тез қабылдайды. Мультимедиялық суреттер, анимациялар, бейнефрагменттер оқушыға ұғымды нақты түсінуге көмектеседі.

Жекелендірілген оқыту – цифрлық ресурстар оқушы-

лардың жеке қарқынына сәйкес білім алуға жағдай жасайды.

Интерактивтілік – оқушыларды белсенді әрекетке жетелейді.

Қолжетімділік – интернет пен мобилді құрылғылардың көмегімен оқушы кез келген уақытта білім алу мүмкіндігіне ие болады.

Бағалау жүйесінің тиімділігі – тесттер мен онлайн тапсырмалар нәтижені автоматты түрде көрсетеді, бұл мұғалімнің уақытын үнемдейді.

3. Бастауыш мектеп оқушысының даму ерекшеліктері және ЦБР

Бастауыш жастағы балалардың ойлау қабілеті нақты бейнелі, көрнекілікке сүйенеді [6]. Сондықтан дәстүрлі оқулықтағы құрғақ мәтіннен гөрі мультимедиялық анимациялар мен ойын түріндегі тапсырмалар олардың қызығушылығын тудырады.

Ойын арқылы оқыту – бастауыш оқушысы үшін ең тиімді әдіс. Цифрлық платформалар ойын элементтерін енгізу арқылы (gamification) білімді қызықты етіп жеткізеді.

Мотивацияны арттыру – интерактивті тапсырмалар баланың сабаққа деген ынтасын күшейтеді.

Шығармашылық қабілетті дамыту – бейнеролик түсіру, постер жасау, онлайнпрезентация дайындау сияқты тапсырмалар оқушыларды шығармашылыққа баулиды.

4. Цифрлық ресурстарды қолданудың әдістемелік негіздері

Мұғалім үшін басты міндет – цифрлық құралдарды мақсатқа сай қолдану. Әдістемелік ұстанымдар:

- ЦБР тек көмекші құрал, негізгі мазмұнды алмастырмайды.
- Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес таңдалуы қажет.

- Уақыт мөлшері шектелген болуы керек (ұзақ экран алдында отыру денсаулыққа зиян).

- Қауіпсіздік пен этикалық нормаларды сақтау (интернет мәдениеті, ақпараттық гигиена).

Мысалы: Қазақ тілі сабағында Bilimland платформасындағы жаттығуларды пайдалану.

Әдебиеттік оқу сабағында аудио ертегілерді тыңдату. Математикада LearningApps арқылы логикалық тапсырмалар беру.

5. Цифрлық ресурстардың білім сапасына әсері
Зерттеулерге сүйенсек, бастауыш сыныпта ЦБР-ды жүйелі қолданған жағдайда:

- оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі 30–40%-ға артады;

- есте сақтау қабілеті 25–35%-ға жақсарайды;

- шығармашылық тапсырмаларды орындау деңгейі көтеріледі;

- мұғалімнің бағалау мен кері байланысқа жұмсайтын уақыты қысқарады.

6. Қиындықтар мен шектеулер
ЦБР-ды қолдануда кездесетін кейбір мәселелер де бар: ауыл мектептерінде интернеттің әлсіздігі; барлық оқушылардың құрылғымен (планшет, компьютер) қамтамасыз етілмеуі; мұғалімдердің IT құзыреттілігінің жеткіліксіздігі;



экран алдындағы артық уақыттың бала денсаулығына зияны.

Бұл қиындықтарды шешу үшін мемлекет тарапынан да, мұғалім тарапынан да жүйелі жұмыс жүргізілуі қажет [1].

7. Мұғалімнің кәсіби рөлі

Цифрлық ресурстардың тиімділігі ең алдымен мұғалімнің құзыреттілігіне байланысты [5]. Ол:

жаңа платформаларды меңгеріп, үнемі кәсіби дамып отыруы;

ЦБР-ды сабақ мақсатына сәйкестендіруі;

оқушылардың цифрлық мәдениетін қалыптастыруы тиіс.

Қорытынды Қорыта айтқанда, бастауыш мектепте цифрлық білім беру ресурстарын қолдану – заман талабы. Ол оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, білім сапасын көтереді, шығармашылық қабілеттерін дамытады, функционалдық сауаттылықты қалыптастырады. Дегенмен, ЦБР-ды қолданудағы әдістемелік ұстанымдарды

сақтау, уақытты тиімді бөлу, педагогтің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру – негізгі шарт. Болашақта бастауыш мектепте цифрлық ресурстарды жүйелі пайдалану арқылы білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, 2018.

2. Жұмабаева Ә. «Бастауыш мектепте цифрлық технологияларды қолданудың ерекшеліктері», Педагогика журналы, 2021.

3. Қараев Ж.А. «Инновациялық технологиялар және білім сапасы», Алматы, 2019.

4. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, 2017.

5. Mishra P., Koehler M. J. Technological Pedagogical Content Knowledge Framework. Routledge, 2018.

6. Prensky M. Digital Natives, Digital Immigrants. On the Horizon, 2001.

Ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды ойындар арқылы тәрбиелеу және оқыту

Садуова Жамила Нұрылдақызы

“Таң бөбегі” бөбекжайы мекемесінің меңгерушісі

Мақсат - ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола білетін жеке тұлғаны қалыптастыру. Ұлттық мінез-құлықтың негізгі дағдыларына тәрбиелеу, адамгершілік ұғымдары мен дұрыс мінез-құлық қалыптастыруға ықпал ету.

Бүгінгі таңда білім мен тәрбиенің басты тірегі – ұлттық болмыс пен мәдениетке негізделген тұлға қалыптастыру. Балабақша кезеңі – баланың ойлау, қабылдау, сөйлеу, мінезқұлық қалыптасатын шешуші кезең. Осы сәтте балаларды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің маңызы зор. Қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, халық ойындары мен тіл байлығы – баланың бойына ұлттық сана мен рухты сіңірудің негізгі арнасы.

Ұлттық тәрбие – ұлт болашағының рухани негізі. Мектеп жасына дейінгі кезеңде берілетін ұлттық құндылықтар бала бойында туған еліне деген сүйіспеншілік пен құрметті қалыптастырады. Бұл ретте ойын – тәрбие мен оқытудың басты құралы. Ойын арқылы балалар тек ойнап қоймайды, сонымен қатар тілін, мінезін, ойлау қабілетін, ұлттық дүниетанымын дамытады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқыту барысында ойын – баланың негізгі әрекеті болып табылады. Баланың жан дүниесіне жақын, қызығушылығын арттыратын тәсіл – ұлттық ойындар арқылы білім беру.

Ұлттық ойындар – халықтың тұрмыс-тіршілігін, мінезін, салт-дәстүрін бейнелейтін мәдени мұра. Мысалы, «Тақия тастамақ», «Асық ату», «Арқан тарту», «Қол күрес» сияқты ойындар арқылы баланың ептілігі, батылдығы, шапшаңдығы мен тапқырлығы дамиды.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, мақал-мәтелдері, ұлттық ойындары – тәрбие мен оқытудың баға жетпес құндылығы. Балабақшадағы оқу-тәрбие үдерісіне ұлттық мазмұнды енгізу – тәрбиешінің кәсіби шеберлігінің бір көрінісі.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік мүмкіндіктері:

- Баланың қимыл-қозғалысын, ойлау қабілетін дамытады;

- Ана тілінде еркін сөйлеуіне ықпал етеді (санамақ, жаңылтпаш);

- Салт-дәстүрлерді тануға жол ашады («Бесікке салу», «Тұсау кесу» рөлдік ойындары);

- Ынтымақтастық, әділдік, сыйластыққа тәрбиелейді.

Мысалы: Сабақта «Санамақ», «Жаңылтпаш» арқылы тіл дамыту,

«Кім жылдам?» ойынымен жылдам ойлау мен қимыл қозғалысты дамыту,

«Қонақ күту», «Бесікке салу» сияқты драмалық ойындармен салтдәстүрді үйрету тиімді.

Қорытынды

Мектепке дейінгі тәрбиеде ұлттық ойындарды жүйелі қолдану арқылы балаларды рухани жағынан бай, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан тұлға етіп тәрбиелеуге болады. Мұндай тәрбиенің нәтижесінде бала тек білімді ғана емес, ұлтының төл мәдениетін құрметтейтін азамат болып өседі. Сондықтан тәрбиешілер ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, ойын арқылы оқытуды сабақта белсенді қолдануы тиіс. 929292

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты – 2023 ж.

2. Әбдікәрімұлы Б. «Қазақтың ұлттық ойындары». – Алматы, 2011.

3. Сатыбалдиева Г. «Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы». – «Мектепке дейінгі тәрбие» журналы, №2, 2022.

4. Мұқанова Б. «Ойын арқылы оқыту әдістемесі». – Астана, 2020.

5. Тұрғынбаева Б.А. «Дамыта оқыту технологиясы». – Алматы, 2015.



Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Ибрагимова Динара Кенжебекқызы

№296 орта мектебінің Бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация

Мақалада заманауи білім беру процесінің негізгі мақсаты болып табылатын бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Функционалдық сауаттылық тек оқуға қабілеттілік емес, сонымен қатар алынған білім мен дағдыларды күнделікті өмірдегі әртүрлі жағдаяттарда тиімді пайдалана білу деп түсіндіріледі.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, бастауыш білім, педагогикалық шарттар, оқу іс-әрекеті, өмірлік дағдылар, компетенцияға негізделген тәсіл, бастауыш сынып оқушысы.

Зерттеудің мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал ететін педагогикалық шарттарды анықтау және негіздеу. Мақалада функционалдық сауаттылықтың негізгі компоненттері (математикалық, оқу, табиғи-ғылыми, ақпараттық, коммуникативтік және әлеуметтік) ашылып, оларды бастауыш мектептегі оқу пәндері арқылы қалай интеграциялауға болатыны туралы әдістемелік ұсынылады. Авторлар басты назарды оқу үдерісін шынайы өмірлік жағдаяттарға жақындатудың, ізденіс пен талдауға баулудың, прагматикалық тапсырмаларды қолданудың маңыздылығына аударады.

Негізгі назар педагогикалық шарттарға қарайтын болады, оларға мыналар жатады:

- Мазмұндық-әдістемелік шарттар: оқу бағдарламаларын функционалдық сауаттылықтың компоненттерін ескере отырып жобалау, инновациялық педагогикалық технологияларды (проектілік, ізденіс, кооперацияланған оқыту) енгізу.

- Ұйымдық-педагогикалық шарттар: оқу ортасын личності-бағдарланған және іс-әрекеттік тәсілге негіздеп ұйымдастыру, оқу іс-әрекетінің субъектіаралық сипатын қамтамасыз ету.

- Дидактикалық шарттар: функционалдық сауаттылықтың әрбір компонентін бағалаудың диагностикалық құралдарын әзірлеу және қолдану. Мақала бастауыш сынып мұғалімдеріне, әдіскерлерге және студенттерге арналған. Онда ұсынылған теориялық қорытындылар практикалық мен ұсынымдар мұғалімдерге сабақты жобалау және функционалдық сауатты тұлғаны тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру барысында тиімді қолдануға болады.

XXI ғасырда қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жеке тұлғаның білімділігі мен сауаттылығына тәуелді. Қазақстанда білім беру жүйесінің басты мақсаты – функционалдық сауаттылығы жоғары, шығармашылық ойлауға қабілетті, өмірлік жағдайларда өз білімін тиімді қолдана алатын тұлға тәрбиелеу. Бастауыш сынып – баланың білім негізін қалау мен функционалдық сауаттылықты

қалыптастырудың алғашқы әрі шешуші кезеңі. Қазіргі ақпараттық қоғамда білім берудің басты мақсаты тек теориялық білімдермен қамтамасыз ету емес, сонымен бірге оқушыларды күнделікті өмірдегі түрлі ситуацияларда тиімді қолдана алатын дағдылармен қаруландыру болып табылады. Осыған байланысты функционалдық сауаттылық тұжырымдамасы ерекше маңызға ие болады. Функционалдық сауаттылық – бұл алуан түрлі өмірлік жағдайларды талдау, шешім қабылдау және сәтті әрекет ету үшін қажетті білімдер мен дағдыларды 282 282 жинақтап, тиімді пайдалана білу қабілеті. Бастауыш мектеп – функционалдық сауаттылық негіздерінің қалыптасатын іргетас кезеңі болып табылады. Бұл мақала бастауыш сынып оқушыларының функционалдық қалыптастырудың сауаттылығын педагогикалық шарттарын анықтауға және сипаттауға арналған.

Функционалдық сауаттылық – оқушының алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана алу, сын тұрғысынан ойлау, талдау және шешім қабылдау қабілеті. Бұл ұғым Қазақстандағы білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады (Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, 2020)

Функционалдық сауаттылықтың мәні мен ерекшелігі

Бастауыш сынып оқушысы деңгейінде функционалдық сауаттылық мынадай негізгі компоненттерден құралады:

- Оқу сауаттылығы: Мәтінді түсініп оқуға, талдауға және онымен жұмыс істеуге дайындық.

- Математикалық сауаттылық: Күнделікті өмірдегі есептеулерді орындау, кестелерді, диаграммаларды оқуға қабілеттілік.

- Ақпараттық сауаттылық: Ақпаратты іздеу, таңдау, талдау және бағалау дағдылары.

- Коммуникативтік сауаттылық: Өз ойларын анық жеткізе білу, әңгімелесуге қатысу, тыңдау.

- Әлеуметтік-танымдық сауаттылық: Өз-өзіне сену, проблемаларды шешу, шешім қабылдау, топпен жұмыс істеу қабілеті. Функционалдық сауаттылық дәстүрлі білім мен біліктілік шеңберінен шығып, оқушының өмірде кездесетін түрлі проблемаларды шешу қабілетін қамтиды. Бастауыш сыныпта бұл дағдыларды қалыптастыруға ерекше назар аудару – оқушының әрі қарайғы білім алу процесінің табысты болуына негіз қалайды.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Оқыту мазмұнын өмірмен байланыстыру. Оқу материалдарының өмірмен байланыстылығы: Оқу тапсырмалары нақты өмірлік ситуацияларға негізделген болуы керек. Мысалы, математикадағы есептер дүкендегі сатып алу, уақытты есептеу, өлшеу сияқты қамтитын болуы тиіс. арасындағы байланыс: арақашықтықты жағдайларды Пәндер



Интеграцияланған сабақтарды әзірлеу және өткізу, бұл оқушыларға білімдерін кешенді түрде қолдануға мүмкіндік береді. Мәтіндік тапсырмаларды әртараптандыру: Анықтамалық, нұсқаулық, рекламдық мәтіндер сияқты түрлі стильдегі және типтегі мәтіндермен жұмыс. Сабақ барысында оқушыларға берілетін білім өмірлік жағдаяттармен байланысты болуы тиіс. Мысалы, математика сабағында сатып алу-сату, уақытты есептеу, жол ұзындығын өлшеу сияқты есептерді қарастыру – оқушының алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуына ықпал етеді.

Белсенді оқыту әдістерін қолдану

• Белсенді және әрекеттік оқыту әдістерін қолдану: Проблемалық оқыту, жобалық әдіс, ойын технологиялары, зерттеу әрекеті. Бұл әдістер оқушыны талдау, салыстыру, гипотеза құру және нәтиже шығаруға итермелейді.

• Практикалық бағыттылық: Оқу іс-әрекетінің нәтижесінде нақты өнімнің (жоба, коллаж, альбом, презентация, стенд) жасалуы.

• Топтық жұмыс формалары: Оқушылардың өзара әрекеттесуі, пікір алмасуы, бірлесіп проблемаларды шешуі коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамытады.

АКТ құралдарын пайдалану

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (интерактивті тақта, онлайн тапсырмалар, білім беру платформалары) оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамытады және функционалдық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқушының өзіндік әрекетін ұйымдастыру

• Сыныпта психологиялық қолайлы ахуалды құру: Қателерден қорықпай, белсенділік танытуға, сұрақ қоюға және өз пікірін білдіруге мүмкіндік беретін орта. Мұғалімнің қолдауы мен сендіруі.

• Кері байланыс жүйесі: Оқушының жетістіктерін бағалау, оның қиындықтарын және оған анықтау жәрдемдесу. Бағалау өнімге ғана емес, сонымен қатар процеске (ойлау, іздену) бағытталуы керек.

• Жекешелендіру: Әр оқушының жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын және оқу стилін ескере отырып, дифференциацияланған тапсырмаларды ұсыну.

• Ата-аналармен серіктестік: Отбасында функционалдық дағдыларды қолдануға және бекітуге бағытталған тапсырмаларды ұсыну (мысалы, отбасылық бюджетке есеп жүргізу, жанжакқа саяхатты жоспарлау).

Функционалдық сауаттылықтың басты шарты – оқушыны дайын білімді қабылдаушы емес, білімді ізденуші әрі қолданушы тұлға ретінде қалыптастыру. Ол үшін:

- өзіндік зерттеу жұмыстары;
- шығармашылық тапсырмалар;
- тәжірибелік әрекеттер ұйымдастырылады.

Құндылықтарға бағдарлау

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмыстары оқушылардың азаматтық және әлеуметтік сауаттылығын арттырады. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларына ұлттық мерекелер, халықтық дәстүрлер туралы жобалар жасату олардың рухани дамуына ықпал етеді.

Бағалау жүйесін жетілдіру

Оқушылардың тек білім көлемін ғана емес, білімді қолдану дағдысын бағалау маңызды. Формативті бағалау, өзін-өзі бағалау және рефлексия оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Мұғалімнің рөлі

Мұғалім білім беру процесін ұйымдастырушы, әдісші, кеңесші және ынталандырушы рөлінде болады. Оның міндеті – оқушылардың өз бетінше ойлауын, ізденуін және білімдерін тәжірибеде қолдануын қамтамасыз ету. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда бастауыш сынып мұғалімінің рөлі ерекше. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, оқушыларды өмірлік жағдайларда бағдарлай алатын, ойлауға жетелейтін бағыттаушы тұлға болуы тиіс.

Мұғалімнің негізгі міндеттері:

• сабақта өмірлік негізделген жағдаяттарға тапсырмаларды қолдану;

• оқушылардың оқу жетістіктерін функционалдық тұрғыдан бағалау;

• оқу процесінде жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану. Қорытынды

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру – қазіргі білім берудің басты міндеттерінің бірі. Оның тиімділігі жоғарыда аталған барлық шарттардың (мазмұндық, технологиялық, ұйымдастырушылық-педагогикалық) орындалуына тікелей байланысты. Бұл үдеріс оқу іс-әрекетін өмірлік іс-әрекетке жақындастыруды, мотивациясын оқу арттыруды және тұлғасын баланың дамытуды мақсат етеді. Функционалдық сауаттылық тек мектептегі табыс үшін ғана емес, сонымен қатар тұлғаның өмірдегі сәттілігі мен болашақтағы кәсіби қызметі үшін іргетас болып табылады. Бұл үдерістің тиімді жүзеге асуы үшін оқу өмірмен әдістерді мазмұнын белсенді мүмкіндіктерін пайдалану, байланыстыру, қолдану, АКТ оқушының өзіндік әрекетін дамыту және ұлттық құндылықтарға бағдар беру қажет. Осы педагогикалық шарттарды сақтау арқылы функционалдық сауаттылығы жоғары, заманауи қоғамда табысты өмір сүре алатын тұлға қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020.

2. Назарбаев, Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы. – Астана, 2012.

3. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы: 2008

4. Құдайбергенова К. С. Инновациялық технологиялар және білім сапасы. – Алматы: 2016.

5. OECD. PISA 2018 Results. – Paris: OECD Publishing, 2019.

6. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы. – Астана, 2007.

7. ҚР Мемлекеттік білім беру стандарты (Бастауыш білім). – Астана, 2022.

8. Хуторской А.В. Функционалдық сауаттылықтың дидактикалық негіздері. – М.: Білім, 2018.

9. Әбілқасымова А.Е. Бастауыш сынып функционалдық оқушыларының сауаттылығын дамыту. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

10. Жұматаева Е.Н. Заманауи бастауыш білім: теория мен тәжірибе. – Алматы: Білім, 2019.

11. Мырзалиева А.К. Функционалдық сауаттылық: оқу-әдістемелік нұсқаулық. – Астана: Фолиант, 2021.

Қазақстан тарихы пәні бойынша оқушы белсенділігімен шығармашылығын арттырудағы сын тұрғысынан ойлау әдісінің тиімділігі

Жұмаева Динар Отаралықызы

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал көпсалалы колледжінің тарих пәнінің мұғалімі

Қазақстандық білім беруді жаңғырту жағдайында, әсіресе, тұлғаның табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін пәндердің рөлі күшеюі тиіс. Оған, бірінші кезекте, тарих, оның құндылығы даусыз, өйткені ол адамды тарихи тәжірибе білуімен қаруландырады, бұл оған қазіргі заманғы әлеуметтік және саяси процестерді дұрыс бағалауға мүмкіндік береді, өткен және қазіргі оқиғаларға қатысты жеке көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді, белсенді азаматтық ұстанымды оқушылардың бойында қалыптастырады.

Қазақстан Республикасында білім берудің жаңа моделі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда құзыреттілік тәсілді іске асыруды және пән құзыреттіліктерімен қатар негізгі және базалық құзыреттіліктері бар орта мектеп түлегінде нәтижеге қол жеткізуді талап етеді. "Құзыреттілік" және "құзыреттілік" ұғымдарын енгізу оқушылар білім жинағын жақсы меңгерген, бірақ нақты міндеттерді шешу үшін оларды пайдалануда қиындықтарға тап болған кезде мектептерге тән мәселені шешуге мүмкіндік береді. Құзыреттілікті қалыптастыру шарттарының бірі Заманауи педагогикалық технологияларды енгізу болып табылады.

Құзыреттілікке бағытталған оқытуды қолдайтын және сүйемелдейтін базалық технологиялар белгілі. Бұл: Проблемалық оқыту технологиясы; Жобалық оқыту технологиясы; Сыни ойлауды дамыту технологиясы; Өнертапқыштық есептерді шешу технологиясы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Біз Сіздермен білім беруді дамытудың жай-күйі мен проблемалары қалай және қандай деңгейде талқыланатынын, білім беруді жетілдірудің маңызды аспектілері бойынша нақты міндеттер айқындалатынын куәгерміз.

Қазақстанда оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту мәселесі өте өткір мәселе және оны шешу үшін шұғыл шаралар қабылдауды талап етеді. XX ғ. 90-шы жылдары өткізілген эксперименттер педагогикалық университеттердің оқушылары мен студенттерінің басым көпшілігі талдау, синтез, жіктеу, жалпылау, салыстыру сияқты логикалық ойлау операцияларына ие емес екенін көрсетті. Сол уақыттан бастап бұл жағдайды түзету үшін ешқандай маңызды шаралар қолданылған жоқ. Бұл Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, өйткені XXI ғ. табиғи ресурстар, капитал мен технологиялар емес, жеке адамдардың ақыл-ой қабілеттері табыс пен сәтсіздік арасындағы, көшбасшылар мен ведомстволар арасындағы шешуші қырды анықтайтын уақыт болды. Осылайша, білім беру жүйесінің қызметкерлері болашақ азаматтарды салмақты шешімдер қабылдауға, қарқынды өзгерістер жағдайында өмірге қалай дайындау керектігін ойлауы тиіс.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз - қызығушылық таныту және зерттеу стратегиясын пайдалану, сұрақтар қою және оларға жүйелі жауап іздеу. Бұл тек оқушы үшін ғана емес, сонымен қатар оның жұмысын талдап, түзете алатын, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыра алатын, олардың танымдық белсенділігін ынталандыратын, оқушылардың бойында белсенді шығармашылық ойлауды қалыптастыратын, сабақ берумен қатар даму міндет-

терін қоя алатын, шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалім үшін де маңызды. сенім ортасы, психологиялық қауіпсіздік, бірлескен орта.

Тарихи білім берудің басты мақсаты тарихи ойлауды дамыту болып табылғанына қарамастан, қойылған мақсаттың оқу үдерісіне толыққанды іске асырылмағанын мойындау керек. Жалпы білім беретін мектепте тарихты зерттеу күндер, шайқас және тарихи құжаттарды есте сақтауға айналады. Қандай жағдайда біздің оқушылар қоғамдық прогрестің қозғаушы күші болады? Біз оқуға зерттеу тапсырмаларын әзірлеу және енгізу, сондай-ақ сын тұрғысынан ойлау (яғни тікелей байқалмайтын байланыстарды көре білу); қалыптасқан қағидаттар мен идеяларға күмән келтіре білу; ұғынылған тәуекелділік; өзінің және бөтен қателіктерге шыдамды көзқарас; шығармашылық күш-жігерді талап ететін проблемаларды іздеу қажет деп санаймыз.; бұл тапсырмалар тәжірибеде қалай көрінуі мүмкін?

Біріншіден, оқушыларға белгілі тарихи тұлғаларды шешкен мәселелерді шешу жолдарын ұсынуға болады. Бұл ретте оқушылар өз шешімдерін негіздеуі керек.

Екіншіден, белгілі бір тарихнамалық бағалардың негізділігін тексеруге проблемалық-танымдық бағалардың енгізу. Осылайша, зерттеу гипотезасы оқушылардың сыни ойлауын дамытуды ұғымдарды жинақтау мен пайдалануға, сондай-ақ тарихнамалық бағалардың негізділігін тексеруге арналған мәселелер мен проблемалық-танымдық тапсырмаларды енгізу арқылы қамтамасыз етуге болады.

Менің ойымша, тарих сабақтары оқушылардың әлемде және атап айтқанда Қазақстанда болып жатқан оқиғалар мен процестерді сыни қабылдауын талап етеді. Тарих-бұл оқушы өз-өзіне "ашуға" тиіс ғылым. "Тарихты білмей, жақсы көрмей, ақыл-ой жағынан дамымаған адам ғана мүмкін". Н.Г.Чернышевскийдің бұл сөзі әділ және дұрыс, бірақ тарих сабағында біз көбінесе мектепте пәнге деген қызығушылықтың төмендігін байқаймыз. Мұның бір себебі-түсініктің болмауы. Баланы қызықтыруға болады және қажет.

Ал Қазақстан тарихы пәнінде сын тұрғысынан ойлау оқушылардың өз білімдерін, іскерліктерін ашуға, ең бастысы оларды өмірде қолдануға мүмкіндік береді. Ол мынадай принцип бойынша құрылады: фактілер-оқиғалар-процестер. Бірақ тарихи үрдісті түсіну, тарихи оқиғаларды бағалау және талдау оқушыларға болашақта елеулі тарихи оқиғаларға жол бермеуге мүмкіндік береді. Біз барлығымыз тарихи процестердің қатысушылары болып табыламыз. Сыни ойлау технологиясының әдістерін қолдана отырып, оқушы өз бетінше білім ала алады, қолдана алады, талдайды, синтездейді және тарихи жағдайды бағалай алады. Сыни ойлаудың өзегі-түсіну. Бала түсінеді, ол ешқашан ұмытпайды.

Өз жұмысымда оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту технологиясын қолданамын. Бұл технологияның мақсаты-оқушылардың тек оқуға ғана емес, қарапайым өмірде де қажетті ойлау дағдыларын дамыту. Салмақты шешімдер қабылдай білу, ақпаратпен жұмыс істей білу, құбылыстардың түрлі жақтарын талдау және т.б.



Бұл технология оқушының дамуына бағытталған, оның негізгі көрсеткіштері бағалау, жаңа идеялардың ашықтығы, өзіндік пікірлері мен рефлексиясы болып табылады. Сыни ойлауға қабілетті оқушы ақпаратты түсіну мен бағалаудың әртүрлі тәсілдеріне ие, қарама-қайшылықтарды бөліп, өз біліміне ғана емес, сұхбаттасушының пікіріне сүйене отырып, өз көзқарасын дәлелдей алады. Ол сұрақтарға жауап іздеуді жоспарлы түрде жүзеге асыра алады, фактілердің себептері мен салдарын аша алады.

Оқушылар сабақтың басында олар шын мәнінде міндетті деп есептейтіндерін, ал сабақ соңында оқушылар өз бетінше қателерді түзетіндерін атап өту керек. Осылайша, оқытуға қазіргі заманғы көзқарасты іске асыруға сәйкес келетін сыни тұрғыдан ойлау технологиясының элементтерін қолдану оқушылардың өзін-өзі табысты жүзеге асыруы және олардың тарих және әлеуметтік зерттеулер сабақтарында танымдық қызығушылықтарын дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бұл педагогикалық технологияның ерекшелігі - оқушыға осы процесті құруға және оқу процесінде нәтижені өзі бақылауға мүмкіндік береді. Мұны оқу жылындағы оқушылардың танымдық қызығушылығын диагностикалау нәтижелері көрсетті. Шындығында оқушылар үй тапсырмасын дайындауға және сабақта белсенді жұмыс жасауға қызығушылық танытты.

Оқыту мен оқудағы тәжірибені жетілдіру үшін сыни тұрғыдан ойлауды және ең алдымен оның құрамдас бөліктерін, мысалы, белсенділікті, жаңа ақпаратты игеру қабілетін, мәтіндерді барабар игеруді, интеллектуалды ұтқырлықты, ойлау икемділігін, рефлексияны қалыптастыру міндеті алға қойылды. Мұның бәрі қазіргі қоғамдағы адамның өмір сүру жағдайына салыстырмалы түрде ауыртпалықсыз бейімделуінің маңызды шарты. Ол үшін сіз өз бетінше үйреніп, өз пікіріңізді тыңдап, пікір таластыра білуіңіз керек, ұжымдық ізденіс дағдыларын игеруіңіз керек, оқу және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын жетілдіре аласыз.

Сабақта оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын, жоғары деңгейлі сұрақтарды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқулық материалдарымен, қосымша материалдармен, Интернет ресурстарымен (телефон, компьютер) топтарда өздік жұмыс ұйымдастырды. Оқу деңгейлері әр түрлі (А, В, С) оқушылар сыныпта оқиды, сондықтан топтық өзара әрекеттесуді ұйымдастыруда әр топта олар үш түрлі категорияның типтік өкілдері болатындығын ескеру қажет.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының элементтерін қолдану оқушыларға мета-пәндік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді, мысалы: топта жұмыс істей білу; мәтіндік материалды графикалық түрде құрастыру мүмкіндігі; қолда бар ақпаратты шығармашылық тұрғыда түсіндіру мүмкіндігі; жаңалықтың маңыздылығы мен маңыздылығы бойынша ақпаратты тарату мүмкіндігі; алған білімдерін қорытындылай білу; Оқу мәдениетін қалыптастыру, оған ақпарат көздерін бағдарлау, оқудың әртүрлі стратегияларын қолдану, оқылғанды жеткілікті түсіну, ақпаратты маңыздылығы тұрғысынан сұрыптау, екінші дәрежелі «сүзгіден өткізу», жаңа білімді сыни бағалау, қорытынды жасау және жалпылау мүмкіндіктері кіреді.

Топтық өзара әрекетті ұйымдастыру сыни ойлау мен танымдық әрекеттің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді. Олар идеяларды шығармашылық интеграциялаудың, алынған тұжырымдамалар мен ақпараттарды қайта бағалау мен қайта құрылымдаудың, Блум таксономиясына сәйкес әртүрлі деңгейлерде пайда болатын белсенді және интерактивті психикалық процесстің, әртүрлі көзқарастарды қабылдаудың, жеке идеяларды оларды қолдану мүмкіндігіне сынақтаудың, дәлелдер жүйесін модельдеудің, процестердің күрделі процестерімен байланысты. сәйкес көзқарасқа негізделген, ақпаратты әр түрлі көздерден таба алады, оны қолдана алады және тәуелсіз шешім қабылдай алады, заманауи ойластырады.

Сонымен, сабақта оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін өз іс-әрекеттерін жүзеге асыруды үйрету керек, не айту керектігін ойластыру керек. Ең бастысы, барлық оқушылар бір-бірімен әрекеттесу, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту, бірлесіп жұмыс жасау, бір-бірін тыңдау және есту, критерийлерге негізделген пайымдау арқылы белсенді түрде қатысты.

Оқушылар «Бес саусақ» көмегімен «Рефлексивті алақан», «Өрмекші торлары», арқылы өз іс-әрекеттерін талдағанда сыныптағы рефлексия кезеңдері осының дәлелі. Әйгілі психолог Эдвард де Боно ойлау практикасына «алты бас киімнің» метафорасын оқушылардың көпшілігі топтық жұмысты қанағаттандырады, өйткені бұл «маңызды, белсенді, көңілді, қызықты, оңай, ынғайлы, бірге, танымдық тұрғыдан ойлайды, ойлайды, жасайды, ұжымдық жұмыс сабақты жақындатады, сен одан да жақсы ...». Оқушылардың рефлексиясы сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыруға ықпал ететіндігін көрсетеді, өйткені бірлескен топтық жұмыс кезінде студенттер алған материалды қарастыру және бағалау кезінде сұрақтарға жауап береді, нұсқаларын қарастырады және қарастырады, білім алады, түсінеді, сонымен қатар құндылықтарды қалыптастырады. Жеке оқуға деген жауапкершілік пен жауапкершілік сезімін дамытыңыз.

Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс оқу процесін жақсартуға көмектеседі, оқушылар мен мұғалімнің белсенділігін арттырады. Балалардың көздерін нұрға бөлеу, зерттелетін материалға қызығушылық таныту және «ең әлсіз» оқушы белсенділігін арттыру үшін көп еңбек етіп, оқытуға деген көзқарасыңызды өзгерту керек.

Қорытындылай келе сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін қалыптастыру оқушылардың танымдық іс-әрекетіне тікелей байланысты. Мұғалім мен оқушы тең жұмыс жасап, бірлесіп жұмыс жасаса, сабақ сәтті болады. Ынтымақтастық қалай туады? Оқушылар мұғалімнің мақсаттарымен бөліскен кезде, белсенділік пайда болады, ал мұғалім осы мақсаттарды жүзеге асырудың қажетті әдістерін таңдау керек. Бұл мұғалімнен тек жақсы білімді ғана емес, сонымен қатар жоғары әдістемелік шеберлікті, шығармашылық көзқарасты талап етеді.

Отандық іс-тәжірибе негізінде әлемдік тәжірибедегі алдыңғы қатарлы идеяларды басшылыққа ала отырып, функционалды сауаттылығымызды арттыру үшін сыни тұрғыда ойлай алатын оқушылар мен ұстаздарымыздың қатары көп болатынына, жақсы нәтижеге жететінімізге сенімдіміз. Болашақ ол біздің - ізденіске бай, білімді ұстаздарымыз, еліміздің ғарыштауына үлкен үлесін қосатын бүгінгі оқушыларымыз! Жанартылған білім – болашағымыздың кепілі!

Әдебиеттер

1. De Вono E. Ойлаудың алты қалпағы. СПб.: Питер-пресс, 2000. «Ақыл-ойды үйрету» сериясы.
2. «Дауыс және көрнекілік» журналы, 2009 ж., № 3
3. Заир-Бек С.И. Сабақта оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту. –М.: Білім, 2004. - 236 б.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық, екінші (негізгі) деңгей, үшінші басылым. Назарбаев Зияткерлік мектептері, 2012 ж. 187.
5. Қазақстан Республикасы мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы, екінші (негізгі) деңгей, үшінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» АҚ, 2012 ж.



Білім беру жүйесіндегі психологиялық кеңес берудің маңызы

Каленова Аигерим Кыдырбаевна

Қызылорда облысы, Арал қаласы №83 орта мектебі КММ Мектеп - психологы

Қазіргі заманғы білім беру үдерісі тек білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар тұтас тұлғаны дамытуды мақсат етеді. Осы тұрғыдан алғанда, оқушының психологиялық саулығы мен әлеуметтік-эмоционалдық дамуы оқу жетістіктерінен кем түспейтін маңызды факторға айналады. Білім беру ортасындағы күрделіліктер, сынақтар мен бәсекелестік, отбасылық қатынастардың ерекшеліктері, жас ерекшеліктері оқушылардың көбінде стресс, уайым, өзіне деген сенімсіздік, бағытсыздық сияқты психологиялық қиындықтарды тудырады. Міне, осы мәселелерді шешуде және оқушының жан-дүниесін қолдауда білім беру жүйесіндегі психологиялық кеңес беру қызметінің рөлі аса зор болып табылады. Бұл мақалада мектеп психологының қызметінің мәні мен маңыздылығын, оның білім беру үдерісін жан-жақты қолдаудағы орнын қарастырамыз.

Психологиялық кеңес беру қызметінің негізгі міндеті – бұл оқушының жеке өсуіне, әлеуметтенуіне және оқу қызметіне психологиялық қолдау көрсету. Бұл қолдау тек проблемалар пайда болған кезде ғана емес, сонымен қатар алдын ала профилактикалық тұрғыдан да жүзеге асырылады. Мектеп психологы оқушылардың жас ерекшеліктерін, когнитивтік қабілеттерін, эмоционалдық жағдайын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін арнайы әдістер мен диагностикалық құралдарды қолданады. Диагностика нәтижелері оқушының күш-қуатын анықтауға, әлеуетін ашуға және әлсіз жақтарын барынша жұмсақ түрде және уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Осылайша, әрбір оқушыға дербес көзқарас қалыптастырылады, бұл білім беруді жекелендіру принципін іс жүзінде жүзеге асырудың бір түрі болып табылады.

Сонымен қатар, психологиялық кеңес берудің маңызды бағыты – оқушылар арасындағы қарым-қатынастарды реттеу және бейбітшілік мәдениетін қалыптастыру. Жасөспірімдер ортасында жиі кездесетін қақтығыстар, бөтендеу, тіпті зорлық-зомбылық құбылыстары оқу үдерісіне де, жеке дамуға да кері әсерін тигізеді. Психолог мұндай жағдайларда достық келісімді қалпына келтіруге, коммуникациялық дағдыларды дамытуға, эмпатия мен толеранттылықты арттыруға бағытталған жобалар мен жаттығуларды ұйымдастырады. Топтық жұмыс арқылы оқушылар өз сезімдерін білдіруді, пікірлерін тыңдауды, өзгелердің көзқарасын құрметтеуді үйренеді, бұл болашақтағы азамат ретінде сәтті әлеуметтенуінің негізі болып табылады. Оқу мотивациясын арттыру да психологтың маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Көптеген оқушылар сыртқы бағалаулар мен қатаң талаптардың ықпалынан оқуға деген ішкі қызығушылығын жоғалтады. Психологиялық кеңес беру қызметі оқушының танымдық қызығушылығын оятуға, оқу мақсаттарын нақтылауға, уақытты тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сондай-ақ, емтихандар алдындағы стресті жеңу, сынақтар

кезіндегі алаңдаушылықты басқару сияқты нақты әдістерді үйрету арқылы оқушы өзінің мүмкіндіктеріне сенім артуды және сынақтық жағдайларда өз білімін толық көрсете алады.

Әрине, психологтың жұмысы тек оқушылармен ғана шектелмейді. Оқытушылар мен ата-аналармен жұмыс істеу де осы қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады. Мұғалімдерге оқушылар психологиясын тереңірек түсінуге, сабақта психологиялық қолайлы ахуал құруға, қиын міндетті оқушылармен жұмыс істеу әдістемелерін меңгеруге көмектеседі. Ата-аналар үшін психолог отбасылық тәрбие мәселелері бойынша сенімді кеңесші рөлін атқарады, баламен қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдарын көрсетеді және жас ерекшеліктеріне байланысты туындауы мүмкін қиындықтарды бірге талқылайды. Осылайша, психолог білім беру процесінің барлық қатысушылары арасындағы байланыстың тірегіне айналады.



Сурет 2. 2-сурет. Оқушылармен жүргізілетін топтық психологиялық жаттығу

Жалпы, білім беру жүйесіндегі психологиялық кеңес беру қызметін тек қолдау көрсетудің бөгде элементі ретінде емес, білім берудің заманауи сапасы мен адамгершіліктік бағыттылығының көрінісі ретінде қарастыру керек. Бұл қызмет оқушының тек академиялық жетістіктеріне емес, сонымен қатар оның эмоционалдық тұрақтылығына, әлеуметтік дағдыларына, жеке басын құрметтеу мен өзін-өзі ашу деңгейіне де ықпал етеді. Мектеп психологы – бұл білім береді, емдейді, тәрбиелейді деген дәстүрлі түсініктен тыс, оқушының ішкі әлеміне сапалы қолдау көрсететін, оның жеке басының табысты дамуына жағдай

жасайтын маман. Қазіргі кезде мектеп психологының рөлі арта түсуде, өйткені ол оқушыларды өмірлік сындардан өткізіп, өзін-өзі тануға, мақсат қоюға және оған жетуге көмектесетін кәсіби көмекші болып табылады. Осылайша, білім беру жүйесінде психологиялық кеңес беруді нығайту және дамыту – бұл болашақ буынның рухани-психологиялық денсаулығын қамтамасыз етудің, сәтті және бақытты тұлғаларды тәрбиелеудің сенімді инвестициясы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметова Л.Ш. Білім беру ортасындағы психологиялық қызмет. – Алматы: Білім, 2018. – 245 б.
2. Баймуратова А.Т. Жасөспірім психологиясы және

мектептегі кеңес беру жұмысы. // Қазақстан мектебі. – 2020. – №6. – Б. 45–52.

3. Мәдіева Г.Ә. Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 180 б.
4. Омарова Г.С. Оқушылардың стрессін жеңу стратегиялары. // Психология және өмір. – 2019. – №3. – Б. 28–35.
5. Роджерс К. Тұлғаға бағытталған тәсіл. Білім беру контекстінде. – Алматы: Рауан, 2017. – 320 б.
6. Сапарбаева Р.М. Білім берудегі психологиялық диагностика. – Шымкент: Арыс, 2022. – 194 б.
7. Эльконин Д.Б. Жасөспірімдердің оқу қызметінің психологиясы. – Алматы: Мектеп, 2016. – 267 б.

Бала психологиясы

Зарқұмова Айгерім

Шилі ауданы, Байгекұм ауылы “№251 М.Әуезов атындағы орта мектеп” КММ Педагог-психологы

Бала психологиясы - тәрбие тетіктерін жетілдіруге мүмкіндік беретін қазіргі таңда сұранысқа ие пәндердің бірі. Ғалымдар оны белсенді түрде зерттеп жатыр, өйткені ол осы әлемді қуанышпен зерттеуге дайын және оны сәл жақсарту алатын тыныш, сау және бақытты баланы тәрбиелеуге көмектеседі.

Бұл ғылыми бағытқа не жатады?

Ғылыми ортада қабылданған белгі бойынша, бала психологиясы - баланың туылғаннан жасөспірімдік шаққа (шамамен 12 жас) дейінгі психикалық және рухани дамуын зерттеуге бағытталған ғылым саласы. Бала туылғаннан кейін бірден өзінің алғашқы әлеуметтік қарым-қатынасына түседі - ата-анасымен қарым-қатынас жасай бастайды, өмірінің алғашқы айларында ол «достар» мен «басқаларды» ажырата білуге, өз эмоцияларын мақсатқа жету үшін пайдалануды үйренеді.

Әрбір бала өтуі керек келесі кезең - құрдастарымен қарым-қатынас. Оның басында белгілі бір әлеуметтік рөлдер қалыптасады және ол белгілі бір процестерде олардың кейбіреулерін ойнай бастайды. Алғашқы достық, алғашқы жарыс, алғашқы бірлескен ойындар - балалар осы процестердің барлығынан мүлтіксіз өтеді. Ғалымдар адамның теріс әлеуметтік көзқарастарының көпшілігі өмірдің осы кезеңінде қалыптасады, болашақта олар тек күшейіп, есейген кезде көптеген мәселелердің себебі болады деп санайды.

Қазіргі уақытта отбасы мен балалар субмәдениеті өмірлік құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі болып саналады, дегенмен көптеген ғалымдар виртуалды шындық олардың өкшесін басып келе жатқанын мойындайды. Бала психологиясының негізгі сұрақтары зерттеушілерді компьютерлік ойындар мен бұқаралық ақпарат құралдары баланың рухани дамуына қалай әсер ететінін, бұл әсерді мүмкіндігінше позитивті ету үшін және кішкентай адамға өзінің саналы түрде ақпарат көзін таңдауына мүмкіндік беруді түсінуге мәжбүр етеді. өсу.

Балалар мен ересектер психологиясы: қалай бірге болу керек?

Өкінішке орай, ересектердің көпшілігі бала психоло-

гиясының бар екендігі туралы сирек ойлайды, олар балаларды ескі үлгіде тәрбиелейді, көбінесе олар отбасында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдістерді таңдайды. Кейбір жағдайларда мұндай тәрбие оң нәтиже береді, бірақ бала өзін-өзі дамытуға бағытталған қарапайым қадам жасаудан қорқатын толық эгоист немесе атышулы адам болып өседі.

балалар психологиясының негіздері

Әр адам жеке, психологтар бұл пікірге әлдеқашан келіп, әдеттері, ұстанымдары және өмірлік құндылықтары бірдей екі адамды таба алмайсың деп айтады. Бұл жағдайда балалар да ерекшелік емес. Көбінесе егіздердің ата-аналары олардың мінез-құлқында қаншалықты ерекшеленетініне таң қалады. Өмірлік ұстанымдардың қалыптасуы дәл балалық шақта пайда болады, сондықтан осы кезеңде балаға ерекше назар аудару қажет.

Ересектердің басты міндеті - баланың айналасында өзін барынша жайлы сезінетін, оның әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамытатын, қалыптасқан мінез-құлық нормалары мен тек өз ұлтының ғана емес, сонымен бірге мәдени ерекшеліктерін игеретіндей адамгершілік атмосферасын құру. басқалар. Нұсқаулар бұл жерде пайдасыз, өйткені балалар ата-анасының мінез-құлқын көшіреді, кейде бұл тіпті ым-ишара мен мимикаға да келеді, сондықтан оларға тәрбиеге үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Бұл тәртіп қайдан бастау алады?

Балалар психологиясының негіздерін осы пәннің негізін салушы болып саналған Аристотельдің еңбектерінен байқауға болады, өйткені ол бірінші рет жанды дененің биологиялық қызметін жүзеге асыратын болмыс ретінде қарастыра бастады. Пән адам психикасының онтогенезінің себептерін, әр түрлі процестерді, бала әрекетінің түрлерін зерттеуге міндетті.

Кез келген іс-әрекетті (оқу, ойнау, үйдегі тапсырмаларды орындау) барысында бала психологиямен қандай да бір түрде байланысқа түседі: ол басқа адамдардың әдет-ғұрыптары мен әдеттерін зерттейді, қоғаммен байланыста болуға ұмтылады, оның жеке бейнесін қалыптастырады. әлем. Сонымен бірге 19-20 ғасырлардағы ғалымдар бала қатысатын



процестерді жеке оқиғалар ретінде қарастыру мүмкін емес, олардың барлығы қалыптасып келе жатқан интегралды тұлғаның сол немесе басқа белгілері деген ортақ пікірге келді. қоғамда.

Балалар психологиясының мақсаты мен міндеттері қандай?

Бұл пән жалпы психологияның жеке тармағы болып саналғанына қарамастан, оның өзіндік зерттеу пәні бар, сонымен қатар бірқатар мақсаттарды көздейді. Бала психологиясының міндеттері, ең алдымен, баланың дүниеге келген сәтінен бастап жасөспірімдік кезеңге өтуіне дейінгі психикалық дамуы жүзеге асырылатын принциптерді зерттеу болып табылады.

Сондай-ақ, пәннің мақсаты ретінде осы уақыт аралығын бірнеше шағын бірліктерге бөлуді қарастыруға болады, бұл баланың психологиялық жетілуінің нақты алгоритмін құруға мүмкіндік береді. Ғалымдар баланың өсудің бір кезеңінен екіншісіне қандай себептермен өтетінін де анықтауы керек, бұл процестердің катализаторларын анықтау өте қиын, өйткені барлық балалар мүлдем басқа жағдайларда тәрбиеленеді.

балалар психологиясының мәселелері

Белгілі бір жас кезеңінде бала егжей-тегжейлі зерттеуді қажет ететін әртүрлі психикалық функцияларға ие болады, өйткені олардың көріністерінің алгоритмі әлі толық анық емес. Бала психологиясының кейбір мәселелері бала өмірінің белгілі бір кезеңінде қандай психикалық функциялар норма болып табылатынын толық түсінбеумен байланысты. Осыдан келіп, бұл жағдайда психикалық ауытқуларды қарастыру керек екеніне байланысты күрделілік туындайды.

Зерттеушілер адам өмірінің әртүрлі кезеңдерінде қандай әлеуетке ие болуы мүмкін деген сұраққа ерекше назар аударады. Баланың бойындағы белгілі бір дарындылықты дамытуға қалай қол жеткізуге болатынын анықтай алса, ата-ана болашақта бала тәрбиесіне орасан зор ықпал ете алады. Сондай-ақ, балалар психологиясында әлі күнге дейін тұлғаның жетілу стандарты ретінде нені қарастыру керек екендігі туралы нақты түсінік жоқ, бүкіл әлем ғалымдары бұл сұраққа бірнеше жүз жыл бойы жауап беруге тырысты, бірақ әлі күнге дейін сәтсіз аяқталды.

Психологтар балалармен қалай жұмыс істейді?

Ата-аналар үшін бала психологиясы көбінесе қараңғы орман сияқты болып көрінеді, олар кейде өзара түсіністікке жету үшін баласымен қалай сөйлесу керектігін түсінбейді. Бұл саланың мамандары жеке психикалық дамудың ерекшеліктерін ескереді, белсенділік пен психиканың бірлігін қадағалайды, өз қызметін мүмкіндігінше объективті түрде орындауға тырысады және жеке алынған нәрсенің әлеуетін дамытуға бағытталған.

Психологтар өз сұрақтарына жауап алу үшін көптеген әдістерді қолданады. Мысалы, ұйымдастырушылық тұлға дамуының белгілі бір аспектісін немесе тіпті балалардың бүкіл тобын зерттеу қажет болғанда қолданылады. Құрал ретінде бақылау бөлімі, салыстырмалы жаттығулар, бойлық әдіс қолданылады. Бірнеше практикалық компоненттердің үйлесімі күрделі психологиялық зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік береді.

Эмпирикалық әдістер ғылыми ортада өте танымал және

олардың арқасында балалар психологиясы көп жағдайда дамып келеді. Ең танымалы - баланың мінез-құлық ерекшеліктерінің басым көпшілігін бақылау үшін пайдаланылуы мүмкін бақылау. Мұнда психологтың басты міндеті - бақылаудың нақты мақсаты мен схемасын қалыптастыру. Бұл сонымен қатар өзін-өзі бақылауды, сонымен қатар баланың жеке басымен болатын барлық өзгерістерді бақылауға болатын экспериментті қамтиды.

балалар психологиясын зерттеу

Психодиагностикалық әдістер көбінесе баланың қазіргі эмоционалдық және психикалық күйін анықтау үшін қолданылатын стандартталған тапсырмалар болып табылады. Бұл әдістер тобына тестілеу, әңгімелесу, социометрия, сұхбат, сауалнама, сонымен қатар шығармашылық немесе белсенділік өнімдерін аналитикалық талдау кіреді.

Балалар психологиясы - проективті әдістерді қолдануды түсіндіретін зерттеулер мен эксперименттер үшін жеткілікті кең өріс. Олар полисемантикалық ынталандырулардың көмегімен тұлғаны зерттейтін бірнеше тәжірибелердің жиынтығы, оны бала өзінше түсіндіруі керек. Оларға Роршах дақтары, Люшер әдісі, Бейбітшілік сынағы, апперцепция тесті және басқа да көптеген практикалық жаттығулар жатады.

Психология баланың дамуына қалай көмектеседі?

Ата-аналарға арналған бала психологиясы нағыз құтқару болуы мүмкін, өйткені оның көмегімен сіз мамандарға барудан аулақ бола аласыз және табысты, күшті және психикалық сау адамды тәрбиелеуге болады. Сарапшылар ата-ана билігін асыра пайдаланбауға және балаларыңыз үшін үнемі шешім қабылдауға тырысуға кеңес береді. «Мен қаншалықты жақсы екенім білемін» - бұл сөз тіркесі көптеген отбасыларды бұзды, өйткені ол балада агрессияны немесе пассивті мінез-құлықты тудырады, ал соңғысы одан әрі өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне және ересек жаста толық тәуелділікке әкеледі. Балаға ол ұстануға тиіс отбасы мен қоғамдағы мінез-құлық ережелерін тұжырымдау әлдеқайда өзекті.

Психологтар балаларыңызбен дұрыс сөйлесуді үйренуге де кеңес береді. Мақтау немесе жазалау кезінде баланың не үшін еркелететінін немесе ұрысып жатқанын білуге құқығы бар. Сіз балаға «сен жамансың» деген сөзді айта алмайсыз, содан кейін оның айналасындағы әлемге деген осындай көзқарас оның басына қонып, соған сәйкес әрекет етеді. Баланың нақты не істеп жатқанын түсіндіріңіз, онымен әрекеттердің салдары туралы сөйлесіңіз, содан кейін ол болашақта өзінің мінез-құлқын талдайды.

Балаңыздың пікірін құрметтеңіз және онымен өте адал және тура болыңыз. Жетекші психологтардың пікірінше, тәрбие диалог түрінде жүргізілуі керек, тек осы жағдайда ғана баланың тұлғалық өсуіне, сонымен қатар оның санасы мен өзіндік санасының белсенді дамуына қол жеткізуге болады. Балаңызбен тең дәрежеде сөйлесе білу және оның толыққанды, өз бетінше шешім қабылдай алатын тұлға болуына мүмкіндік беру маңызды.

Дереккөздер

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, II том;



Ұлы физиктердің эксперименттерін талдау мен түсіндіруде жасанды интеллектті қолдану

Жанабаева Жанар Алтынбековна

Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, №35 И.Тоқтыбаев атындағы мектеп-лицейдің Физика пәні мұғалім

Қазіргі білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. ХХІ ғасырда білім алушылардан тек пәндік білім ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау, цифрлық сауаттылық, зерттеушілік қабілет және технологияларды тиімді қолдану дағдылары талап етіледі. Осы талаптарға сәйкес физика пәнін оқытуда жасанды интеллект (AI) мүмкіндіктерін пайдалану – уақыт талабы.

Ұсынылып отырған авторлық бағдарлама ұлы физиктердің (Галилей, Ньютон, Эйнштейн, Фарадей, Тесла және т.б.) классикалық эксперименттерін талдау мен түсіндіруде жасанды интеллект пен заманауи цифрлық технологияларды қолдануға негізделген. Бағдарламаның басты ерекшелігі – тарихи-физикалық тәжірибелерді қазіргі технологиялармен ұштастыра отырып, білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыру және физикалық заңдылықтарды терең түсіндіру.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаты – білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту, күрделі ғылыми мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыру, ақпараттық технологияларды тиімді қолдана алатын, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- білім алушыларды физикалық деректерді талдауға және олардан негізделген қорытынды жасауға үйрету;
- пәнаралық байланыстарды қалыптастыру арқылы физика, математика, информатика және технология сабақтарын кіріктіру;
- жасанды интеллект, виртуалды және толықтырылған шындық құралдарын пайдалану арқылы оқу процесін жаңғырту;
- топтық және жобалық жұмыстар арқылы қарым-қатынас, көшбасшылық және ынтымақтастық дағдыларын дамыту;
- мәдени және азаматтық құндылықтарды қалыптастыру.

Бағдарламаның өзектілігі

Дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе теорияға бағытталып, тәжірибелік және зерттеушілік компоненттерді жеткілікті деңгейде қамтымайды. Ал бұл бағдарлама білім алушыларды нақты өмірмен байланыстыра отырып, физиканы тәжірибе арқылы меңгеруге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект көмегімен:

- тарихи эксперименттердің деректерін модельдеу;
- физикалық процестерді визуализациялау;
- эксперимент нәтижелерін болжау;
- виртуалды зертханалар арқылы қауіпсіз тәжірибе

жүргізу мүмкіндігі туындайды.

Бұл – білім алушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ғылыми-зерттеушілік әлеуетін дамытуға жол ашады.

Оқыту әдістері мен технологиялары

Бағдарламада келесі заманауи әдістер кеңінен қолданылады:

- жобалық оқыту (Project-Based Learning) – білім алушылар тарихи эксперименттер негізінде өз жобаларын әзірлейді;
- аралас және флип-класс оқыту – теориялық материалды алдын ала меңгеріп, сабақта тәжірибелік жұмыстарға көңіл бөлу;
- геймификация – оқу процесін қызықты әрі ынталандырушы ету;
- цифрлық ресурстар мен AI платформалар – деректерді талдау, модельдеу және бағалау үшін пайдаланылады.

Сонымен қатар виртуалды экскурсиялар, интерактивті симуляциялар, толықтырылған шындық элементтері арқылы физикалық құбылыстар көзбен көріп, қолмен жазағандай әсер береді.

Бағалау жүйесі

Бағдарламада білім алушылардың жетістіктері формативті және жиынтық бағалау арқылы жүзеге асырылады. Портфолио, қорытынды жобалар, өзін-өзі және өзара бағалау әдістері қолданылады. Бұл тәсіл білім алушылардың тек нәтижесін ғана емес, оқу барысындағы дамуын да бағалауға мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарлама нәтижесінде білім алушылар:

- пәнаралық білімді тиімді қолдана алады;
- физикалық құбылыстарды сыни тұрғыдан талдайды;
- заманауи технологияларды еркін пайдаланады;
- командада жұмыс істей алады;
- өз ойын дәлелді әрі сауатты жеткізе алады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, «Ұлы физиктердің эксперименттерін талдау мен түсіндіруде жасанды интеллектті қолдану» атты авторлық бағдарлама – қазіргі білім беру талаптарына толық жауап беретін, инновациялық әрі практикалық маңызы жоғары жоба. Бұл бағдарлама білім алушыларды тек физика пәніне ғана емес, болашақ кәсіби өмірге, ғылыми ізденіске және технологиялық қоғамда табысты болуға дайындайды.



Ой айқындылығы — тұлғалық кемелдіктің көрсеткіші

Тулегенова Гулшод Турганбековна

Алматы облысы, Қарасай ауданы «Абай ауылындағы №2 орта мектебі»

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қай кезеңде де сөз құдіреті биік бағаланған. «Өнер алды – қызыл тіл» деп ұғынған халқымыз үшін ойды анық, дәл әрі көркем жеткізу – тек тіл мәдениетінің ғана емес, тұтас тұлғалық дамудың көрсеткіші. Бүгінгі білім беру кеңістігінде де оқушының білімді болуы жеткіліксіз, ол өз ойын жүйелі баяндап, дәлелдеп, әсерлі жеткізе алуы тиіс. Себебі сөз – адамның ішкі әлемінің айнасы, танымының таразысы, рухани деңгейінің өлшемі.

Оқушының ойын анық жеткізе алуы – оның логикалық ойлауының қалыптасқанын білдіреді. Айқын ой – жүйелі пайымның нәтижесі. Егер білім алушы белгілі бір тақырып бойынша пікір білдірсе, ол алдымен мәселенің мәнін түсініп, негізгі ойды саралап, соны рет-ретімен баяндауы қажет. Бұл дағды біртіндеп қалыптасады: мәтінді түсініп оқу, жоспар құру, негізгі және қосымша ақпаратты ажырату, қорытынды жасау сияқты әрекеттер арқылы жетіледі. Мұндай қабілет тек тіл сабағында емес, барлық пәндерде табысқа жетудің кепілі.

Дәлдік – сөз мәдениетінің өзегі. Ойды дәл жеткізу үшін оқушы сөздің мағынасын терең түсінуі керек. Өр сөздің салмағы, реңкі, қолдану аясы бар. Бір ғана ұғымды әртүрлі сөзбен алмастыру мағыналық айырмашылық тудыруы мүмкін. Сондықтан тілдік талғам қалыптастыру – маңызды міндет. Дәл сөйлеуге үйренген оқушы артық сөзден арылып, ойын нақты тұжырымдайды. Бұл – академиялық жазылымның да, ресми қарым-қатынастың да негізі.

Ал көркем жеткізу – сөзге жан бітіру, ойға өң беру. Көркем тіл адамның сезіміне әсер етеді, тыңдаушыны немесе оқырманды бейжай қалдырмайды. Теңеу, эпитет, метафора, кейіптеу сияқты көркемдегіш құралдар ойды әсерлі етіп көрсетеді. Мысалы, «Туған жерімді жақсы көремін» деген сөйлемнің орнына «Туған жерім – жүрегімнің жылы ұясы» деп айту оқушының тілдік қорының байлығын, эстетикалық талғамының қалыптасқанын аңғартады. Көркем сөйлеу – тек әдеби қабілет емес, ол – дүниені бейнелі қабылдау мен терең сезінудің нәтижесі.

Өз ойын анық, дәл әрі көркем жеткізе алатын оқушының коммуникативтік құзыреттілігі жоғары болады. Ол сыныпта пікірталасқа еркін қатысады, сұраққа нақты жауап береді, өз көзқарасын дәлелдей алады. Мұндай дағды болашақта кәсіби өмірінде де аса қажет. Қоғамда өз ойын сауатты жеткізе алатын, пікірін мәдениетті түрде қорғай білетін азамат қашанда құрметке ие.

Сонымен қатар, ойды көркем жеткізу шығармашылық қабілетті дамытады. Шығармашылық – тек сурет салу немесе өлең жазу емес, ол – ойды өзгеше қырынан жеткізу, тың идея ұсыну. Эссе, ойтолғау, мақала жазу барысында оқушы өз тәжірибесіне сүйеніп, жеке пікірін қалыптастырады. Бұл оның өзіндік «менін» айқындауға ықпал етеді.

Өз пікірін ашық айтуға дағдыланған балада сенімділік қалыптасады.

Ой айқындылығы тұлғаның ішкі тәртібін де көрсетеді. Жүйелі сөйлейтін адам әдетте ойлы, байыпты келеді. Себебі сөз – ойдың сыртқы көрінісі. Егер ішкі ой жүйесіз болса, сыртқы сөз де шашыраңқы болады. Сондықтан жазылым мен айтылым мәдениетін дамыту – тұлғаның ішкі мәдениетін қалыптастырумен тікелей байланысты.

Қазіргі ақпарат тасқыны заманында ойды қысқа да нұсқа жеткізу дағдысы ерекше мәнге ие. Өлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларда пікір білдіру мәдениеті жиі сынға ұшырап жатады. Осы орайда мектеп қабырғасынан бастап сөз мәдениетін қалыптастыру – уақыт талабы. Оқушы тек еркін сөйлеуді емес, мәдениетті сөйлеуді, дәлелді сөйлеуді, жауапкершілікпен сөйлеуді үйренуі тиіс.

Бұл бағытта мұғалімнің рөлі зор. Сабақ барысында пікірталас ұйымдастыру, шығармашылық жазылым тапсырмаларын беру, мәтінге талдау жасау, рефлексия жүргізу – барлығы да ойды дамытуға бағытталған жұмыс түрлері. «Ойлан – Жұптас – Бөліс», «Автор орындығы», дебат, рөлдік ойындар сияқты әдістер оқушының белсенділігін арттырып, тілдік орта қалыптастырады. Ең бастысы – оқушы қателесуден қорықпай, өз ойын ашық айтуға мүмкіндік алуы қажет.

Ұлттық құндылықтарға негізделген мәтіндер де ойды көркем жеткізуге баулиды. Абайдың қарасөздерін талдау, шешендік сөздермен танысу, мақал-мәтелдердің мағынасын ашу – тілдің тереңдігін сезінуге көмектеседі. Халқымыздың шешендік дәстүрі – дәлдік пен көркемдіктің жарқын үлгісі. Осы мұраны оқу арқылы оқушы сөздің қадірін ұғынады.

Ойды анық жеткізу – жауапкершілік. Өр айтылған сөз – адамның болмысын танытады. Сондықтан мектеп қабырғасында қалыптасқан тіл мәдениеті өмір бойы серік болады. Өз ойын сауатты жеткізе алатын жас – болашақта көшбасшы болуға, қоғамға пайдасын тигізуге қабілетті тұлға.

Қорыта айтқанда, оқушылардың өз ойын анық, дәл әрі көркем жеткізуі – олардың интеллектуалдық, коммуникативтік және шығармашылық дамуының негізі. Бұл дағды тек тіл сабағының мақсаты емес, жалпы білім беру жүйесінің стратегиялық бағыты болуы тиіс. Айқын ой – нық қадамның бастауы. Сөзі жүйелі, ойы терең ұрпақ – елдің ертеңгі тірегі. Сондықтан әрбір ұстаз бен ата-ана баланың сөз мәдениетіне ерекше мән беріп, оның ойын еркін әрі көркем жеткізуіне жағдай жасауы қажет.

Сөз қадірін түсінген ұрпақ – рухы биік ұрпақ. Ал рухы биік ұрпақ – болашақтың кепілі.



Балабақша — балалықтың алғашқы мектебі

Оспанова Жібек Әбиқызы

*Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы КМҚК
«Арай» бөбекжай - бақшасының тәрбиешісі*

Балабақша – баланың өміріндегі алғашқы қоғамдық орта, алғашқы шағын әлемі. Үйдің жылы ұясынан шығып, жаңа ортаға қадам басқан бүлдіршін үшін бұл мекеме тек тәрбие орны емес, тұлғалық қалыптасудың бастауы болып саналады. Дәл осы кезеңде бала айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауды, өз ойын жеткізуді, ортақ ережеге бағынуды үйренеді. Балабақша қабырғасында оның мінезі қалыптасып, қызығушылығы оянып, дүниетанымы кеңейе бастайды. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие – бүкіл білім беру жүйесінің іргетасы. Іргетасы мықты болған үй ғана биік әрі берік болатыны сияқты, балабақшадағы сапалы тәрбие де баланың болашақтағы табысының кепілі бола алады.

Мектепке дейінгі кезең – баланың ең сезімтал, ең қабылдағыш шағы. Осы уақытта оның сөйлеу қабілеті, ойлау жүйесі, есте сақтау және қиялдау дағдылары қарқынды дамиды. Балабақшадағы түрлі ойындар, шығармашылық тапсырмалар мен танымдық іс-әрекеттер баланың табиғи қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Әсіресе ойын арқылы оқыту әдісі тиімді нәтиже береді, өйткені бала үшін ойын – өмірдің өзі. Қарапайым құрастыру, сурет салу, ән айту немесе рөлдік ойындар арқылы бүлдіршін қоршаған ортаны танып, өзін сол ортаның бір бөлшегі ретінде сезіне бастайды. Бұл кезеңде алынған білім терең әрі ұзақ уақытқа сақталады, себебі ол мәжбүрлі жаттаудан емес, қызығушылықтан туындайды.

Балабақшадағы тәрбие тек білім берумен шектелмейді, ол – адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру алаңы. Бала достықты, сыйластықты, қамқорлықты дәл осы жерде іс жүзінде меңгереді. Ортақ ойыншықты бөлісу, кезек күту, өзгеге көмектесу сияқты қарапайым әрекеттер арқылы әлеуметтік дағдылар қалыптасады. Тәрбиеші әр баланың мінез ерекшелігін ескеріп, оны ұжыммен үйлесімді қарым-қатынас жасауға бағыттайды. Бұл болашақта мектепке бейімделуді жеңілдетеді. Ұжымдық ортада өскен бала өзін еркін ұстап, өз ойын ашық жеткізе алады. Сонымен қатар тәрбиеші үлгісі арқылы бала үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету мәдениетін бойына сіңіреді.

Қазіргі заманда балабақша бағдарламалары заман талабына сай жаңарып келеді. Инновациялық әдістер, дамытушы орталар, түрлі шығармашылық және зияткерлік бағыттағы жұмыстар енгізілуде. Баланың логикалық

ойлауын дамытуға арналған тапсырмалар, тіл дамыту сабақтары, қарапайым математика элементтері, жаратылыстану негіздері – барлығы мектепке дейінгі даярлықтың маңызды бөліктері. Сонымен бірге ұлттық құндылықтарды дәріптеу де назардан тыс қалмайды. Халық ертегілері, ұлттық ойындар, салт-дәстүрге байланысты іс-шаралар арқылы бала өз халқының мәдениетімен танысады. Бұл оның ұлттық болмысын қалыптастырып, тамырына деген құрметін арттырады.

Балабақша – баланың денсаулығын нығайтатын орта да болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі, таза ауадағы серуен, қимыл-қозғалыс ойындары мен жаттығулар баланың физикалық дамуына оң әсер етеді. Таңғы жаттығулар мен спорттық ойындар арқылы бүлдіршінің бұлшық еттері жетіліп, қозғалыс координациясы жақсарады. Сонымен қатар дұрыс тамақтану мен гигиена талаптарын сақтау да осы кезеңде үйретіледі. Баланың денсаулығы мықты болса, оның оқу мен шығармашылыққа деген қабілеті де жоғары болады. Сондықтан балабақшадағы дене тәрбиесі – жан-жақты дамудың маңызды құрамдас бөлігі.

Балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастық та ерекше маңызға ие. Тәрбие үдерісі тек мекеме ішінде ғана емес, үйде де жалғасуы тиіс. Ата-ана мен тәрбиеші бірлесіп әрекет еткенде ғана балаға берілетін тәрбие нәтижелі болады. Ашық есік күндері, ата-аналар жиналысы, бірлескен мерекелік іс-шаралар осы байланысты нығайтады. Мұндай өзара түсіністік баланың өзін қауіпсіз әрі сенімді сезінуіне ықпал етеді. Бала үшін ата-анасының балабақша өміріне қатысуы үлкен қолдау болып табылады. Бұл оның жауапкершілігін арттырып, ортаға бейімделуін жеңілдетеді.

Қорытындылай айтқанда, балабақша – баланың болашағына жол ашатын алғашқы баспалдақ. Дәл осы кезеңде оның жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасып, білімге деген алғашқы қызығушылығы оянады. Сапалы мектепке дейінгі тәрбие алған бала мектеп табалдырығын сенімді аттайды, жаңа ортаға тез бейімделеді және оқу үдерісінде белсенділік танытады. Сондықтан балабақшаға жай ғана бала күтімі орны ретінде емес, ұлт болашағын тәрбиелейтін маңызды әлеуметтік институт ретінде қарау қажет. Бүгін балабақшада тәрбиеленген саналы, дені сау, тәрбиелі бала – ертең елдің тірегі болатын азамат.



Ғылымға бастар баспалдақ: физика пәнінің маңызы

Байдаулетов Нурбек Батырқұлович
№2 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының
физика пәні мұғалімі

Физика – адамзат өркениетінің іргетасын қалаған іргелі ғылымдардың бірі. Мектеп қабырғасындағы физика пәні оқушыны тек формулалармен таныстырып қана қоймай, оны ғылыми ойлауға, дәлел мен дәйекке сүйенуге үйретеді. Табиғаттағы әрбір құбылыс белгілі бір заңдылыққа бағынады, ал сол заңдылықтарды түсіну – әлемді тереңірек танудың кілті. Сондықтан физика пәнін меңгеру – ғылымға бастар алғашқы баспалдақ. Бұл баспалдақтан сенімді өткен оқушы кез келген күрделі ұғымды талдап, жүйелі түрде ой қорыта алатын деңгейге жетеді.

Физика сабағының мазмұны оқушының жас ерекшелігіне сай кезең-кезеңімен күрделенеді. Алғашқы тақырыптарда механикалық қозғалыс, күш, масса, энергия сияқты негізгі ұғымдар қарастырылады. Бұл түсініктер баланың табиғатқа ғылыми көзқараспен қарауына негіз қалайды. Мысалы, дененің қозғалысын сипаттау арқылы оқушы уақыт пен кеңістіктің өзара байланысын ұғынады. Қарапайым бақылаудан басталған түсінік біртіндеп теориялық пайымдауға ұласады. Осылайша физика пәні баланың ойлау көкжиегін кеңейтеді.

Физика – тәжірибеге сүйенетін ғылым. Сондықтан мектептегі зертханалық жұмыстар пәннің өзегін құрайды. Оқушы өз қолымен тәжірибе жасап, өлшеу құралдарын пайдаланып, нәтижесін салыстырады. Мұндай әрекет дайын ақпаратты жаттаудан әлдеқайда тиімді. Тәжірибе арқылы алынған білім есте ұзақ сақталады және терең түсінік қалыптастырады. Оқушы физикалық заңның өмірде қалай көрініс табатынын көзімен көріп, қолымен ұстап сезінеді. Бұл – ғылыми танымның ең сенімді жолы.

Физика пәні математикалық дәлдікті талап етеді. Әрбір формула – белгілі бір заңдылықтың қысқаша жазылған көрінісі. Есеп шығару барысында оқушы берілген шамаларды талдап, дұрыс формуланы таңдап, логикалық жүйемен шешімге келеді. Мұндай жұмыс зейінділік пен табандылықты қажет етеді. Қате есептеу немесе ұсақ қателік бүкіл нәтижені өзгертіп жіберуі мүмкін. Сондықтан физика сабағы оқушыны ұқыптылыққа, жауапкершілікке

тәрбиелейді.

Жоғары сыныптарда физика мазмұны тереңдеп, электр және магнит құбылыстары, оптика, атомдық және ядролық физика бөлімдері қамтылады. Бұл тақырыптар қазіргі заманғы технологиялардың ғылыми негізін түсіндіреді. Электр энергиясының өндірілуі мен таралуы, байланыс құралдарының жұмысы, жарықтың табиғаты – барлығы физика заңдарына сүйенеді. Оқушы осы байланыстарды түсінгенде, мектептегі білімнің өмірмен тығыз байланысты екенін аңғарады. Бұл түсінік оның пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Физика пәнінің тәрбиелік маңызы да ерекше. Ғылыми әдіс – күмәндану, тексеру, дәлелдеу арқылы шындыққа жету жолы. Оқушы тәжірибеге сүйеніп қорытынды жасауды үйренгенде, ол өмірде де дәлелсіз пікірге ермей, саналы шешім қабылдауға дағдыланады. Сыни ойлау қабілеті қалыптасқан жас ұрпақ қоғам үшін аса маңызды. Физика осы қасиеттерді дамытатын тиімді құралдардың бірі болып табылады.

Физика мұғалімінің кәсіби шеберлігі пәннің сапалы меңгерілуіне тікелей әсер етеді. Күрделі ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіру, теорияны өмірлік мысалдармен байланыстыру, тәжірибені тиімді ұйымдастыру – үлкен жауапкершілік. Мұғалім оқушыны тек тыңдаушы емес, ізденуші ретінде қалыптастыруы тиіс. Сабақта қолданылатын заманауи технологиялар, интерактивті әдістер, цифрлық зертханалар оқу үдерісін жандандырып, пәнге деген қызығушылықты арттырады.

Қорытындылай келе, физика пәні – ғылым әлеміне бастар сенімді баспалдақ. Ол оқушыға табиғат заңдарын түсіндіріп қана қоймай, логикалық ойлауға, дәлдікке, жауапкершілікке үйретеді. Физиканы меңгерген оқушы қоршаған ортаға саналы көзқараспен қарап, кез келген құбылыстың себебін іздеуге ұмтылады. Бұл қасиет оны болашақта табысты маман әрі ойлы азамат болуға жетелейді. Сондықтан мектептегі физика пәнінің маңызы зор әрі оның орны ерекше.